МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН»
№13 "Гүлдер" бөбекжай
балабақша меңгерушісі:

_____М.А. Бибосынова.

МАД «Гүлдер» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті

Тексерілді:

Әдіскер: Тунгатарова Ш.

2021-2022 оқу жылы

МАДТ «Гүлдер» тобының 2021-2022 жылғы арналған

«Жас зерттеуші» вариативтік компоненті.

№	Тақырыптары.	Мақсат міндеттері.	Сағат саны.
Қыркүйек айы			
1	**Аквариумдағы балықтар**	Балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау; тілін, ойын дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	**1**
2	**Үй жануарларының төлдері (күшік)**	Балаларды аадмның қасында тіршілік ететін күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.	**1**
3	**Елімнің байлығы — тұз**	Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмірдегі рөлімен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	**1**
4	**Алтын күз**	Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу; күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	**1**
Қазан айы			
5	**Бау-бақшамыз — сәніміз!**	Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өсімдіктердің өсіп, өнуіне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғатта өзін ұстаудың қарапайым	**1**

		ережелері туралы білімдерін қалыптастыру; жеміс–жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту; қойылған сұраққа толық жауап беруге төселдіріп, сөйлеу мәдениетін дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	
6	**Ас атасы – нан**	Дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру; балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру; өлең, нақыл сөз, мақал 1- мәтел арқылы тіл байлығын дамыту; нанды қ1адірлеуге, қастерлеуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	**1**
7	**Жыл құстары**	Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; құстар туралы тақпақтар мен жұмбақ шешу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық қатынасқа, табиғатты сақтауға жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.	**1**
8	**Саңырауқұлақтар құпиясы**	Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы түсінік беру, балалардың күз туралы білімін қалыптастыру; күзгі табиғат ерекшеліктерін еске алу; балалардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру.	**1**
Қараша			
9	**Желдің күші**	Балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету; баланың ойда сақтау қабілетін, тіл байлығын, белсенділігін, шеберлігін дамыту; балаларды табиғатты қорғауға және жаңашылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.	**1**
10	**Жабайы аңдар**	Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту; жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін,	**1**

		тілін дамыту; балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдардың түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
11	**Сиқырлы магнит елінде**	Балаларды магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыру, заттарды бақылауды үйрету, білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; қоршаған ортаның құпиясын табуға және қорғауға тәрбиелеу; бірігіп жұмыс жасауға, бір-бірін құрметтеуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	**1**
12	**Ғажайып сыйлықтар**	Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, балалардың қағаз туралы түсініктерін бекіту, қағаздың қасиеттерімен таныстыру; балалардың ойлау қабілетін дамыту; білімге деген құштарлығын арттыру, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.	**1**
13	**Менің Отаным-Қазақстан. Еліміздің рәміздері**	Туған өлке туралы мәлімет беру, отбасында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту; туған жерінің табиғатын, қалаларын, өзендерін білуге жаттықтыру; суреттер бойынша сипаттау әңгімелерін құрастыруды үйрету; жай және күрделі сөйлемдерді қолдана алу біліктілігін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке, Отанын сүюге тәрбиелеу.	**1**
Желтоқсан			
14	**Көрікті шырша**	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру; сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін, тілін дамыту; өсімдіктер әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**1**
15	**Қысқы тіршілік**	Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге үйрету; қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту; табиғатты	**1**

		қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.	
16	**Туған өлкедегі қыс**	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгіліндегі жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы түсініктерін тиянақтау; адамның қысқы еңбегі туралы білімдерін бекіту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау.	**1**
17	**Ақ ұлпа қар**	Қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру; оның негізгі ерекшеліктерін нақтылай дәлелдей білуге үйрету; өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.	**1**
Қаңтар			
18	**Жабайы аңдар**	Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; аңдарды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.	**1**
19	**Қыстайтын құстар**	Балалардын қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру; ой-өрісін, дүниетанымын, көру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау; құстар әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**1**
20	**Менің мысығым**	Мысыққа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; мысықтың сыртқы түрі туралы білімін нақтылау; сөздік қорын байыту; тірі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оны қорғай білуге ынтасын тәрбиелеу.	**1**
Ақпан			
21	**Үйдегі тұрмыстық техника**	Адам көмекшілері туралы білімдерін	**1**

		кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру; балалардың назарына заттардың адам үшін қызмет ететіндігіне және заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету; техниканы адам жасап шығарғанын түсіндіру; үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	
22	**Кішкентай зерттеушілер**	Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру; баларадың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.	
23	**Дәрілік өсімдіктер**	Балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету, салауатты өмір салтын қалыптастыру; дәрілік шөптердің 1емдік қасиеттеріне тоқталу; көру, есте с1ақтау қабілеттерін дамыту; балаларды өсімдіктерді қорғай, аялай білуге тәрбиелеу.	**1**
24	**Құстар ұшып келгенде**	Балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін арттыру; құстарға қамқор болуға, қорғауға тәрбиелеу.	**1**
Наурыз			
25	**Сиқырлы су**	Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру; судың қасиеттерін бақылау жүргізу арқылы түсіндіру; сана-сезімін, ақыл-ойларын, зейінін көру, есту, қабылдау қабілеттерін дамыту; өлі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	**1**
26	**Ағаштан не жасайды?**	Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге,	**1**

		қасиетін түсінуге баулу; балаларға ұлттық ыдыстары туралы түсінік беру; тәжірибе арқылы ағаштардың қасиеттерін анықтау; балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің дамуына ықпал ету; балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	
27	**Зергерлік бұйымдар**	Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру, зергерлік бұйымдармен таныстыру;.сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; өнердің бәрі адам баласына қажет дүние екендігін түсініп, білуге тәрбиелеу.	**1**
		Сәуір	
28	**Жұлдыздар әлемі**	Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру; сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін, қызығушылығын арттыру; еңбекке деген құштарлығын ояту, үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.	**1**
29	**Жер — ортақ үйіміз!**	Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту; шығармашылығын дамыту; әлемнің мәдениеттерінің бай алуандығын құрметтеуге, қабылдауға және дұрыс түсінуге тәрбиелеу; достыққа тәрбиелеу.	**1**
30	**Тірі және өлі табиғат**	Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту; адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтау; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.	**1**
31	**Асқар таулар**	Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін бекіту, табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту; балалардың ойлау қабілеттерін	**1**

		дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.	
Мамыр			
32	**Бөлме өсімдіктері**	Балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру; балалардың қиялын, ой-өрісін, зейінін дамыту: ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	**1**
33	**«Қағаздың сыры»**	Балаларды қағаздың қасиеті қасиетімен таныстыру, қағаздың пайдасы мен зияны жайлы айтқызу. Балалардың қағаз сапасының әр түрлілігі туралы білімдерін кеңейту. (жұмсақ, жұқа, қатты жұмсақ) және құрамы (жыртылады, ұмаждалады, суланады) Майлық қағаз бен альбом қағаздың құрылымына қарай қолдану туралы балалардың түсінігін кеңейту. Балалардың танымдық белсенділігін, зерттеу жасауға қызығушылығын ояту.	**1**
34	**Құммен зерттеу жұмыстары және тәжерибе жүргізу**	1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру. 2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, қолдардың ұсақ моторикаларын дамыту. 3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым - қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру. 4. Қиялды, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік - логикалық ойлауды, көрнекі іс - әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс - әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу.	**1**
35	**Жаз мезгілінің ерекшеліктері**	Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру;	**1**

		есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.	

Аквариумдағы балықтар

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау; тілін, ойын дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "аквариум", "құю", "сарылдау", "сүзгіш" сөздерінің мағынасын ашу, "желбезек", "қабыршақ" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, балықтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, рефлексия, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аудиожазба, аквариум, балықтардың суреті, балықтардың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнежазба, дидактикалық ойынға арналған текшелер, балықтар, үстел бетіне төсенішті қолдану, сүзгіш, таза су, шүберек.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті балықтар, лупалар, практикалық жұмыста балаларға кигізетін алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Күндей жадырап".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Күндей жадырап,
Жұлдыздай жарқырап,
Судай мөлдір таза көңілмен,
Бүгінгі күнімізді бастайық.
Балалар бір-бірімен, педагогпен амандасып, шапалақтайды.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт.
Аудиожазба тыңдау.

Балалар жарты шеңберде отырады. Педагог балаларға су асты патшалығына саяхатқа баратындығын хабарлайды.
- Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, су астына түсе бастайық. Су салқын. Мен түрлі - түсті балықтарды көрдім. Теңіз түбінде өсімдіктер де өседі екен, сумен шайқалып, қозғалып, билеп тұрған тәрізді. Қайтадан судың бетіне қарай жүземіз.
Балалар көзін ашады.
Педагог су түбінен не көргендері жайлы сұрап, әр баланың ойын тыңдайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Су асты патшалығы" суреті бойынша жұмыс жүргізеді.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады. - Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс, дем алады. Желбезек арқылы балықтарға суда араласқан оттегі түседі. Жануарлар мен жәндіктер жерде және суда тіршілік етіп көбейсе, ал балықтар тек қана суда ғана тіршілік етіп көбейеді. Балықтардың 22000-нан астам түрі бар деп есептеледі.
- Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүкіл әлемнің теңіз және мұхитында жүзіп жүрген балықтарды бір жерде көзбен көру мүмкін бе? Балалар өз ойларын білдіреді.

2.4. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
- Дұрыс, аквариумда да балықтарды ұстауға болады.
- Балықтар қалай жүзеді? Балалар балықтардың қимылын көрсетеді.
- Ал сендер балық сияқты жүзуді үйренгілерін келе ме?
- Олай болса, орнымыздан тұрып, менімен бірге қайталаңдар!
Музыка ырғағымен қимылдарды көрсететі.

Жып – жылы таза суда,
Балық жүзіп ойнауда.
Біресе керіледі,
Біресе жиырылады.
Ал бірде құмға тығылады.
Сергіту сәтін 2 рет қайталауға болады.

2.5. Аквариумды көрсетеді.
Педагог балаларға табиғат бұрышына баруды ұсынады. Балалардың назарын топтағы аквариумға аударады

- Біздің топта да аквариум бар. Аквариумдағы балықтарды бақылайық.
- Балықтар аквариумда тіршілік етеді.
- Аквариумның түбінде не жатыр? Аквариумның түбінде құм мен тастар бар.
- Олар не үшін керек? Тығылу үшін.
- Өсімдіктер не үшін қажет? Оттегі шығарады.
- Аквариумдер балықтардың табиғи жағдайына сәйкес жабдықталады.Онда өсімдіктер де өсіріледі.Әдетте арнаулы құралмен аквариумге ауа да жіберіледі.Суы ауыстырылып тұру қажет. Өйткені балықтар ластанған суда тіршілік ете алмайды.
- Балалар, мен сендерді балықтардың үйін тазалауға шақырамын.

2.6. Практикалық жұмыс.
Керекті құралдар: сүзгіш, таза су, шүберек, алжапқыштар, қалпақтар. - Балалар, біздің топтағы аквариумды байқадыңдар ма? Ішіндегі суы ластанып кетті. Суын ауыстырайық. Маған көмектесесіңдер ме?
- Жұмыстың алдында алжапқыштарыңды және қалпақтарыңды киіп алыңдар.
Ересек балалар өздері кімнің қандай әрекет жасайтыны туралы келісіп алады.
Педагог нұсқау беріп отырады:
1. Балықтарды сүзгішпен аулап, таза ыдысқа салыңдар.
2. Аквариум ішіндегі кір суды төгіп, ішіндегі заттарды тазалаңдар.
3. Аквариум ішіне таза су құйып, балықтарды аквариумға жіберіңдер.
- Жарайсыңдар, балалар! Менің көмекшілерім қандай жақсы!
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады. Кезекшілер табиғат бұрышын реттейді.

2.7. "Балық аулау" дидактикалық ойыны (М.Монтессори технологиясы бойынша).
Педагог балаларды кілем үстіне шеңберге отырғызып, дидактикалық ойын ойнауды ұсынады. Бала санына қарай түрлі-түсті балықтар, екі текше дайындалады.
Ойынның мақсаты: заттарды екі белгі бойынша (түсі мен пішіні) талдау іскерлігін меңгеру.
Керекті құралдар: түрлі-түсті балықтар, екі текше.

Ойын барысы:
Санамақ арқылы бір бала таңдалады.
- Балалар, шағала деген құсты кім біледі?
- Иә, ол теңіздер мен мұхиттерді жағалайтын құс.
- Шағала немен қоректенеді?
- Жарайсыңдар: балықтарды аулайды. Санамақ. "Шағала".

Нұрлан Қалқа.
- Ау, шағала, шағала,
Қадіріңді бағала.
Күл-қоқысқа қарама,
Өзен-көлді жағала.
- Ау, шағала, шағала,
Келе бермей қалаға,
Алыстарға самға да,
Мұхиттарды жағала.

Ол бала текшелерді лақтырады. Бір ойыншы текшелерді тастайды. Барлық ойыншылар текшелер көрсеткен балықты тез алуға тырысады. Мысалы, егер бір текше қызыл түсті көрсетсе, ал екінші шеңберді, шеңбері бар қызыл балықты "ұстау" керек. Балықты "ұстап алған" ойыншы оны өзіне алады. Кім көп балық жинайды, сол бала женімпаз болады.
Педагог ойынның қорытындысын жасап, балаларды мадақтайды. Ойын 2 рет қайталанады.

2.8. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларды үстел басына отырғызып, лупаларды алуды ұсынады. Және де алдарына қара қағаз қойылады.
- Балықтар неше жаста екенін анықтап көрейік.
- Оны қалай анықтайды білесіңдер ме? Ол үшін тәжірибе жасап көрейік.
Керекті құралдар: балық қабықшалары, лупалар, қара қағаз А4 форматта.

Барысы:
- Тәжірибеде балық қабықшаларын қолданамыз. Оны қара қағазға саламыз да, лупамен үстінен қараймыз. Оның үстінде ақ дөңгелектер бар, осы ашық дөңгелектерді санаймыз.
- Осы ашық дөңгелектер балықтың нешеде екенін көрсетеді. Әр дөңгелек бір жылды көрсетеді. Әр балық дөңгелектері көлеміне, түсіне қарай әртүрлі болады.
- Міне, осылай балықтың жасын анықтауға болады.
Педагог құралдарды жинауға кезекшілерді тағайындайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Балықтар, аквариум туралы.
- Балықтар қайда тіршілік етеді? Өзенде, көлде, мұхитта.
- Балықтың үйі не екен? Аквариум.
- Аквариум неден жасалған? Шыныдан жасалған.
- Балық немен қоректенеді? Жеммен қоректенеді.
- Аквариумдағы суды неге тазалау керек? Балықтардың тіршілік етуі үшін.
- Тапсырмаларды орындау барысында қандай қиыншылықтар пайда болды?
- Табиғат бұрышындағы балықтарды күтуіміз керек, суын ауыстырып, жем беріп тұруымыз керек.

- Бүгін сендердің бірлесе жасаған әрекеттеріңнің нәтижесі – таза және ұқыпты тазаланған аквариум болып шықты. Қараңдаршы, балықтар одан арман еркін шалқып жүзіп жүр. Сендерге ризамын!
"Еңбек түбі - береке" дегендей, сендер бүгін жақсы еңбектендіңдер!

Рефлексия "Үлкен және кіші балықтар".
Педагог балаларға өз көңіл-күйлеріне байланысты балықтарды таңдауды ұсынады.
Балалар қайтадан аквариумдағы балықтардың қимылдарын еркін отырып, бақылайды.

«Үй жануарларының төлдері» (Күшік)

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды аадмның қасында тіршілік ететін күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "үйшік", "қыңсылап" сөздерінің мағынасын ашу, "күшік", "үрді" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, сұхбат, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аудиожазба, ойыншық күшік, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, ертегі мазмұны бойынша суерттер, күшіктің суреттері, слайд "Сен білесің бе?", " Иттер туралы".

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Отбасының гүліміз".

Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, қолдарыңды бір-біріңнің иықтарыңа қойып, екі жаққа шайқалып көріңдерші.
Балалар қимылды орындайды.
– Қасыңда тұрған адамның иығының қолдауын сездіңдер ме?
– Әрқайсысымыз достарымыздың сенімді иығын сезіндік. Отбасында да әрбір адамға туыстары осылай сүйеу, қуат болады, бірін-бірі жақсы көреді.
Бәріміз бірге мына сөздерді айтайық:
Отбасының гүліміз,
Көңілді өтер күніміз.
«Қайырлы таң!» деп айтамыз,
Бір болып, кеште қайтамыз.
Балалар бір-бірімен, педагогпен амандасады.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт.

Аудиожазба тыңдау.

Осы кезде қыңсылаған күшіктің дауысы естіледі.
- Бір дауыс шығатын сияқты, ненің дауысы болды екен.
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын:
Адамға серік,
Күзетке берік.
-Бұл не? Ит.
- Ит қандай жануар? Үй жануары.
- Неге? Өйткені ол үйде, адамның қасында өмір сүреді.
- Иттің баласы не?
- Дұрыс, күшік.
Педагог топқа ойыншық күшікті алып келеді.
- Ой, балалар, қараңдаршы мынау кішкентай күшік қой. Анасынан адасып қалған сияқты, өзі тоңып қалыпты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет көрсету.

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады.
Педагог күшікті балаларға көрсетіп, күшік туралы әңгімелеседі. Балалар күшікті кезек-кезек қолға алып сипаттайды.
- Күшіктің жүні қандай? Жұмсақ.
- Күшіктің несі бар? Аяқтары, басы, мұрны, құлақтары бар.

- Күшік немен тамақтанады? Күшік кішкене кезінде сүтпен қоректенеді, өскеннен кейін сүйекті жақсы көреді.
- Бұл кішкентай сүйкімді күшік. Қандай әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, қара мен ақ араласқан, табандарыда жұмсақ.
- Қане, балалар, бұл күшіктің атын білмейміз. Ендеше ат қоямыз. - Не болсын? Төсі ақ, Ақтөс болсын ба? Әлде табаны ақ, Ақтабан болсын ба? Балалар өз ойларын айтады.
- Балалар, бұл күшік үйінен адасып шығып кеткен, қарны ашқан болу керек, тамақтандырайық, сүт берейік. Күшігіміз сүтке тойып алды.
Балалар күшікті тамақтандырып, онымен ойнайды. Содан соң себетке отырғызады.

2.2. Көркемсөз.
Күшік туралы тақпақтар айту.
Мен күшікпін, ақ күшік,
Қырағыда, сақ күшік.
Түні бойы жатпаймын,
Қоралы малды сақтаймын.

Күшігім менің үріп тұр,
Бір нәрсені сезіп тұр.
Есікті ашып қарасам,
Атам, әжем келіп тұр.

Танауы тырналып, ісіпті,
Сонда да, қуады мысықты.
Адамның сенімді серігі,
Біл, иттің баласы - күшікті.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.3. Ертегі сахналау.
Педагог балалармен бірге ертегіні сахналайды. Балалар өздері келісіп, кім қандай рөлді сомдайтынын педагогқа айтады.
- Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтайық. "Баяғыда кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың оншақты қойы болыпты. Қой бағып күндерін көреді екен. Бір күні қойға қасқыр шауыпты.Түнде келіп бір қойын жеп кетіпті. Кемпір мен шал «не істейміз» деп уайымға батыпты. Ойланып отырғанда үйдің қасынан бір ит өтіп бара жатады. Шал иттен ақыл сұрайды.
Ит: «Олай болса, қойларыңды мен күзетіп көрейін»,- дейді.
Түнде иттің ырылдаған дауысынан кемпір мен шал далаға шығады. Қараса қойларға келген қасқырды ит сезіп, үріп жатыр екен.

Содан бастап қойларына қасқыр жоламайтын болыпты. Кемпір мен шал итке рахметін айтып: «Сен бізбен бірге тұр, біз саған жылы үйшік жасап берейік»,- дейді.
Ит: "Жарайды, мен онда қойларың мен үйіңді күзетейін",- дейді. Ит осылай ерлік жасап, адамға дос болыпты.
- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?
- Ертегіде кімдер туралы айтылған? Кемпір, шал, ит, қасқыр.
- Ит адамдарға қандай көмек жасады?
- Итті неге үй жануары деп атайды?
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады. Балалар сергіту жаттығуының сөздерімен бірге қимылдар жасайды.

Иттер сияқты жүреміз (балалар аяқтарын жоғары көтеріп, секіреді),
Командаларды орындаймыз (тоқтайды),
Отыр - тұр, отыр - тұр (отырады, тұрады),
Шеңбер бойымен жүгіреміз (жүгіреді).
Сергіту сәтін 2 рет қайталауға болады.

2.5. Бейнежазбаны көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Бейнежазбадан нелерді көріп тұрсыңдар?
- Ит пен күшіктер не істейді?
- Ит ашуланса, қайтеді?
- Бірдеңені сезіп қалса не істейді?
- Ит пен күшік қалай демалып жатыр? Оларға да адамдар сияқты жылы орын керек.
- Қалай ойлайсыңдар, ит пен күшікке не үшін үйшік керек?
- Иттің адамдарға қандай пайдасы бар?
- Ит - адамның досы. Ол біздің үйімізді, ауламызды күзетеді.
Балалар өз ойларын айтады.

2.6. Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны
Танграм әдісін пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды ұсынады.

Ойынның мақсаты: бұл ойын балалардың түстер мен формаларды қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Әр бала тапсырмаларды орындау логикасын бөліктен бастап, бүтінге дейін меңгереді.
Барысы: Балалар түрлі-түсті блоктардан күшік пен олардың үйшіктерін құрастырады.
- Қандай түсті пішіндерді таңдадыңдар?

- Нені құрастырдыңдар?
- Тапсырманы орындау барысында қандай қиыншылықтар туындады?
- Ойын сендерге ұнады ма?
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.7. "Сен білесің бе? Иттер туралы" слайд көрсету.
Педагог балаларға слайд арқылы иттер туралы таңғажайып мәлімет айтады.

- Иттер 250-ге дейін сөзді және ым-ишараны түсінеді және беске дейін есептеп, қарапайым математикалық мәселелерді шеше алады. Интеллектуалды түрде олар екі жастағы баланың деңгейінде.
- Иттер құшақтағанды ұнатпайды! Олар үшін бұл – басымдықтың белгісі. Сондықтан, итті құшақтай берудің доғарған жөн!

- Иістің қайдан шығып тұрғанын анықтау үшін иттің мұрны дымқыл болуы керек.
- Шын мәнінде, иттер ішеді. Тілін қасық тәрізді қайырып, жоғарыға емес, төменге қайырып ішеді.

- Күшікте 28 тіс, ал ересек иттерде – 42 тіс болады.
- Тәттілер туралы айтатын болсақ, шоколад иттер үшін қауіпті.

- Иттер көлік жүргізуді де үйренген.
- Естеріңізде болсын, иттің ойынша сіз топтың көшбасшысыз.
- Иттер адамдар сияқты жылдам тамақтанғанда немесе ішкенде ықылықтайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге қонаққа не келді? Қонаққа күшік келді.
- Күшік ненің баласы? Иттің баласы.
- Итті неге адамның досы дейді?
- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Не ұнады?
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Иттің адамға тигізер пайдасының орасан зор екеніне көзіміз де жетті.
Сондықтан итті асырауда қамқорлық жасаңдар, ол жеті қазынаның бірі дегім келеді. Ит - адамның досы, адал серігі.
- Ит туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме?
Жақсы ит – малға серік.
Ит асыра сырттаннан – қой бермейді қорадан.
Иесін сыйласаң – итіне сүйек сал.
Ит адамның құлағы.
Түлкі алған итте сын жоқ.

«Елімнің байлығы - тұз»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмірдегі рөлімен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "ащы", "тұщы","өнім", "йодталған", "қамыр" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, сюжеттік суреттер, тәжірибені бейнелейтін суреттер, тұздың суреттері, тұзды қамырдан дайындаған бұйымдар, шыны ыдыстар, су, тұз, дәрігерлік резин қолғап.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тұз салынған қобдишалар, шыны ыдыстар, қасықтар, шикі жұмыртқа, алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Армысың, Аспан арайлы!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Балалар, қараңдаршы, бүгін күн қандай тамаша! Күн бізге жылуын шашып, жақсы көңіл-күй сыйлайды. Бір-бірімізбен, достарымызбен амандасайық! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын!
Армысың, Аспан арайлы!
Армысың, күннің шуағы!
Қасиетті Жер ана
Бесік боп тербеп тұрады.
Армысың, жан досым! деп балалар достарымен құшақтасады.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Педагог "Ас бөлмесінің зертханасына" саяхатқа шығуды ұсынады.
- Балалар, бізді "Ас бөлмесінің зертханасына" зертханасында жұмыс жасайтын профессор шақырады.
- Барғыларың келе ме?
- Зертханада не істейтінімізді білу үшін жұмбақты шешіп көрейік:
Онсыз астың дәмі жоқ.
Ассыз оның мәні жоқ.
- Бұл не, балалар? Тұз.
Тұздың суретін көрсетеді.
- Тұздың түсі қандай? Тұздың түсі ақ.
- Тұз не үшін қажет? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Бүгін біз тұздың қасиеттерімен танысамыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Қазақстанда тұзды өндіру кәсібімен танысқыларың келе ме?
- Олай болса, бейнежазбаға назар аударайық.
- Қазақта "дәм-тұзың таусылмасын" деген сөз не үшін айтылды?
- Тұздың пайдасы мен зияны қандай?
- Неше мың жыл бұрын өмір сүрген ғұн, түркі бабаларымыз тұзды тастамай ала жүрген. Тіптен, Шыңғысханның сардарлар мен сарбаздарының қалтасында тұз жүретіні аңыз болып айтылады.
- Тұз - адамдар таза түрде қолданатын жалғыз минералды зат. Тұз - азық-түлік өнімі. Адам тұзсыз өмір сүре алмайды. Оны теңізден де жерден де өндіреді, отжалынымен өңдейді, тағамдарды дайындағанда және ұзақ уақыт сақтағанда пайдаланады. Сонымен қатар оны емделу кезінде қолданады. Тұздың көптеген түрлері бар: теңіз тұзы, йодталған ас тұзы, көгілдір тұз, қара тұз, тасты тұз.
- Қазақта "тұзды шашуға болмайды" деген ырым бар. Тұз төгілсе, ырыс кемиді деп сенеді. Кей жерлерде тұз төгілсе, оның үстіне қант себеді. Онысы тұзым қатты болмасын, тәтті болсын деген ниеттен туған екен.
- Ендеше тұздың не кереметі, қандай пайдасы бар екенін білу үшін зертханада барып, тәжірибе жасайық.

2.2. Тәжірибелік әрекет.
Керекті құралдар: алжапқыштар, қалпақтар, қолғаптар, тұз салынған қобдишалар, шыны ыдыстар, қасықтар, шикі жұмыртқа.
- Балалар, тәжірибе жасамастан бұрын бәріміз алжапқыш, қалпақ, қолымызға қолғаптарды киіп алайық.
- Зертханада жұмыс жасаған кезде қауіпсіздікті сақтауымыз керек.
Қауіпсіздік шараларын ұсынады. Балалар қайталайды.
Тәжірибе № 1. «Қобдишадағы тұз»
Барысы: Балалар үстел үстіндегі қобдиша ішіндегі тұзды ұстап қарайды. Қасықпен алып, келесі ыдысқа салады.
Қорытынды: Тұз қандай? Тұз құрғақ, ұнтақ, сусымалы болады.
Тәжірибе № 2. «Тұз қайда?»
Барысы: Су құйылған ыдысқа тұз саламыз. Алдымен бақылап қараймыз. Тұз ыдыс түбінде. Енді қасықпен былғаймыз.
Қорытынды: Не өзгерді? Тұз қайда? Тұз тез ерігіш зат, суға салып былғағанда еріп кетті.
Тәжірибе № 3. «Сиқырлы жұмыртқа»
Барысы: Бір ыдысқа таза су, ал екінші ыдысқа тұзды су құйылған. Екі шикі жұмыртқаны алып ыдыстарға салу. Тұздалған судағы жұмыртқа қалқып тұрады, ал таза судағы жұмыртқа батып кетеді.
Қорытынды: Тұзды суда ештеңе батпайды.
Педагог балалардың жұмыс істеу кезінде қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттеп жүреді.
Балалар тәжірибе қорытындысын айтады.

2.3. "Тұздың пайдасы" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады. Балалар белсене қатысады.
Керекті құралдар: қап, тұз.
Барысы: Адамға тұз қажет. Тұзсыз адам өмір сүре алмайды.
- Мына қапта не бар деп ойлайсыңдар? Ұстап көріңдер. Тұз.
- Оны қайдан білдіңдер? Балалар өз ойларын айтады.
- Бұл қапты достарыңа беріп, тұздың пайдасын айтамыз: көкөністерді тұздау, тамаққа салу, көктемде жолдарды тұзбен себу, салат тұздау, саңырауқұлақтарды тұздау, тамаққа компрессор жасау, ауырған кезде тамақты шаю үшін
Балалар тағы да басқа жауап айтуы мүмкін. Педагог қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттейді.
- Тұздың тағы қандай пайдасы бар? Тұздан қамыр илеп, әдемі мүсіндер жасауға болады.

2.4. Шығармашылық әрекет.
Тұзды қамыр илеу. Қамырдан мүсіндер жасау.
Керекті құралдар: ұн, таза су, тұз, бұйымдар.

- Ертеде тұзды қамырдан дайындалған бұйымдар (ойыншықтар, адамдар, жан-жануарлар) тұмар ретінде пайдаланған. Ал, мұсылман халықтарында нәрестенің бесігіне көз тимесін, жаман күштерден қорғап тұрсын деп тұзды қамырдан пісірілген күлше нан ілінген және жастығының астына қойылған (ұйқысы тыныш болсын деп).
- Қамырды неден илейді?
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақтар жасырамын:
Өзі қызыл, бауырында бар
Жалғыз сызық.
Бұған жұрттың
Бәрі де ынтық. (бидай)

Өзі ащы, бірақ дәмді етер асты. (тұз)

Жылт-жылт етеді,
Жылғадан өтеді. (су)

- Тұзды қамыр дайындау үшін тұз, ұн, су қажет. Оны алдын ала дайындап қоюға болады, бірнеше күн тоңазытқышта сақтауға болады.
Педагог қамырды илеу әдісін көрсетеді. Дайын қамырды ұсынады.
- Қазір біз ойыншықтар жасаймыз. Тұзды қамырды әр балаға таратып беріп, оны оқтаумен жайып, алдарындағы пішіндермен бастыртады.
Педагог ойыншықтар көрмесін ұйымдастырады. Жұмыстарына баға береді. Балалар өздеріне ұнаған ойыншықтар туралы әңгімелейді.

2.5. "Тұздалған - тұздалмаған" дидактикалық ойыны.
Педагог балалармен күз мезгілі туралы әңгімелеседі. Күз кезіндегі адамдардың тіршілігі туралы айтады.
Керекті құралдар: банан, қырыққабат, кәмпит, қияр, таңқурай, қызанақ, құлпынай, алмұрт, саңырауқұлақтар, шырын, апельсин, нан, ірімшік, мандарин, балық, жұмыртқа.
Барысы:
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі.
- Күзде бау-бақшада не піседі? Жемістер мен көкөністер.
Балаларға тұздауға болатын, болмайтын өнімдерді ұсынады. Балалар бір себетке тұздалған, екінші себетке тұздалмаған тағамдарды бөліп салады. Балалар тағамдарды сиппатайды.
Педагог тапсырма орындау барысында қосымша сұрақтар қояды.

2.6. Мақал-мәтел айту.
Педагог балаларға тұз туралы мақал-мәтел айтады, жаттайды.
- Қазақ халқында тұзға байланысты көптеген ырымдар бар. Мысалы, "Еңбегі – еш, тұзы-сор", "Қызды сөкпе, тұзды төкпе", "Нан мен тұз атсын", "Татар дәм - тұзымыз таусылмаса екен".
- Қазақта тұзды төгіп қойсаң, өмірің ащы болады, тұзды тегін берсең, ұрыс–

керіске тап боласың, деген ырым–тыйымдар бар.
- Сондай–ақ, көне көз апаларымыз тұзды иығынан үш рет асырып сермесең, барлық аурулар мен жамандықтан аулақ боласың деп жатады.Тұзды сатып беру деген қазақтың ырымында бар ғой негізі. Қойды қант беріп, тұз беріп шақыруға болмайды, ол жаман нәрсе.
Тұзсыз тамақ піссе де,
Тұздықсыз тамақ піспейді.
Қызды сөкпе,
Тұзды төкпе.
Тату болсаң балдай бол,
Ащы болсаң тұздай бол.
Тұзсыз нан – күшсіз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі тәжірибелер сендерге ұнады ма?
- Неге? Балалар өз ойларын айтады.
- Қандай тәжірибе ұнады? Неге?
- Тәжірибе жасау кезінде қиыншылықтар туындады ма?
- Қандай?
- Тұз туралы не білдік? Тұз – ол тағамға қосатын, дәм беретін «ащы зат».
- Тұзды қалай өндіреді?
- Тұзды қайда пайдаланады? Тамаққа салады, тұздайды.
- Тұз пайдалы ма, әлде зиян ба? Тұз – тағам емес. Тұзды адам мүшелері қорыта алмайды, құрамында пайдалы витаминдер жоқ. Бүйрекке, көк бауырға, жүрекке, қан тамырларына, адам терілеріне орасан зор зиян келтіреді. Көп мөлшерде қабылданған тұз, жүрегіңізге у болып жабысады, нерв жүйесі тозады, сырқырама ауруға шалдығасыз.
Тұз туралы мақал-мәтел айтуды ұсынады.

«Алтын күз»

Оқу қызметінің мақсаты

Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу; күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "күз", "жапырақтар", "жаңбыр", "гербарий", "салқын", "құрайды", "сарғаяды" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, жапырақтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын, "ассоциация" әдісі.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, жаңбырдың суреті, бұлттың суреті, қолшатырдың суреті, бау-бақшаның суреті, күздің пейзажы, сарғайған жапырақтың суреті, себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Күннің нұрын көреміз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына

шеңбер құрып тұрады. Музыка ырғағымен балалар сөздерді бірге қайталайды.
- Балалар, ұйқыдан оянғанда даладан нені көресіңдер?
- Күнді, күннің нұрын көреміз.
- Күннің нұрын көргенде қалай қуанасыңдар?
- Алақай! - деп қуанамыз.
- Далаға шыққанда жоғарыдан нені көреміз?
- Жоғарыдан аспанды, бұлтты, күнді көреміз.
- Төменнен нені көреміз?
- Ағашты, үйді, жерді көреміз.
- Қасымызда кімдер бар?
- Достарымыз!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Жұмбақ-өлең айту.
- Балалар, мен жұмбақ - өлең оқимын, мұқият тыңдап, не туралы екенін айтып беріңдер:
Шөп сарғайып,
Өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бай жаза алмай,
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Айтыңдаршы, бөбектерім,
Бұл қай кезде болады?
Қай мезгіл, кім айтады?
- Күз мезгілі.
Педагог күзгі табиғатты тамашалауға шақырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазбаны көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Күн суытады. Жаңбыр жауады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түседі.
- Күзде балабақша ауласындағы жапырақтар, гүлдер қандай күйде болады? Жапырақтар сарғаяды.
- Күз мезгілін неге алтын күз дейміз? Айнала сап-сары болады.
- Құстар қай жаққа ұшып барады? Құстар жылы жаққа ұшады.
- Күзде жаз мезгіліндей күн ыстық болмайды, күн суытады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұша бастайды. Адамдар жылы киінеді.

2.2. Педагог балаларға "ассоциация" әдісі бойынша күзді сиппатауға ұсынады.

Тақтаға күздің пейзажы ілініп тұрады.

Керекті құралдар: төрт жыл мезгілдерінің ерекшеліктері.

Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады, соның барлығы сол сөздің жан-жағына қойылады. Мысалы: жаңбырдың суреті, бұлттың суреті, қолшатырдың суреті, сарғайған жапырақтың суреті, бау-бақшаның суреті.

Әр бала өз ойын білдіреді. Дұрыс жауапты табады. Педагог балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.

2.3. Ғажайып сәт.

Аудиожазбаны тыңдау.Педагог балаларға себетті көрсетеді.

- Жел соғып, тобымызға не ұшып келді?
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын:

Ағайынды бәрі,
Шықса жасыл,
Түссе сары. Жапырақтар.

- Барлық ағаштардың түстері өзгерді ме? Жоқ, кейбіреулер әлі жасыл.
- Қай ағаш бірінші болып сарғаяды? Ең бірінші аққайың ағашы сарғаяды.
- Қай ағаштың жапырақтары әлі жасыл? Қарағай ағаштың жапырақтары әлі жасыл.

Себеттегі жапырақтарды жерге шашады.

2.4. Саусақ жаттығуы.

Жапырақтарды жинамас бұрын тұрып, саусақ жаттығуын жасауды ұсынады.

- Жапырақтар сияқты болғыларың келе ме?

Алтын сары, қызыл, көк, (саусақтарын санау)
Алуан-алуан жапырақ. (қолдарын жоғары көтеріп, дөңгелек жасау)
Күзгі бақта күлімдеп, (жүздерінде күлкі)
Көз тартады атырап. (қолдарын маңдайына сүйеп, айналып қарау)
Ой, алақай, тамаша, (аяғымен секіріп, қол шапалақтау)
Шашу шашты жапырақ. (қолдарымен шашу- шашу)

- Жерде нелер жатыр?
- Жапырақтардың түсі қандай?
- Жапырақтар неліктен көктемде шығып, күзде түседі?

Күзде өсімдік жапырақтары өзінің жарқын жасыл түсін жоғалтады. Мысалы, теректің жапырақтары алтын түске өзгерсе, үйеңкі ағашы қызыл түске бояла түседі. Жапырақтардың құрамында химиялық құбылыс пайда болады, яғни хлорофил өзгеріске ұшырайды. Күз келісімен өсімдіктер қысқа дайындығын бастайды. Қоректік заттар жапырақтардан бұтаққа, діңі мен тамырына баяу жылжиды да, қатал суыққа төтеп бере алатындай қор жинайды. Көктемнің келуімен өсімдіктер жаңа жасыл жапырақтардың пайда болуы үшін қорда жинақталған энергияны пайдаланады.

Педагог жапырақтарды жинауға ұсынады.

2.5. Көркем сөз.
Педагог балаларға күз туралы тақпақтарды айтуды ұсынады.
Мұзафар Әлімбаевтің "Күз келді" өлеңі.
Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.
Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда
Трактор қырда.
Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.
- Ақын күзді қалай бейнелеген? Балалар өз ойларын айтады.

2.6. Жапырақтарды бақылау.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырып, балаларға үйеңкі, емен, аққайын ағаштарының жапырақтарын бақылауға ұсынады.
Керекті құралдар: үйеңкі, емен, аққайын ағаштарының жапырақтары.
- Ағаштар үшін жапырақтың түсуі маңызды ма? Ағаштар қысқа дайындалады.
- Егер жапырақтар күзде түспесе, не болар еді? Жапырақтар қыста қатады, қар түскенде бұтақтарға ауыр болады, олар сынады.
- Ағаштар жапырақтың түсуімен де өліп қала ма? Жоқ, ағаштар өлмейді, қыс бойы тұрады, көктемде қайтадан бүршік жарып, жапырақ шығады.

2.7. Әңгімелесу.
Аудиожазба тыңдау.

- Балалар, бұл ненің дауысы? Жаңбырдың дауысы.
- Балалар, енді мен сендерге жұмбақ жасырайын, шеше аласыңдар ма?
Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың. Жаңбыр.
- Жаңбыр қайдан пайда болады? Балалар өз ойларын айтады.
- Көл, мұхит, өзен, қол сулары күн көзі жылуынан буға айналып, жаңбыр болып жауады екен. Жаңбырдың пайдасы көп. Жаңбыр көп жауса - жер көгереді, астық мол болады. Жаңбыр жауғанына байланысты қатты жауған жауынды нөсер дейді. Күн ашық тұрып жауған жаңбырды өткенші дейді. Жазда жауған жаңбыр жылы жаңбыр. Суық күндері күзде жауатын жаңбырды салқын жаңбыр дейді. Жауын жауғанда аспанда найзағай ойнайды.

2.8. Нүктелі уқалау.
Педагог балаларды шеңберге шақырады.
- Балалар, бір-бірімізге нүктелі уқалау жасайық. Деніміз сау, бұлшық еттеріміз мықты болу үшін жасаймыз.

Жел соқты, жел қатты-қатты соқты,
Жаңбыр жауды, жаңбыр қатты-қатты жауды,
Күн шықты, күн шықты,
Жел тына қалды.
Балалар 2 рет қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Алтын күз туралы.
- Күздің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Жапырақтар неге сарғаяды? Балалардың жауаптары.
Оқу қызметін қорытындылау ретінде "Сөйлемді жалғастыр" ойыны ойнатылады:
- Күзде жапырақтар… (сарғаяды)
- Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)
- Күзде құстар…(жылы жаққа ұшады)
- Күзде түн…(ұзарады)
- Күн…(қысқарады)
- Күзде жеміс-жидек… (піседі)

Рефлексия "Қызыл және сары жапырақтар".
- Бүгінгі оқу қызметінде көңіл-күйлерін жақсы болса, сары жапырақты таңдап, ағашқа іліңдер. Егер көңіл-күйлерін болмаса, қызыл жапырақты таңдап, ағашқа іліңдер.

«Бау бақшамыз-сәніміз»

Оқу қызметінің мақсаты

Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өсімдіктердің өсіп, өнуіне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру; жеміс–жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту; қойылған сұраққа толық жауап беруге төселдіріп, сөйлеу мәдениетін дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "бау-бақша", "жемістер", "иіс", "жер жырту", "еңбектену" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазба көрсету, көркем сөз, жеміс–жидектер мен көкөністерді зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, жеміс пен көкөністердің суреттері, бау-бақшаның суреті, күздің пейзажы, себет, ағаш, шырындар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

бала санына қарай стақандар, алжапқыштар, қалпақтар, сары, қызыл жапырақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қуаныш шеңбері:
- Балалар, сендерді көргеніме өте қуаныштымын.
Бүгінгі күнімізді бір-бірімізге жылы сөз айтудан бастайықшы.
- Көңіл–күйлерін қандай?
- Ендеше, осы көңіл-күймен оқу қызметімізді бастайық.
- Балалар, біз көңілді саяхатқа шығайық. Бақшада бізді Бағбан атамыз тосып отыр.
- Саяхатқа немен барғыларын келеді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Мен жасырған жұмбақтың шешуін тапсаңдар, сол көлікпен саяхатқа шығамыз.
Бір керуен қатарында өңшең түйе,
Аузынан жалын шығар қара күйе,
Жүрмейді ұрса-дағы басқалары,
Бәріне жалғыз бура болған ие.
- Пойыз.
- Олай болса, пойызға отырыңдар!
Аудиожазбаны тыңдау.

1.2. Балалар орындықтарға отырып, өлең жолдарын қайталайды.
Қатар, қатар тұрайық,
Кәне, кәне сұрайық,
Кімнің болса бойы ұзын-
Паровозы ол пойыздың.
Ал,паровоз, баста алға
Бәрімізді басқара.
Пыш-пыш, пыш-пыш біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.
Ал, кәне, балалар, тоқтайық,
Пыш – ш-ш-ш-ш,
Енді пойыздан түсейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог бақшаға келгендерін хабарлайды.
- Біз міне бау–бақшаға да келіп қалдық.
- Қане пойыздан түсейік.
- Балалар, сендерге бақша ұнады ма? Не ұнады? Бау - бақша қандай әдемі. Айналаның бәрі сап – сары. Жерге сары кілем төселіпті. Күзгі бау-бақшаның сұлулығын қараңдаршы, неткен әдемі, неткен ғажап.
Сол сәтте алдарынан Бағбан ата кездеседі.

Бағбан ата:
- Сәлеметсіңдер ме, балаларым! Сендердің келгендерің қандай жақсы болды. Сендер маған жемістер мен көкөністер жинауға көмектесесіңдер ме? Балалар

көмектесуге дайын екенін айтады.

2.2. «Жемістер мен көкөністерді жинау» дидактикалық ойыны.
Мақсаты: балаларды жемістер мен көкөністерді салыстыруға, ажыратып, топтай білуге үйрету.
Керекті құралдар: жемістер мен көкөністердің муляждары, себет, ағаш.
Барысы:
Балаларға себет беріледі. Және ағаш тұрады. Себетке көкөністерді салу керек, ал жемістерді ағашқа ілу керек. Балалар өздері келісіп, 2 командаға тең бөлінеді.
Педагог қосымша тапсырмалар береді:
1. Жеміс пен көкөністі сипаттау.

2. Сорпа, шырын, тосап, салатты неден әзірлеуге болады?

Бағбан ата:
- Рахмет, балалар. Сендер маған үлкен көмек бердіңдер. Жеміс пен көкөністерді ажырата аласыңдар.
- Ал жұмбақтар шеше аласыңдар ма? Онда мұқият тыңдаңдар.

2.3. Жұмбақ жасыру.
Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады.
Ол не? Пияз.
Пияздың суретін көрсету.
- Пияз қайда өседі?
- Оның дәмі қандай?
- Пішіні қандай?
- Пиязды аурудың алдын алу үшін пайдаланады.
Жаздай інге тығылған,
Жатқан қызыл түлкіні.
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні.
Бұл не? Сәбіз.
Сәбіздың суретін көрсету.

- Сәбіздің де құрамында көптеген дәрумендер бар.
Тігіп алып көк шатыр,
Қызылкүрең доп жатыр.
Ол не? Қызылша.
Сәбіздың суретін көрсету.

- Қызылшаның да құрамында дәрумендер көп, қанды көбейтеді.
- Көкөністерді үнемі жуып, тазалап жеу керек, денсаулыққа өте пайдалы,

көкөністерді түрлі тамаққа қосады.
Бағбан ата:
- Балалар, сендердің қандай өнерлерің бар. Қане тақпақ білесіңдер ме?

2.4. Көркем сөз.
Енді ақын Рза Қунақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз.
Алма:
Нарттай қызыл алмам бар,
Мәз болады алғандар,
Жазда әдемі киінем,
Тілді балдай үйірем.
Өрік:
Көктемде ерте гүлдеймін,
Кешігуді білмеймін.
Піспей тұрған кезімде
«Менен аулақ жүр!»-деймін.
Уылжыған өрікпін,
Мен бау-баққа көрікпін.
Педагог балаларды жемістерге бөліп, ойын ойнатады.
- Балалар, алманың, өріктің , алмұрттың дәмі қандай?
Ал шиенің түсі, пішіні қандай?
- Балалар, қандай жемістерді жегенді ұнатасыңдар? Балалар өз ойларын айтады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балалардың көңіл-күйін сұрап, сергіту сәтін жасауға шақырады.

Саябаққа барамыз,
Алма теріп аламыз.
Ең үлкенін, тәттісін
Себетке біз саламыз.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. «Дәмінен ажырат» дидактикалық ойыны.
Мақсаты: сезім арқылы жеміс туралы түсініктерін қалыптастыру; танымдық, зерттеушілік әрекеттерді дамыту.
Керекті құралдар: жемістер, тарелка.
Барысы: Жемістердің кесілген бөлшектерін көздерін жұмып, дәмінен ауыз тиеді. Әр бала жеке-жеке келіп, жемістерді таңдап алады.
- Бұл не? Дәмі қандай? Алманың дәмі, түсі, пішіні қандай?
- Бұл не? Дәмі қандай? Алмұрттың дәмі, түсі, пішіні қандай?
- Бұл не? Дәмі қандай? Бананның дәмі, түсі, пішіні қандай?
- Балалар, жемістерден қандай шырындар жасауға болады? Балалардың жауаптары.
Педагог жемістерді жеудің алдында оларды жуу керектігін айта кетеді. Олар

дәруменге бай, өте падалы сондықтан жемістерді жиі жеп тұру керектігін ескертеді.

2.7. Практикалық жұмыс "Шырын дайындау"
Педагог алдын ала үстелдің үстіне жемістерді, шырынсыққышты дайындайды.
Бейнежазба көрсету.

Керекті құралдар:шырынсыққыш, жемістер, стақандар, кувшин.
- Жемістерден не қайнатып жасауға болады? Шырын.
- Алдарында шырынның қандай түрлері болатынын көруге болады. (шырынның түрлері).
- Бүгін зауыттың жұмысшылары боламыз. Жемістен шырынды қалай алуға болатынын білетін боламыз.
Педагог жемістерден (алма, алмұрт) шырынды қалай алуға болатынын айтып, көрсетеді. Шырынсыққышқа алма, алмұртты салып айналдырып, көп шырын алғанын айтады, салыстырады. Балаларға дәмін татуға береді.
- Өзіміз дайындаған шырын ұнады ма?
- Шырын пайдалы ма? Неге?
- Балалар үшін күніне бір стақан шырын ішу жеткілікті.
Жұмыс аяғында педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог Бағбан атамен қоштасып, топқа қайтуды ұсынады. Бағбан ата балаларға күзгі сыйын береді. Балалар пойызбен топқа оралады.
- Балалар, сендерге саяхатымыз ұнады ма? балалар өз ойларын айтады.
- Көңіл-күйлерін қандай?
- Бақшада сендерге не ұнады?
- Бақшада не өседі? Жеміс-жидектер.
- Қандай жемістер өседі? Алма, алмұрт, шие, өрік өседі.
- Жемістерден нелер жасауға болады? Шырын жасауға болады.
- Қандай көкөністер сендерге ұнайды? Сәбіз, картоп.
- "Жемісті ағаштың басы төмен" деген мақалды қалай түсінесіңдер? Ағаштың жемісі мол деген.
- Балалар, сендер саяхатта өздеріңді жақсы ұстадыңдар. Жемістер мен көкөністерді де жақсы тердіңдер. Ендеше қазір мен сендерге Бағбан атаның сыйын таратып беремін (балаларға алма, алмұрт береді)

«Ас атасы нан»

Оқу қызметінің мақсаты

- Ыдыстарды қолдарыңмен ұстап көріңдер. Ыдыстар неден жасалған? Ағаштан жасалған.
- Сендерге ұнады ма?

Педагог үстелдің үстіндегі ұлттық ыдыстарымен таныстырады.

2.3. Педагогтар ыдыстарды бір-бірден алып, сипаттайды.

- "Ыдысын көріп, асын іш" деген мақалды қалай түсіңесіңдер? Бұл қазақ мақаласында терең мағына, үлкен тәрбиелік мәні бар. Әдемі ыдыста тіпті ең қарапайым тағам тәбетті көрінеді. Ежелгі халық шеберлері емен, қайың және басқа да күшті ағашты пайдалана отырып, экологиялық таза табиғи материалдан ыдыс жасады. Сол ыдыстармен таныстырайын.

Тостаған пішіні ежелгі көшпенділердің көшпелі өмір салтына байланысты. Қаламсыз дөңгелек пішін мұндай ыдысты әсіресе жинақы, біреуі екіншісіне жинауға мүмкіндік берді, бұл көшпенді жағдайларда маңызды болды.

Астау - қазақтың көне ағаш ыдысы, бешбармақ, палау, ет, қой басын беретін ыдыс. Экологиялық артықшылығы - мұндай тағамда бешбармақ суытпайды, ал ағаш мерекелік үстелге әдемі көрініс береді. Астау тек қана қатты ағаштан – қайың мен талдан жасалады.

Ожау - ұзын сабы бар ожау ағаштың тұтас бөлігінен жасалады және өрнектермен безендіріледі. Тұтқада ыңғайлы болу үшін шұңқырды егеді. Ожау бірдей және екі есе болады.

Қасық ожаудан кіші, ағаштың тұтас кесектерінен жасалады, сондықтан ағашқасық деп аталады, жарқын бояулармен боялады. Балалар үшін де, ересектер үшін де жасайды.

- Тағы осындай ыдыстар болады: келі-келсап, зерең, тегене, күбі, саптаяқ.
- Қандай ыдыстармен таныстық?
- Ыдыстар неден жасалған? Ағаштан жасалған.

2.4. "Асық жинау" қозғалмалы ойыны.

Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады.

Керекті құралдар: асықтар, 2 ыдыс, 2 дорба.

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада екі үстел тұрады. Үстінде ыдыста асықтар тұрады. Бірінші үстелде тұрған асықтарды екінші үстелдегі бос дорбаға жинайды. Балалар асықтарды санайды. Қай топ көп асық жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

Әже балаларды мақтап, сыйлыққа асықтарды тартады.

2.5. Көркем сөз.

Педагог Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңін оқиды.

Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,

Ақбөкендей сырқырап.
Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Түтіні шығар бұрқырап.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар?
Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.6. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады. Тәжірибеге керекті құралдарды алдын ала дайындайды.
- Балалар, айналаға қараңдаршы, ағаштан тағы қандай заттар жасалған?
Балалар өз жауаптарын айтады.
- Ағаштың қандай сиқырлы қасиеттері бар екенін білгілерің келе ме? Ағаш - адамның мыңдаған жылдардан бері отын үшін де және құрылыс материалы ретінде қолданған шикізаты. Отын мен құрылыстан басқа да мақсаттарда: еңбек аспаптарын, музыка аспаптарын, қару, жиһаз, өнер туындыларын, қағаз жасау үшін қолданады. Ағаш материалы өсімдіктерінің діңінен немесе жаңқасынан, кейде талшықтарынан алынады.
Тәжірибе №1 "Сынады, сынбайды"
Керекті құралдар: шегелер, сіріңкенің шиі.
Барысы:
-Қолымызға шегені аламыз, оны сындырып көрейік. Шеге сынбайды.
- Шеге қандай? Шеге қатты.
- Енді сіріңкенінің шиін сындырып көрейік. Не айтуға болады? Сіріңкенің шиі сынды, демек ағашты сындыруға болады.
Қорытынды: ағаш және ағаштан жасалған заттар сынады, демек оларға ұқыпты қарап, сындырмау керек. Ағаш темірден иілгіштеу, өңдеуге тез келеді. Сондықтан адамдар ағаштан көп заттар жасауды ойлап тапқан.

2.7. Тәжірибе №2 "Батады - батпайды"
Керекті құралдар: орташа көлемдегі тастар, ағаштар кесегі.
Барысы:
- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, ағаш суда батады ма, батпайды ма?
Балалар өз ойларын айтады.
- Осыны анықтау үшін тәжірибе жасап көрейік. Қолдарыңа тасты алып, суға салыңдар.
- Не байқадыңдар? Тас батып кетті.
- Енді қолдарыңа ағаш кесегін алып, суға салыңдар.
- Ағаш жайында не айтуға болады? Ағашқа не болды? Ағаш батпайды.
Қорытынды: ағаш жеңіл, су бетінде қалқып жүреді. Ағаш суда батпайды.
- Осы ағаштың қасиетін адамдар қайда пайдаланады? Адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды. Өйткені олар суға батпайды.

2.8. Тәжірибе №3 "Ағаш суды сіңіреді"

Керекті құралдар: судағы ағаш кесегі.
Барысы:
- Судан ағаш кесегін алайық. Қараңдаршы, не болды? Ол қарайып, ісініп кетіпті.
Қорытынды: ағаш суды бойына сіңіреді, сондықтан ол ісініп, өз қасиетін жоғалтады. Ағаштан жасалған заттары бұзылмау үшін бояймыз.
Педагог балалардың арасынан кезекшілерді тағайындайды. Балалар табиғат бұрышын реттейді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімелестік? Көктем, Наурыз мерекесі, ұлттық ыдыстар туралы.
- Көктемнің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Көктемде қандай мерекелерді тойлаймыз? Наурыз мерекесін.
- Наурыз мерекесі сендерге ұнайды ма? Не ұнайды?
- Наурыз мерекесінде қонақтарға не жайамыз? Дастарқан жаямыз.
- Қандай ұлттық ыдыстарды білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Олар неден жасалған? Ағаштан жасалған.
- Тәжірибе кезінде ағаштың қасиеті жайында нені білдік? Ағаш жеңіл, суда қалқып жүзеді, ағаш сынады.
- Әже, сіздің келгеніңізге көп-көп рахмет! Келген Наурыз құтты болсын! Наурызда жылдан жылға аман-есен жете берейік Бүгінгі күнге рахмет!
Күніміз жарық болсын!
Аспанымыз ашық болсын!
Күніміз сәтті болсын!
Еніміз сау болсын!

«Зергерлік бұйымдар»

Оқу қызметінің мақсаты

Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру, зергерлік бұйымдармен таныстыру; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; өнердің бәрі адам баласына қажет дүние екендігін түсініп, білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "білезік", "сақина", "қобдиша", "әшекей", "алқа", "сырға", "зергер", "асыл тастар", "күміс" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қобдиша, күмістен жасалған бұйымдар - сақина, сырға, алқа, білезік.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Үлкен шеңбер құрайық!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Кел, балалар, ортаға,
Үлкен шеңбер құрайық!
Тереземді ашамын,

Салем деймін күнге мен!
Достарымды көргенде,
Қуана қарсы аламын.
Қолымыздан ұстасып,
Жылулықты алайын!
Кел, балалар күлейік!
Күлкіменен түлейік.
Қабақ шытқан не керек?
Көңілді болып жүрейік!
Балалар бір-біріне қарайды да, күлімдейді.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ертегі айту.

"Ерте-ерте ертеде бір қыз болыпты. Ол өзін өте жақсы көріпті. Әрбір таңда ол өзінің бұйымдарымен әдеміленіп отырған. Ешкімге көмектеспеген.
Соны көрген Сиқыршы ашуланды. Қыз ұйқыдан тұрса, бұйымдары жоқ. Бәрі жоғалып кетіпті.
- Менің бұйымдарым қайда кеткен? Оны кім алып кетті? Мен енді қалай әдімі боламын. Мені ешкім жақсы көрмейді ғой?"
- Балалар, Ханзадаға біз қандай көмек көрсете аламыз?
- Әшекейлерін тауып береміз бе? Балалар өз ойларын айтады.
Педагог балалардың назарын әдемі қобдишаға аударады.

2.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға қобдишаны көрсетеді.
- Бұл не, балалар? Қобдиша.
- Қобдиша не үшін қажет? Қобдиша - әшекей салуға арналған бұйым.
- Қалай ойлайсыңдар, біздің қобдишада не бар? Балалар өз ойларын айтады.
- Олай болса, ашып көрейік.
Алқа - қыз баланы сыпайы, сәнмен әсем жүруге үйрету үшін тағылады.
Жүзік - оны қолымызға күніміз ашық болсын деген тілекпен салған.
Білезік - ол халықтың қастерлі дүниесі.
Қапсырма - әйел қамзолына тағылатын жалпақ күміс бұйым.
Сырға - құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым.
Шекелік - сәукеле, тақия, бас киімге тағылатын тағым.
Педагог қобдишаның ішінен әшекелерді алуды ұсынады.
- Қалай ойлайсыңдар, бұл әшекей бұйымдары неден жасалған? Күмістен жасалған.
- Әшекейлерді жасау өнері зергерлік өнер деп аталады. Ал оларды дайындайтын шеберді зергер деп атайды.
- Олай болса, зергер туралы өлең тыңдайық.

2.3. Көркем сөз.

Фариза Оңғарсынованың "Зергер" өлеңі.

Білесің бе бұл істі –
зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
сапырады судайын.
Сиқыршыдай жырдағы:
білезік пен алқаны,
сақинаны, сырғаны
күміс сымнан тартады.
Көрсең, қайран боласың –
мақтанышы ол бір елдің.
Күмістейді тоғасын
таралғы мен жүгеннің.
Тобылғы сап күмсанды
қамшыға бір қарашы.
Кім жасайды бұл сәнді
табылмастай бағасы?!
Демеңіздер: «Бұл қалай
күмісті де илеген?»
Осы өнерді мұрадай
зергерлерден үйренем!

- Өлеңде не туралы айтылған? Балалардың жауаптары тыңдалады.
- Бұйымдарды немен әшекейлеген? Әдемі тастармен , оюлармен көмкеріп әшекейлеген.

2.4. Күміс туралы әңгімелеу.

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Күміс – адам денсаулығына өте пайдалы. Иммунитетті нығайтады, микробтардан тазартады, жүректің қызметін жақсартады, қан қысымын төмендетеді, ісіктің жойылуына көмектеседі, сондай-ақ оны тері аурулары бар адам тағып жүруі керек. Сондықтан оны медицинада да қолданады, кейбір құрал-жабдықтардың құрамына күміс қосылған.
- Қазақтың ұғымында күміс тазалықтың, адалдықтың белгісі. Тек әшекей бұйымдар ғана емес, тұрмыс заттары, жиһаз, ер-тұрмандар да күміспен күптелген. Қазіргі кезде де әрбір үйде күмістен жасалған бұйымдар бар. Кішкентай сәбиді қырқынан шығарарда дені сау болсын деген ниетпен күміс салынған суға шомылдырады.
- Осы күміс бұйымдар уақыт өте келе қарайып кетіп жатады.
- Ол неліктен? Күміске су, иісмай, тамақ, кір жуғыш құралдар тигенде, кейде сөреде жатып-ақ өзінен-өзі күңгірттеніп кетеді.
- Әшекейлерді тазартып көреміз бе?

Педагог балаларды табиғат бұрышында жұмыс жасауды ұсынады.

2.5. Практикалық жұмыс.
Керекті құралдар: күмістен жасалған әшекей бұйымдары, тіс ысқыш, тіс пастасы, ас содасы, киіз.
Барысы:
- Балалар, біз күмістен жасалған бұйымдарды тазалаймыз. Ол үшін кәдімгі тіс пастасымен не ас содасымен ысқылап, кейін сумен шайып жібереміз. Кәдімгі киізге де үйкелеп, тазартуға болады. Алайда қатты ысқылап, бұйымды бүлдіріп алмаңыз.
Балалар өз бетімен жұмыс істейді.
- Өздеріңе ұнаған тәсілмен бұйымдарды тазартып көріңдер.
- Не байқадыңдар? Сақина жарқырап шыға келеді.

2.6. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауға ұсынады.
Сыңғыр-сыңғыр сырғалар,
Құлағымда ырғалар.
Оң қолымда - білезік,
Сол қолымда - білезік,
Саусақтарда сақина,
Санап қане көрсетші:
1, 2, 3, 4, 5.
Сыңғырлайды сырғалар.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог балаларға әшекейлер туралы өлеңдерін айтуды ұсынады.
Сылдыр – сылдыр, сырғалым,
Құлағыма тағар кім?
Сұлу болып әрдайым,
Сырғалы қыз атандым.

Он қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Сәнді көйлек киелік,
Бәріміз бірге билейік.

Балқытып ол күмісті
Сапырады судайын.
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны.
- Балалар, өлеңдерде не туралы айтылған?
- Қандай әшекейлер туралы айттық?

2.8. Жұмбақтың шешуін шешу арқылы үзік сызықтарды бастырту.
Керекті құралдар: тапсырмалар парағы, қарындаштар.

Қолға көрік береді.
Жалт-жұлт етеді.
Бұл не? Сақина.
Білеу-білеу білегім
Білегіме киемін.
Ал, кәнекей, балалар,
Шешуін кім таба алар? Білезік.
Сыңғыр-сыңғыр етеді,
Құлаққа ілсе, әдемі боп кетеді.
Бұл не? Сырға.
Балалар жұмбақтарды шешіп, үзік сызықтарды бастырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін қандай бұйымдармен таныстық? Сақина, сырға, білезік, алқа.
- Олар неден жасалады? Күмістен, алтыннан жасалынады.
- Зергерлік бұйымдарды кімдер жасайды? Зергерлер жасайды.
- Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған екен. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар, білезіктер, шашбау жасаған екен. Қазақша бұйымды әшекейлеу үшін асыл тастар да қолданылады.
- Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер, деген мақалды қалай түсінесіңдер? Балалар өз ойларын айтады.
- Көңіліміз әрдайым күмістей жарқырап жүре берсін!

«Жұлдыздар әлемі»

Оқу қызметінің мақсаты

Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру; сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін, қызығушылығын арттыру; еңбекке деген құштарлығын ояту, үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "темірқазық", "жетіқарақшы", "үлкен аю", "кіші аю", "құсжолы" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

ғаламшар суреті, "Аспан әлемі" презентациясы, шам

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

бала санына қарай жұлдызшалар, қарындаштар, тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Қуаныш шеңбері:
Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап, күлкімізді сыйлайық!
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
- Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезінейік!
- Балалар, менің қолымда не бар? Сандық.
- Сандықта Білгіш досымыздың тапсырмалары бар. Тапсырмаларды орындасақ, сыйлыққа ие боласыңдар.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ой қозғау" әдісі.

Тақиям толған сөк,
Ерте тұрсам дымда жоқ. (жұлдыз)
Бірде арық, бірде толық,
Үстіне көйлек сыймайды.
Тігінші іздеп өзіне,
Аспанды кезіп жүреді. (ай)
Педагог "Аспан әлемі" презентация арқылы әңгімелейді.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметі өте қызықты болмақ, өйткені біз аспан әлемі туралы әңгімелесеміз.
- Жерді қоршаған бүкіл дүние - Ғарыш деп аталады, Ғарыш әлемі кең байтақ!
- Оны адамзат әлі толығымен зерттеп болған жоқ. Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар: Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон.
- Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар да бар. Мына жұлдыз Жетіқарақшы деп аталады.
- Ал мына жұлдыз - Темірқазық.
- Ал ең улкен жұлдыз - Күн. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.
- Балалар, сендерге жұлдызшаларды сыйға тартамын!

2.2. Әңгімелесу.

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
~~**Бейнежазба көрсету "Звездное небо с луной"**~~
- Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.
- Ал жоғарыда, біздің үстімізде не бар? Аспан, жұлдыздар, күн, ай.
- Ай мен жұлдыздарды қай уақытта көреміз түнде ме, күндіз бе? Түнде көреміз.
- Түнде аспан бізге қандай болып көрінеді?
- Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.

- Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не?
- Олар неге ұқсайды? Балалардың жауаптары.
- Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.3. Көркем сөз.
Педагог балаларға Әбділдә Тәжібаевтің "Жұлдыз" өлеңін оқиды.
Өрмекшідей қыбырлап,
Аяқтары жыбырлап,
Түнде жұлдыз жүреді.
Тозған жерін көгінің,
Көкшіл торғын жібімен
Кайта торлап тігеді.
Күн шашырап бір кезде,
Көтерілер ілезде,
Жұрт ұйқысы қанғасын.
Тіледі ол жұлдыздың
Жүруі үшін күндіз күн,
Түнде тыным алмасын.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған?
- Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
Ортасында өзі тұрады,
Жан-жағына күлімдеп
Сан мыңдаған көзі тұрады. Ай мен жұлдыздар.
- Балалар, ай мен жұлдыз туралы білгілерің келе ме?
- Жұлдыздар – өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері. Жұлдыздар Жерден өте қашық орналасқандықтан, телескоппен қарағанның өзінде де нүктедей ғана болып көрінеді. Айсыз түнде жай көзбен қарағанда 5 мыңға жуық жұлдызды, ал күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдызды көруге болады.
- Сендер қандай жұлдыздар білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, Үлкен аю, Кіші аю.
- Жұлдыздар бізге не үшін керек? Жол бағдарлау үшін.
- Ай - Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Шаршасаңдар, балалар,
Қолдарыңды созыңдар.
Саусақтармен ойнаңдар,
Қолдарыңды сермеңдер.
Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.
Балалар 2 рет кайталайды.

2.6. Тәжірибелік әрекет.
Педагог шаммен тәжірибе жасауды ұсынады.
Керекті құралдар: шам, жұлдыздардың суреттері.
Барысы:
- Жұлдыздарға мұқият қараңдаршы. Біз олардың түстері бірдей емес екенін байқаймыз. Көк, ақ, сары, қызғылт, қызыл түсті жұлдыздар.
- Қалай ойлайсызар, неге олай болады? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Жұлдыздар - қызған газдардан тұрады. Ең ыстықтары көгілдір жарықпен жарқырайды. Біраз суықтауы ақ түсті, тіпті суығы сары түсті болады. Содан кейін сарғыш, қызыл болып жарқырайды. Ақыры олар сөнеді.
- Енді қолдарыңа шамдарыңды алыңдар.
- Шамды қосыңдар. Нені байқадыңдар? Шамды қоссақ, ол ақ түсті болып жарқырайды.
- Егер батареясы ескі болса, не болады екен? Онда жарығы әлсіз болады. Содан жарық сары түсті болады, содан кейін қызғылт түсті болады. Содан кейін ол сөніп қалады.
- Балалар, сендерге тәжірибе ұнады ма? Балалар өз ойларын білдіреді.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог «Нүктелерді қос» графикалық жаттығуды орындауды ұсынады.
Керекті құралдар: қарындаштар, тапсырмалар парағы.
Барысы:
Осы шоқжұлдыздардағы жұлдыздарды сандар арқылы қосып көрейік.
- Нүктелерді қосқаннан кейін не шықты? Шоқжұлдыздар пайда болды.
- Кімде қандай шоқжұлдыз пайда болды? Балалар жауаптарын айтады.
Педагог балаларға көмектеседі.

2.8. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
- Балалар, қараңдаршы, сандықта хат бар. Оқып көрейін, ішінде не жазылған екен?
- Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе?
Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. (Күн)
Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)

Ұшады қанатсыз,
Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)
Көлде жүрген ақ үйрек,
Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)
- Жарайсыңдар, балалар!
Педагог дұрыс жауап үшін жұлдызшаларды сыйға тартады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Аспан әлемі, жұлдыздар, ай туралы.
- Жұлдыздар қай кезде көрінеді? Түнде көрінеді.
- Қандай жұлдыздарды білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, үлкен аю, кіші аю.
- Жұлдыздар күндіз неге көрінбейді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?
- Сендерге ұнай ма? Балалардың жауаптары.
- Күндіз аспанда нені көруге болады? Күнді. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.Көзімізге күн сары секілді болып көрінгенімен, шындығында олай емес. Күннің түсі - ақ. Атмосфераның әсерінен ғана бізде күннің түсі сары болып көрінеді.

Мына сұлу әлемде,
Адам өмір сүреді.
Үлкен менен кішіге,
Күн сәулесін төгеді.

- Күнге қол бұлғайық! Әрбір адам күннің көзіне қарап қуанады. Ол бізді өзінің нұрымен жылытады, біздің тезірек өсуімізге көмектеседі.

«Жер - ортақ үйіміз»

Оқу қызметінің мақсаты

Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту; шығармашылығын дамыту; әлемнің мәдениеттерінің бай алуандығын құрметтеуге, қабылдауға және дұрыс түсінуге тәрбиелеу; достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "глобус", "ғаламшар", "карта", "саяси карта", "ұлттар" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жұмбақтар жасыру, ой қозғау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Саяси карта, глобус, жердің сызбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай қарындаштар, түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қайырлы таң".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қайырлы таң! Кім ойланып тапты екен?
Кім тапса да жақсы екен.
Қайырлы таң – жарқыраған күнге де,

Қайырлы таң – жайнап тұрған гүлге де.
Қайырлы таң – бақшаға да, талға да,
Қайырлы таң – күлімдеген жанға да.
Қайырымды таңның нұры тараған,
Қайырымды болып кетер бар адам.
Қайырлы таң кешке дейін созылсын,
Түнде ғана тыныс алып, көз ілсін.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Көркем сөз.

Педагог Абдрахман Асылбектің "Туған жер" өлеңін оқиды.
Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
Атам қазақ айтқандай,
Елін сүйген қор болмас.
Құдіретіңе қайранмын,
Келбетіңнен айналдым.
Сені жырлап қанша жан
Бұлбұлыңа айналды.
- Өлең жолдарында не туралы айтылған?
Балалар өз ойларын айтады.

2.2. Саяхатқа шығу.

Педагог балаларды саяхатқа шақырады.
- Балалар, сендер саяхаттауды ұнатасыңдар ма? Мен сендерді бүгін біздің үлкен және әдемі Жер ғаламшарының әр түрлі тұрғындарын көруге шақырамын. Осы ерекше сапарға шығу үшін бізге көмекші қажет. Оны білу үшін жұмбақты шешіп көрейік.
Жұмбақ жасыру:
Бір нәрсе бетінде жоқ ой менен қыр,
Өзінің кіндігінен айналып жүр.
Өзіне назар салып қарасаңыз,
Келбеті жер жүзінің көрініп тұр.
- Бұл не, балалар? Глобус.
Педагог глобусты көрсетеді.- Дұрыс, бұл глобус - жер шарының моделі. Ол бізге саяхатта көмектеседі.
Педагог глобусты айналдырады.
- Бір, екі, үш, саяхатымызды баста!

2.3. Педагог глобус туралы әңгімелеседі.

- Балалар, жолға шықпас бұрын көмекшімізге - глобусқа назар аударайық. Глобусқа қарап, Жер ғаламшары туралы не айта аласыңдар? Балалардың

жауаптары.
- Балалар, қалай ойлайсыңдар, глобуста көк түсті не? Су. Бұл -теңіздер мен мұхиттар.
- Глобуста мұхит мен теңіздерді кім көрсеткісі келеді? Балалар көрсетеді.
- Жер қандай түсті? Жасыл және қоңыр түсті. Жасыл түсті ғаламшардағы өсімдіктер, ал қоңыр - таулар мен жазықтар.
- Глобуста қандай түс көбірек - жасыл ма, әлде қоңыр? Бұл нені білдіреді? Жер ғаламшарында ормандарды, өсімдіктерді, жануарлар әлемін қорғау қажет.

2.4. Карта туралы әңгімелесу.
- Балалар, глобусқа қараңдаршы, әртүрлі елдердің қайда екенін көре аласыңдар ма? Балалардың жауаптары.

- Оларды көру үшін бізге не көмектеседі? Олай болса жұмбақтың шешуін табайық:
Жер көрдім қаласы бар,
Үйлері жоқ мекендейтін.
Көп көрдім, өзен көрдім,
Сулары жоқ тереңдейтін.
- Бұл не, балалар? Карта.
Педагог саяси картаны көрсетеді.
- Дұрыс, бұл әлемнің барлық елдерін көрсететін карта - саяси карта. Басқа елдер мен континенттерге бармас бұрын Отанымыз - Қазақстанды табайық. Картадан біздің елдің қайда екенін көрсетіңдер.
Балалар Қазақстанды картадан тауып көрсетеді.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы Қазақстанның виртуалды 3D-турларының картасына аударады. Қазақстанды табады.
- Қалай ойлайсыңдар, неге карта әртүрлі түстермен боялған? Әр түрлі елдер түрлі түстермен ерекшеленеді.
- Ойын ойнайық! Сендер маған картадағы кез-келген түстерді көрсетіңдер, оны атайсыңдар, ал мен сендерге қай ел екенін айтамын.

2.5. "Әлем елдері" дидактикалық ойыны.
Балалар түстерді көрсетеді және атайды, педагог елдің және оның тұрғындарының атын айтады. Балалар көмектесе алады.
Мысалы: Қазақстан - қазақтар, Ресей - орыстар, Франция - француздар, Бразилия - бразилиялықтар, Қытай - қытай.
- Қалай ойлайсыңдар, әр түрлі елдердің тұрғындары бір-бірінен немен ерекшеленеді? Терісінің түсі, тілі, салт-дәстүрлері.
- Бізді біріктіретін нәрсе бар ма? Адамдар сыртқы келбеті жағынан ұқсас (қолдары, аяқтары, көздері, құлақтары бар), бірдей әрекеттерді жасайды (спорт, музыка, кітап оқу, сурет салу, балабақшаға, мектепке бару), біз бір ғаламшарда тұрамыз.
Сары, ақпыз, қарамыз,

Бәрімізде баламыз.
Бір қалада тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.
Ақ, қара деп бөлмейміз,
Бір жыл туған төлдейміз,
Туысқанбыз татумыз,
Биіктерге өрлейміз.

2.6. "Қол шапалақтау" ойыны.

- Бәрімізді біріктіретін нәрселер бар. Оларды ойын арқылы білейік. Мен сендерге белгілі бір қасиетті айтамын. Қасиеті барлар орындарынан тұрып, қолдарын жоғары көтереді, ал басқалары оларға қол шапалақтайды. Егер бәрі тұрса, бәріміз бірге қол шапалақтаймыз. Тұрыңдар:
- оқи алады,
- карусельдерге мінуді ұнатады,
- мультфильмдерді көруді ұнатады,
- балмұздақты жақсы көреді,
- ойнағанды ұнатады,
- ғарышқа ұшуды армандайды,
- жануарларды ұнатады,
- дәмді тамақтанғанды ұнатады.
- Кім ауырғанды ұнатады? Рас, ешкім ауырғанды ұнатпайды, бәрі сау болғысы келеді!
- Мүмкін, әлемдегі барлық балалар шарларды жақсы көреді, иә? Енді бәріміз бірге үлкен шарды үрлейік.

2.7. Сергіту сәті.

Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге шақырып, сергіту сәтін орындауды ұсынады.
Біз тез шарды үрлейміз, (балалар шашырайды, қолдарын ұстап, шеңбер құрады.) Ол үлкен болады.
Міне! (Қолымызбен көрсетеміз.)
Кенеттен шар жарылды - сссссс (шеңберді ортасына қарай тарылтамыз).
Ауа шықты, (қолымызды алға созамыз)
Ол жіп- жіңішке болды. (шар қандай болғанын қолдарымен көрсетеміз.)
Біз қайғырмаймыз (Басымызды шайқаймыз.)
Біз қайтадан үрлейміз.
Біз шарды тез арада үрлейміз (шеңбер құрамыз).
Ол үлкен болады!
Міне!
Балалар шапалақтайды.

2.8. Ұжымдық шығармашылық қызмет.

"Достық картасын" жапсыру.
Керекті құралдар: қарындаштар, қайшылар, түрлі-түсті қағаздар, ватманға

салынған жер шары.
Барысы:
Балалар қарындашпен алақандарының силуэттерін түрлі-түсті қағаз парақтарына салады, оны қайшымен қияды. Содан кейін «алақандарын» жер шарына жапсырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бізде қандай керемет карта шықты!
- Сендер оны қандай көңіл-күймен жасадыңдар?
- Қалай ойлайсыңдар, бұл картадан не көруге болады? Біздің ғаламшарды, әр түрлі елдерді, барлық адамдар арасындағы достықты.
- Бұл картаны сақтап қояйық. Және біз әрқашан бір-бірімізге ұқсамайтын әдемі ғаламшардың тұрғындары екенімізді әрдайым есімізде сақтайық.
- Балалар, бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма?
- Не ұнады?

Шөліркемей гүл тұрсын,
Жерім жайнап құлпырсын.
Нұрын сыйлап біздерге,
Көкте мәңгі күн тұрсын.
Ортақ бізге туыстық,
Нұр сыйлаған күн ыстық,
Ыстық бізге кең өлке,
Ыстық бізге тыныштық.

«Тірі және өлі табиғат»

Оқу қызметінің мақсаты

Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту; адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтау; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "табиғат", "тірі", "өлі", "жан-жануар", "тіршілік" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, тәжірибе, өздік іс-әрекет, рефлексия, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, ойын, шығармашылық әрекет

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көкөністердің, жемістердің, құстардың, үй жануарлардың, жабайы аңдардың, жәндіктердің, саңырауқұлақтардың суреттері, тірі табиғат суреті, өлі табиғат суреті, дорба, жәшік, бұршақ, дөңгелек жасыл қағаз.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, қарындаштар, бояулар, қылқаламдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. Гүл ұйқыда жатыр еді.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Гүл ұйқыда жатыр еді,
Таң атуға жақын еді.
Күннің нұры шашылды,
Гүл қауағы ашылды.
Алдымен шығып бір желек,
Екіншісі тым зерек.
Үшіншісі бір бөлек,
Төртіншісі бір бөлек,
Бесінші де көрінді,
Тұтас гүл боп өрілді!
Педагог балаларға жартылай шеңберге тұруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазба көрсету.

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Біз бүгін саяхатқа шығамыз. Қалай ойлайсыңдар, қайда барамыз?
- Оны білу үшін экранға назар аударыңдар. Не туралы әңгімелесеміз? Табиғат туралы.
- Табиғатты зерттейтін ғылым экология деп аталады. Сендер бүгін жас экологтар боласыңдар.
- Сонымен, табиғат әлеміне саяхатқа барайық. Жол қиын, мұқият тыңдап отырыңдар.

Балалар бірінің артынан бірі жүреді.

2.2. Қимылды ойын. "Біз басқан жолдар".

Педагог балаларға қимылды ойын ойнауды ұсынады:

1) біз шаңды жолмен жүріп келе жатырмыз (аяқтарын топылдату);
2) қазір біз дымқыл шөптермен жүреміз (жүру, тізені жоғары көтеру);
3) бірақ алда батпақ бар, абай болыңдар! Секіріп өте шығамыз (бір жағынан екінші жаққа секіру);
4) бұтақтар арасына кіреміз (бұтақтардың арасынан өту);
5) міне, тағы бір жол, аяқтың астында құм (алақандармен шапалақтау);
6) алдымызда көпір, бөренелерден секіреміз (аяқтарын көтеру).

- Балалар, отырып демалайық. Шаршадық.

2.3. 3 сөз" дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады.

Мақсаты: педагог 1 сөз айтады. Балалар сол сөзге қатысты 3 сөз айтады.
Керекті құралдар: көкөністердің, жемістердің, құстардың, үй жануарлардың, жабайы аңдардың, жәндіктердің, саңырауқұлақтардың суреттері.
Барысы:

Педагог сөз айтқаннан кейін балалар өз жауаптарын ұсынады. Суреттерін табады.
Көкөністер ... (қырыққабат, қияр, қызанақ)
Жемістер ... (банан, апельсин, алма)
Құстар ... (торғай, көгершін, үкі)
Үй жануарлары ... (сиыр, жылқы, ит)
Жабайы аңдар ... (қасқыр, түлкі, қоян)
Жәндіктер ... (маса, шыбын, көбелек)
Саңырауқұлақтар ... (қозықұйрық, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлағы)
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.4. "Жас эеолог" ойыны.
Педагог екі баланы тағайындайды. Оларға бас киімдер кигізеді.
- Жарайсыңдар, сендер бәрін дұрыс атап бердіңдер.
- Балалар, қараңдаршы, біз кіммен таныстық? Бұл экологтар.
- Сіздер мұнда не істеп жүрсіздер? Біз тірі және өлі табиғатты зерттейміз.
- Балалар, бүгін біз жас ғалымдардың хабарламасын тыңдаймыз. Олар бізге тірі және өлі табиғат туралы қызықты мәлімет айтып береді.
Сурет бойынша жұмыс.
- Балалар, бізді қоршаған не? Ағаш, дала, су, аспан, гүл.
- Табиғат деген не? Табиғат бізді қоршаған орта.
- Бүгін біз осы табиғат туралы әңгімелейміз. Табиғат екіге бөлінеді. Өлі табиғат және тірі табиғат:
- Өлі табиғатқа не жатады?
- Өлі табиғатқа тау, тас, топырақ, бұлт, құм, су жатады. Өлі табиғат: қоректенбейді, тыныс алмайды, өсіп - өнбейді, қозғалмайды, жүрмейді.
- Тірі табиғатқа адамдар, жан - жануарлар, ағаштар, гүлдер, жәндіктер жатады. Тірі табиғат қоректенеді, тыныс алады, өсіп - өнеді, қозғалады, жүреді, сөйлейді.
- Жас ғалымдар, хабарламалар үшін рахмет. Сіздерді бізбен бірге ойнауға шақырамыз.

2.5. Саусақ жаттығуы. "Құстар қанат қағады".
Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге шақырып, саусақ жаттығуын орындауды ұсынады.

- Балалар, барлығымыз қолымызды үшбұрыштап жоғары ұстаймыз. Біз құстарға ұя саламыз, құс ұядан басын шығарып жан - жағына қарайды (қимылмен көрсету).
Қосылған алақандарын жан - жаққа бұрады. Құстың ұшқысы келді (алақандарын ашады, алақандарын қимылдатады), ұша алмайды, құс ұшу үшін қанаттарын жаттықтырды. Алақанымызды өзімізге қаратып жайып, ашып - жұмайық, бір, екі, үш, кері қарай санаймыз үш, екі, бір.
- Енді, басбармағымызды қозғалтайық. Алақанымызды өзімізге қаратып жайып, екі басбармақты айқастырамыз. Алақанымызды құс қанатын қаққан

секілді қозғалыстар жасаймыз. Балалар 2 рет қайталайды.
Сөздерді айтады:
Құстар ұшып барады,
Көкте қанат қағады.
Барлық құстар қосылып,
Шиқ - шиқ - деп, ән салады
Құс ұшып келіп ұясына қайта қонды.
Саусақтарын үшбұрыштап жоғары ұстайды.
- Жарайсыңдар, балалар! Балалар орындарына отырады.

2.6. Тірі және өлі табиғатқа байланысты жұмбақтар жасыру.
Көзге ілінбейді,
Жұтсаң білінбейді. (Ауа)

Қараңғыда жымыңдайды,жанады,
Жарық түссе,бірден сөніп қалады. (Жұлдыз)

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұр шашады. (Күн)
Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)

Шым - шытыр,
Шидай қотыр. (Жұлдыздар)

Ақ көбелек қонды,
Құстар енді тонды. (Қар)

Сылдырдан қорқады,
Шошынып жортады. (Қоян)

Адамға серік,
Күзетке берік. (Ит)

Тастамайды бір елі,
Үйін сүйреп жүреді. (Тасбақа)

Құжынаған жұмыскер
Бірлескенде тым іскер. (Құмырсқа)

Үсті толы ине,
Бірақта, іс тігіп,
Қадамайды түйме. (Кірпі)

- Жарайсың, балалар, сондықтан жолға түсетін кез келді. Қараңдаршы, дорба жатыр. Онда не бар екенін білейік? (Бұршақ, дорба, жер)

2.7. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға дорбаны көрсетеді.
Керекті құралдар: дорба, жәшік, бұршақ.
Мақсаты: балалардың сипап сезу қабілетін дамыту. Заттың атын атату.
Барысы: Балалар кезекпен дорбаға қолдарын салып, ұстап, сипап көру арқылы заттың атын атайды. Дорбада не бар екенін айтады (бұршақ). Педагог балаларға бұршақты алуды ұсынады.
Тәжірибелік әрекет.
- Біздің бұршақтар өмір сүріп, өсуді қалайды. Тәжірибе жасап, оларды жәшіктегі жерге отырғызайық.
- Содан кейін не істейміз? Оларды суарамыз.
- Балалар, үстелге барып, бұршақты жәшікке салайық. Балалар бұршақты егіп, оны суарады.
Педагог жұмыс барысында қосымша сұрақтар қойып, жұмыстарын реттейді.

2.8. Шығармашылық әрекет.
Керекті құралдар: дөңгелек жасыл қағаз, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, қарындаштар, бояулар, қылқаламдар.
Барысы:
- Балалар, қазір мен тақтаға дөңгелек жасыл қағаз ілемін. Бұл біздің жеріміз. Ал сендер жердің көркейіп, сұлуланып, тіршілікке енуі үшін жұмыла жұмыс жасаңдар.
- Алдарыңда жатқан қағаздардан жерде тіршілік ететін, жерге көрік беретін тіршілік иелерінің суретін салып, коллаж дайындаңдар.
Балалар әрқайсысы түрлі-түсті қағаздан гүлді, ағашты, суды, тауды, жа - жануарларды жасап, желімдейді.
Педагог балалардың жұмысын талдайды, қорытындылайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, осымен саяхатымыз аяқталды.
- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Тірі және өлі табиғат туралы.
- Тірі табиғатқа не жатады? Адам, өсімдіктер, жан-жануар жатады.
- Өлі табиғатқа не жатады? Тас, құм, ай, аспан, жер, жел жатады.
- Тағы не жасадық? Балалардың жауаптары.
- Сендерге не ұнады? Балалардың жауаптары.
- Көңіл-күйлерін қалай?
Табиғат пен тіршілік
Көк түтінге тұншығып,
Аяқ асты тапталып,
Жатыр қанша гүл солып.
Ей, адамдар, күнмен гүлден жаралған,

Табиғатты аялаңдар,
Мәпелеңдер, балалар!

«Асқар таулар»

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін бекіту, табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "глобус", "етегі", "шыңы", "жоны", "беткейі", "өзен аңғарлары" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Глобус, ватманға салынған таулардың суреті, жануарлар, құстар, бұталар, ағаштардың суреттері, «Қазақстан таулары» презентациясы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына қарай қоңыр түсті орамалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Армысың!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Армысың, қайырымды аспан ата,
Армысың, мейрімді жер ана,
Армысың, бақ дәулетті Жерім менің,
Армысың, асқар тауым, көлім менің,
Армысың, балабақша, дос жаран!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.

- Әрбір адам үшін дүниедегі ең қасиетті де киелі ұғым – Отан, туған жер.
Қазақстан - туған жер,
Сені қатты сүйемін.
Көлдер, таулар, даламды,
Отаным деп білемін!

- Бұл өлең не туралы айтылған? Туған жер, Отан туралы.
- Балалар, Отан дегеніміз не? Отан денегіміз - адамның туып өскен жері.
- Дұрыс айтасыңдар, "Отансыз адам – қанатсыз құспен тең" демекші, әр адамның Отаны өзі үшін ыстық. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар:
Бір жерінде ыстық,
Бір жерінде суық,
Бір жерінде күн,
Бір жерінде түн,
Керемет алып неткен.
- Бұл не,балалар? Дұрыс айтасыңдар, бұл - глобус.
- Глобус туралы не білесіңдер? Глобус дегеніміз жер шарының кішірейтілген моделі. Глобуста – көк түспен су беті, жасыл түспен тегіс жерлер, қоңыр түспен биік таулар, сары түспен аласа таулар бейнеленген.
- Олай болса, тағы жұмбақ жасырғым келеді.

2.2. Жұмбақ жасыру.

Үлкен, үлкен түйені
Тастапты атам шөгеріп.
Өркеші бұлтқа тиеді,
Бауыры жатыр көгеріп.
- Бұл не, балалар? Таулар.
- Бүгін біз таулар дегеніміз не, тауларда не бар, біздің елдегі таулар қандай екенін білеміз.
- Глобуста тауларды кім көрсетеді? Балалар таулы жерлерді көрсетеді.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Таулар деген не? Жер бетінің маңайындағы жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан, қатты тілімденген биік бөліктерін таулар деп атайды. Таудың етегі, шыңы, басы, жоны, беткейі, өзен аңғарлары болады. Таулар бір-біріне жалғаса созылып жатады. Мұндай жалғаса тізіліп жатқан таулар тау жотасы деп аталады. Бірнеше тау жоталары келіп түйісетін жерді тау торабы деп атайды. Тау биіктігі әртүрлі болады. Олардың басын үнемі қар немесе мұз басып жатады.
- Қалай ойлайсыңдар, таулар не үшін қажет? Олар бізді жел мен дауылдан құтқарады.
- Балалар, таулардың қалай пайда болатыны туралы білгілерің келе ме?
- Олай болса, табиғат бұрышына шақырамын.

2.3. Практикалық жұмыс.
Педагог балаларды табиғат бұрышына баруды ұсынады.
Керекті құралдар: қоңыр түсті орамалдар.
Барысы:
- Бір жерлерде шетсіз-шексіз керіліп дала жатыр, ал енді бір жерлерде өркеш-өркеш таулар тұр.
- Неге бұлай? Бәрінің сыры - жер қыртысында. Ол ешуақытта да тыныш жатпайды: кейде дір-дір сілкініп, бетіндегінің бәрін бір шайқап өтеді; кейде төмен ойысып, ал кейде қатпар-қатпар жиырыла қалады. Тау мен дала да, ойпат пен төбе де жер қыртысының осындай қозғалыстары нәтижесінде пайда болады.
1. Қолдарыңа орамал алыңдар, теп-тегіс жайылған алаканыңның үстіне төсеңдер. Орамал - бұл жер қыртысы.
2. Енді оның астындағы саусақтарыңды қимылдатыңдар, жайлап бүгіп көріңдер.

- Не байқадыңдар? Балалар өз ойларын айтады.
- "Жер қыртысы" бірден қозғалысқа келді: жиырыла бастады, бедерлене түсті. Көз алдында «таулар» тұлғаланып, олардың арасынан «сайлар» пайда болды. Осыған ұқсас құбылыс табиғатта да өтіп жатады, тек әрине, дәл осылай тез емес.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
Бейнежазба "Тау жыныстарының түзілу кезеңдері".

2.4. Көркем сөз.
- Таулар әрқашан адамдарды өзінің үлкендігімен, қол жетімсіздігімен таң қалдырды, сонымен бірге адамдарды қызықтырды. Көптеген ақындар өлең жазды.
Педагог Мұқағали Мақатаевтың "Мен – таулықпын" өлеңін оқиды.
Тау дейтін алып жүрек Ана туған
Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Киіктің сүтін емін ержеткенмін

Қуат алып қыранның қанатынан.
Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам
Күн алғашқы сәулесін маған шашып
Маған келіп түнейді қара тұман.
Тау ұлымын
Тау - менің дәу бесігім
Мен оның әуресімін, сәулесімін.
Асқар шыңдар желпиді бесігімді
Бір орамын ағытып сәлдесінің.
- Ақын неге өзін «таулықпын» деп атайды? Өйткені ол таудан жаратылған.
- Тауды неге теңейді? Тауды туған анасымен теңейді.
- Ақын өзін қалай сипаттайды? Мен оның әуресімін, сәулесімін дейді.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларды сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Ал, балалар, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Үлкен шеңбер құрған соң,
Алақанды ұрайық
Оң жақтағы балаға,
Сол жақтағы балаға,
Шапалақта шапалақ
Жоғары төмен қарайық,
Орнымызды табайық.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады. Қазақстан таулары презентациясы.
- Енді мен сендерді Қазақстан тауларына саяхатқа шақырамын.

Сарыарқа. Сарырқаның негізгі жауһары – Бурабай шипажайлық аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "қазақстандық Швейцария" деп атайды.

Мұғалжар – аса биік емес тас тізбегі, Орал тауларының оңтүстік сілемі. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы. Тау өз бастауын Шиелі және Терісбұтақ өзендерінен алады.

Маңғыстау таулары – Каспий теңізіндегі Маңғыстаулық жартылай аралында жатыр. Бәрі де жыралар, сайлар, аңғарлар, жартастармен бөлшектелген. тауларының ең биік нүктесі – Қаратау-Бесшоқы.

Алтай – Алтай-Саян аталып кеткен алып тау жүйесінің бір бөлігі. Шекарасы

Зайсан көлі мен Байқал көліне дейін созылған.
Түрген шатқалы ыстық бастауларымен, сарқырамаларымен, қалың ормандарымен, өзендерімен, шипалық өсімдіктерімен, жеміс-жидектерімен танымал. Ең басты байлығы – сарқырмалар. Олардың саны жетіге жуық. Аюлы Сарқырамасы 30 метр биіктікте құлайды және айналысындағы шыршалары көрген көзді ынтықтырады. Жартастарда мұз дәуіріне дейінгі өсімдіктердің іздері қалған.

Тянь-шань және Хан-Тәңірі. Мәр-мар тасты еске салатын үшкір пирамидалы тау алыстан-ақ көзге көрінеді. Таудың айналасында небір аңыздар тараған. Оны кейде Тәңіртау немесе Қантау деп те атайды. Екінші атауға себеп болған – күн батар кезде тау шыңының қызыл түске боялатындығы. Шыңғы жету – әрбір қазақстандық альпинситің арманы деуге болады.

2.7. Сурет құрастыру.
Педагог балаларға таулардың суретін ұсынады. Тауларда мекендейтін жан-жануарлар мен өсетін ағаштарды орналастыруды ұсынады. Балалар суреттердің ішінен таңдап алады.
Керекті құралдар: ватманға салынған таулардың суреті, жануарлар, құстар, бұталар, ағаштардың суреттері.
- Тауларды не бұзатынын білесіңдер ме? Жауын, жел.
- Балалар, тауда мекендейтін жануарлар мен құстардың атын атай аласыңдар ма? Қой, ешкі, бүркіт, аю.
- Тауда не өседі? Бұталар, ағаштар.
- Тауларда таза көлдер мен өзендер бар. Тауда дем алуға, қыдырып тынығуға болады Таудағы жайлауда мал жайылады. Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы тауларында шипажайлар бар. Тау етегінде егін егеді, жеміс бағы мен бақша өсірілді. Міне, таулардың да пайдасы мол екен.
Педагог балалардың жұмысын талдайды.

2.8. Таулар туралы мақал-мәтелдер айту.
- Таулар туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?
Асқар тау алыстан көрінеді.
Асқар таудай алып бол,
Әппақ күндей жарық бол.
Асқар таудың айбыны қарыменен.
Асу бермес асқар жоқ.
Бұлбұлға бау жақсы, Кекілікке тау жақсы.
Табалдырықтан биік тау жоқ.
Тау баласы тауға қарап өседі.
Таулы жердің қыраны көп.
Көрінген таудың алыстығы жоқ.
Тау айналмайды, тас айналады.
Тауына қарай тоғайы, шошқасына қарай торайы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, тауға барған сапарымыз седерге ұнады ма? Иә.
- Не ұнады? Балалар өз ойларын айтады
- Қазақстандағы тауларды атаңдар. Алтай, Түрген, Сарыарқа таулары
- Таулар туралы біз не білдік бүгін? Таулар әр түрлі болады, биік және төмен, тік және жұмсақ таулар, қарлы шыңдар мен жасыл ормандар, тауларда әртүрлі жануарлар мен құстар мекендейді, тауларда өзендер мен көлдер бар, тауларда таза ауа және таза су бар.
- Балалар, бүгін біз таулар туралы көп сөйлестік. Адамдар тауда жүргенде өздерін қалай ұстау керек?
- Балалар, тауды неге теңейді?
- Әке – асқар тауға тең.
- Таудай талап берсін дейді.
- Тау суындай таусылмас бақыт берсін деген тілек айтылып жатады.
- Денелі, кеуделі үлкен кісілерді «таудай екен, жардай екен» дейді.

«Бөлме өсімдіктері»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру; балалардың қиялын, ой-өрісін, зейінін дамыту: ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "бәйшешек", "түймедақ", "күлтелері", "дала гүлдері", "бөлме гүлдері", "қызғалдақ" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Вазадағы гүлдер, гүлдің құрылысының суреті, "Ә.Қастеевтің "Гүлденген алма ағаштар" суреті, гүлдің өскіні, шелек, құралдар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай гүлдер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Сурет салсам".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

«Сурет салсам - гүл саламын,
Гүлге толып тұрса алаңым»- деймін мен.
«Сурет салсам – күн саламын,
Күндей күліп тұрса маңым»- деймін мен.
«Сурет салсам - қала салам,
Болсын барлық баласы аман»- деймін мен.
«Сурет салсам - Адам салам,
Қорған болсын, маған, саған»- деймін мен.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Аудиожазба тыңдау.

Ғажайып сәт.
- Балалар, бүгін тіпті құлпырып, әдемі болып кетіпсіңдер. Гүлдей жайнап, өсе беріңдер! Мен сендерге жұмбақ айтамын, оның шешуін тапсаңдар, бүгінгі оқу қызметтің тақырыбын білесіңдер.

Жұмбақ жасыру.
Құлпырса қадірлейді, аялайды,
Қураса сыпырғышқа жарамайды.
- Бұл не, балалар? Оның шешуі гүл.
Педагог балалардың назарын вазада тұрған гүлдерге аударады.
- Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер!
- Сендердің үйлеріңде гүлдер бар ма? Қандай гүлдер бар? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет.
- Ендеше бүгін мен сендерді «Гүлдер әлеміне» шақырамын. Гүлдердің түрлерімен танысамыз, пайдасы туралы әңгімелесеміз..

2.2. Гүлдер түрлері презентациясы..
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы аударады.
Слайд №1. Гүлдер үшке бөлінеді. Дала, бөлме гүлдері, емдік қасиеті бар гүлдер.
Слайд №2. Гүлдер: бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, түймедақ. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі. Дала гүлдері күтімді қажет етпейді. Раушан гүлі – әлемдегі ең әдемі гүлдердің бірі. Қызғалдақ - дүние жүзіне кең таралған әдемі гүлдердің бірі. Қызғалдақтың Отаны туралы пікір таластар өте көп. Бірақ Қызғалдақтың Отаны – Қазақстан!
Слайд №3. Бөлме гүлдері тек қана үйде өседі, ыдысқа топырақ салып отырғызады. Топтағы гүлдерге су құйып, жапырақтарын сүртіп күтуіміз керек. Бөлме гүлдері: спатифиллум (әйел бақыты), майлы өсімдік, кактус, фикус, пальма.
Слайд №4. Емдік қасиеті бар гүлдер. Каланхоэ өсімдігі бөлме гүлдері қатарына жатқызылады. Бұл әдемі әрі шипалы өсімдікке көп күтімнің қажеті жоқ. Тек күннің көзі түсетін терезенің алдына қойып, топырағы құрғай бастаған кезде бір суарып қойсаңыз болды.
Слайд №5. Жылыжайдағы гүлдер. Жылыжай - жылу сүйетін гүлдерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік беретін, қорғалған, жылытылатын, кендігі әр алуан құрылыс.
Слайд №6. Баубақшада гүлдейтін ағаштар өседі: алма, өрік ағаштары.
- Сонымен, біз қандай гүлдер жайында айттық, есімізге түсірейік.

2.3. Бейнежазба көрсету.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
Педагог гүлді көрсете отырып, балаларды гүлдің құрылысымен таныстырады.

- Гүлдердің құрлысы: тамыры, сабағы, жапырағы, тостағаншасы, күлтешелері, аталығы мен аналығы.
- Гүл дегеніміз - көбеюге қажетті, жыныс мүшелері бар, бұтақтанбайтын, түрі өзгерген, қысқарған өркен.
Гүлсіз бұлбұл сайрамас,
Гүлсіз дала жайнамас
Бізге нұрын шашады
Көздің жауын алады.
- Балалар, сендер гүл туралы қандай өлеңдер білесіңдер?

2.4. Көркем сөз.
Педагог балаларға Өтебай Тұрманжановтың "Көктем келді гүл алып" өлеңін оқиды.
Балалар-ау, балалар!
Шақырады далалар.
Көктем келді гүл алып,
Құстар келді жыр алып.
Қос білекті сыбанып,

Жүгірейік қуанып.
Қыр басына шығайық,
Көктем тілін ұғайық.
Қызғалдақты терейік,
Теріп үйге келейік.
Көбелектей киінген,
Гүлді көріп сүйінген,
Алақайлап жүгірген,
Қып – қызыл бет – бүлдірген,
Қарындасқа қаршадай,
Жас балапан аршадай,
Гүлдің шоғын берейік,
Қуанғанын көрейік.
- Өлең не туралы? Гүлдер қандай болады? Балалар өз ойларын айтады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
Гүл өсірем үйде, (жоғары қол көтереді)
Су құямын гүлге. (қолмен су құяды)
Гүл күткенді біледі, (тербеледі)
Бойын сылап күледі, (бойын қолымен сыйпайды)
Күнде гүлін ашады,
Жұпарын маған шашады.(қолын желпейді)
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Ертегі айту.
Бір күні гүлден тұрған бау-бақшаның қасынан ұшып бара жатқан жел бір жағымды жұпар иісті сезеді, Бақшадан аңқып тұрған бұл қандай жұпар иіс?- деген оймен гүлдеп тұрған ағаштың біріне жақындайды. Ағаштың бұтақтарында жайқалып тұрған нәзік гүлдерге таңырқай қарайды, "Неткен ғажап, әдемі еді!" - деп таңданады. Біраз уақыт өткен соң ол тағы сол бақтың қасынан ұшып бара жатып, гүлдерді тамашаламақ болып тоқталады. Бірақ жұпар иісті нәзік гүлдердің орнына хош иісті алмалардың өсіп тұрғанын көреді. Ол тағы да таңырқап, "Айнала қалай өзгерген, мынау бір ғажап екен!" - дейді.
Педагог балаларға қандай жеміс ағаштарын және қандай жемісті ұнататындарын сұрап, жұмбақ жасырады:
Көктемде ақ гүл оранады,
Күзде қолға доп оралады. (алма)
Педагог Е.Елубаевтың «Апорт» өлеңін оқиды.
Апорт деген алма бар,
Алматы оның Отаны.
Ондай алма қайда бар?
Жерді жарған атағы.
Күзде жайнап ашыла,

Күннің нұры көшкендей.
Алма ағаштың басында,
Қызыл қарбыз өскендей.
- Балалар, сендер алманы жақсы көресіңдер ме? Алманың қандай пайдасы бар? Балалардың жауаптары.

2.7. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады.
Керекті құралдар: гүлдің өскіні, шелек, құралдар.
Барысы:
- Балалар, мен сендерге тәжірибе жүзінде гүлді қалай отырғызып, қалай күтіп баптау керектігін көрсетемін.
- Алдымен, гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Алдында дайындап қойды.
- Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры шыққан өскінді сол топыраққа отырғызамыз.
- Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алу үшін топырағын қопсытамыз.
Педагог балаларға гүлге су құйғызып, топырағын қопсытқызады.
- Балалар, гүлдер өздерінше қуана да, мұңая да алады екен
Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды.
Кезекшілер табиғат бұрышын реттейді.

2.8. "Бағбан" сөздік ойыны.
Мақсаты: гүлдердің атын атау.
Барысы:
Балалар шеңберге отырады, педагог оларды «Бағбан» ойынын ойнауға шақырады. Педагог ойынды бастайды:
- Мен Бағбан болып дүниеге келдім, қатты ашуландым, басқа гүлдерден шаршадым, сол гүлден басқа...» Содан кейін балалар бірінен соң бірі ойынға қосылып, өздерінің жауаптарын айтады. Ойын нәтижесінде балалар өздеріне таныс гүлдердің аттарын атайды.
- Балалар, сендермен өте көңілді, өте қызықты! Мен сендерге тосын сый жасағым келеді. Көздеріңді жұмып, 5-ке дейін санаймыз! 1, 2, 3, 4, 5!
Бағбан балаларға гүлдерді сыйға таратады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік? Гүлдер туралы.
- Гүлдер нешеге бөлінеді? Гүлдер үшке бөлінеді.
- Дала гүлдерін атаңдар. Раушан гүлі, қызғалдақ, бақ-бақ.
- Бөлме гүлдерін атаңдар. Әйел бақыты, доллар гүлі, кактус, фикус, пальма.
- Емдік қасиеті бар гүлдерді атаңдар. Алоэ, түймедақ, каланхоэ.
- Гүлдер әдемі болып өсу үшін не істеуіміз керек? Суару керек, қопсыту керек.
- Гүлдерді қандай мақсатта қолданамыз? Балалар өз ойларын айтады.

- Сендерге не ұнады? Балалар өз ойларын айтады.
- Тыйым сөздер айтайық:
Көкті жұлма.
Гүлді жұлма.
Шөпті таптама.
- Табиғатты, өсімдіктерді қорғау - біздің міндетіміз. Ағаш, гүл отырғызып, күту керек. Олар ауаны тазартады. Айналаға әдемілік, әсемдік береді. Жақсы көңіл–күй, қуаныш сыйлайды.

«Әсемдік әлемі»

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету; сөздік қорын байыту; жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасауда жауапкершілік таныту.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "герань", "фикус" , "аспедистра", "қазтабан", "традесканция", "хлорофитум", "су құйғыш"," су шашу", "қопсыту" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Ағаштар, бұталар, гүлдер" суреті, бөлме өсімдіктері, бөлме өсімдіктерінің суреттері, мнемокесте, таяқшалар, шүберектер, суқұйғыш, "Бөлме өсімдіктері" презентациясы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Бақшамызға барғанда".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға.

Ертемен ақ пейілмен:
«Қайырлы таң!» деймін мен.
Күндіз де елді елеймін,
«Қайырлы күн!» - тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін:
«Кеш жарық!» деп кіремін.

Балалар қол ұстасып, шеңберге тұрып, бір-біріне тілектер айтады. Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог жұмбақ жасырады:
Жазда жатсаң - көлеңкесін алады,
Қыста жақсаң - жаның рахат табады.
- Ол не? Ағаш.

Сурет бойынша жұмысты жүргізеді.
- Ағаш деген не? Ағаш - сабақтары мен тамырлары сүректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдік.
- Өсімдіктерді атаңдар. Ағаштар, шөптер, гүлдер - өсімдіктер.
- Олардың адамға қандай пайдасы бар? Олар ауаны тазартады.
- Өсімдіктер неден өседі? Тамырдан, тұқымнан, бұтақтан.
- Көктем мезгілінде өсімдіктердің қандай өзгерістері болады? Көтемде адамдар өсімдіктердің артық бұтақтарын қиып, қайтадан жас өсімдіктер өсіреді.
- Біздің топтағы табиғат бұрышында не бар? Балалардың жауаптары.
- Олай болса, біз бүгін табиғат бұрышында жұмыс істейміз.

2.2. Педагог балаларды табиғат бұрышына баруды ұсынады. Педагог табиғат бұрышындағы гүлдерді көрсетеді. Бөлме өсімдіктерін бақылау жүргізеді.
- Табиғат бұрышында әдемі гүлдер бар.
- Оларды неге бөлме өсімдіктері деп атайды?
- Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты несі бар? Тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.
- Гүлдерді қалай күту керек, білесіңдер ме? Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, өсімдіктердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан оларға су құю керек. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін топырағын қопсыту керек.
- Балалар, өсімдіктердің атын атап көрейікші.
Педагогтың көмегімен бөлмедегі өсімдіктердің атауларын атап шығады:

бегония, бальзами, герань, хлорофитум.
- Өсімдіктердің бәріне ортақ ұқсастығын айтып беріңдерші.
Олардың тамыры, сабағы, жапырағы бар.
- Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Гүлдердің жапырақтары әртүрлі, бірінің сабағы жуан, бірінің сабағы жіңішке.
- Бүгін біз гүлдердің тірі организм екенін дәлелдейміз. Өсімдіктер өседі, су ішеді, ауамен демалады, өсуін тоқтатады.
- Балалар, қалай ойлайсыңдар, гүлдердің аузы жоқ болса, қалай қоректенеді, су ішеді? Олар тамыр арқылы топырақтан суды өзіне тартады.
- Ал, ауамен қалай демалады? Жапырағы арқылы демалады.
- Олай болса, балалар, тәжірибе жасауға кірісейік.
- Тәжірибе алдында бөлме өсімдіктерінің аттарын есімізге алайық.

2.3. "Бөлме өсімдіктері" презентациясы.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
Мынау алоэ өсімдігі. Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэнің емдік қасиеті бар, одан дәрі-дәрмек жасайды. Бөлменің энергетикалық қалпын жақсартады.Егерде бір жеріңізді жарақаттап алсаңыз, сол жерге осы алоэні кесіп, шырынын жақсаңыз, тез жазылып кетеді.
Қазтабан – адамның ашуын басады. Ол адам ашуланғанда сабыр сақтап, тынышталуына әсер етеді.
Традесканция - көреалмаушылық қасиетін жояды. Сондықтан жанында қызғаншақ адамдар барларға жақсы көмектеседі. Қызғаншақ, көре алмаушылық сияқты жаман әдеті бар адамдарды біраз сабасына түсіреді.
Фикус – шаңсорғыш сияқты жұмыс жасайды. Сондай-ақ, бөлме ішін ылғалдандырып, уытты заттардан тазартады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды.
Хлорофитум – ең пайдалы бөлме гүлдердің бірі.
Хлорофитум тұқымдасына жататын өсімдіктердің 215-ке жуық түрі бар. Жапырақтары қияқ тәріздес, гүлдері ұсақ, төрт күлтелі, ақ түсті болады. Жапырақтары уытты заттарды жұтып, ауаны тазартады. Мамандар бұл гүлді, әсіресе, ас үйде және жатын бөлмеге қоюға кеңес береді.

2.4. Тәжірибелік әрекет.
Балалар алжапқыштарын, қалпақтарын киеді.
Керекті құралдар: бөлме өсімдіктері, шүберектер,
Тәжірибе №1.
Герань гүлінің жапырағын қолдарымен ұстап көрулерін ұсынады. Гүлді иіскеп көрулерін және жапырағын шүберекпен сүртулерін ұсынады.
Қорытынды: Гүлді иіскегенде, өзіне тән иіс болады.
Тәжірибе №2.
Алдарына фикус гүлін қояды. Бұл гүлді де иіскеп, сипап көрулерін және не байқағандарын сұрайды.
Қорытынды: Фикус гүлінде өзіне тән иістің жоқ екенін, жапырағының жалпақ және тегіс екенін айтады.

Тәжірибе №3.
Аспедистра гүлін алып, жапырақтарын алақандарына салып көрулерін ұсынады. Гүлдің жапырақтарының қандай екенін сұрайды. Алдыңғы екі гүлмен салыстырып көрсетеді.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.5. Тәжірибе №4.
Керекті құралдар:мнемокесте, таяқшалар, шүберектер, суқұйғыш.
- Енді өсімдіктерді қалай күту керек екендігін мнемокестенің көмегімен көрсетейік.
- Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? Ауа, су, жарық керек.
- Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық.
Балалар әрекеттерді педагогтың нұсқауымен орындайды.
1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз.
2. Қалың жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз.
3. Су құямыз.
4. Ал жұмсақ жапырақтарға су шашамыз.
- Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін күтім жұмысын қалай орындау керек?
- Жарайсыңдар, балалар! Гүлдеріміз көркейіп, әдемі болып өседі.
Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Кезекшілер жұмыс орнын ретке келтіреді.

2.6. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Біз гүлдерше өсеміз,
Жапырағы жайқалған.
Сабақтары салалы,
Желге ырғалып шайқалған.
Міне, гүлдің бүршіктері,
Ашылады әдемі.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.7. "Мақал-мәтелдің жалғасын тап" сөздік ойыны.
Педагог балаларға гүлдер туралы мақал – мәтелдердің жалқасын айтуды ұсынады.
Гүл ашылмай, бұлбұл ..... (сайрамас)

Қыз өссе – елдің көркі.
Гүл өссе – .....(жердің көркі)

Гүлдің тоны қырық жамау, бірақ ..... (исі бар)

Гүл қайда болса көбелек..... (сонда)

Гүл өмір .....(қызығы)

Гүл сабағымен қадірлі,
Ас .....(табағымен қадірлі)

Гүлсіз болса жер мұнды,
Күлкісіз болса .....(ел мұңды)

Гүлсіз бұлбұл .....(үнсіз)

2.8. Педагог балаларға Болат Үсенбаевтің "Гүл өсірдім бөлмеме" өлеңін оқиды.

Көркі болған үйімнің,
Гүлді көрсем сүйіндім.
Қызыл, аппақ гүлдерім
Күнменен мың құбылдың.
Сол гүлдерден әртүрлі
Жұпар иіс аңқиды.
Гүлбағбан боп баптаумен
Өткіземін әр күнді.
Бабын тауып күткемін,
Арам шөбін үптедім.
Мезгілінде су құйып,
Қопсытамын түптерін.
Өсті гүлім найқалып,
Жапырағы жайқалып.
Биіктеді бойы да
Таң арайын қарсы алып.
Үлгі болып өзгеге,
Гүл өсірдім бөлмеме.
Сұлулықтың сыйлығын
Апарамын көрмеге.

- Өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз қандай өсімдіктер туралы әңгімелестік? Бөлме өсімдіктері.
- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар? Балалардың жауаптары.
- Гүлдердің сырт келбеті қандай? Тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.
- Бүгін бақылаған гүліміздің аты қандай?
- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады?
- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар? Бізге қуаныш сыйлайды. Дәрі – дәрмек жасайды. Бөлменің ауасын тазартады.
- Бөлме өсімдіктерін үнемі суарып, топырағын қопсыту қажет.

Жерден нәр деп топырақ салдым.
Күннен нұр деп гүлді топыраққа отырғыздым.
Судан күн деп гүлге су құйдым.

Ауадан дауа деп гүлді терезенің алдына қоямын.

«Қағаздың сыры»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағаздың қасиеті қасиетімен таныстыру, қағаздың пайдасы мен зияны жайлы айтқызу. Балалардың қағаз сапасының әр түрлілігі туралы білімдерін кеңейту. (жұмсақ, жұқа, қатты жұмсақ) және құрамы (жыртылады, ұмаждалады, суланады)
Майлық қағаз бен альбом қағаздың құрылымына қарай қолдану туралы балалардың түсінігін кеңейту.
Балалардың танымдық белсенділігін, зерттеу жасауға қызығушылығын ояту.

Сөздік сжұмыс: умаждау, сулау, жырту.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қағаздар, су, майлықтар, Триз, Доман әдісі

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға,
Ертемен, ақ пейілмен,
«Қайырлы таң!» - деймін мен.
Күндіз де елді елеймін:
«Қайырлы күн!» - тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін:
«Кеш жарық!» - деп кіремін.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Балаларға жұмбақ жасыру

Өзі аппақ қардай,

Суретті де саламыз, қолды да сүртеміз. Қатты да жұмсақта болады. бұл не? деп ойлайсыңдар?

Қағаздардың түрлерімен танысып зерттейміз

Балалардың жауабы

Қағаз

Балалар қызыға кірісе бастады

Д/о: «Болады, болмайды?»

Сұрақ-жауап ойыны.

Әңгіме

Сұрақтарға дұрыс, тез, толық жауап қайтара білуге үйрету.

Қағазды неден жасайды?

Қағаз ағаштан жасалады.

Қағаздардың қасиетін ата?

Балалардың жауабы

Триз технологиясымен Саусақ гимнастикасы

Қағаздың түрлерімен «Сыйлық» жасау.

Балалар әр түрлі қағаздың қасиетімен танысып. Бүктеу үлгісі арқылы Альбом қағаз және майлық қағаздармен «Гүл» жасап үйренеді.

1. тәжрибе: «Қандай қағаз тез мыжылады?»

Жұмсақ, майлық қағаздар тез ұмаждалатыны туралы іс-әрекет арқылы ұғынды.

2. тәжірбие: «Қандай қағазға күш жұмсалады?»

Қатты картон қағазды жырту үшін күш жұмсалады.

3. тәжірбие: «Қандай қағаз түрі тез суланады және ыдырайды?»

Әр түрлі қағазды стакандағы суға салу арқылы өзгерген қағаздарды бала өз тәжрибесінде айтады. (ең тез суланатын және ыдырайтын майлық қағазы)

4. тәжірбие: «Қандай қағаз жерге тез түседі?»

Балалар қағаздарды лақтырады. Жерге тез түсетін қатты қағаздар жерге тез түсетінін анықтады.

Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Кезекшілер жұмыс орнын ретке келтіреді.

2.6. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Ұшады ауада,

Қонады жерге де,

Жел болса бірақта,

Қонарын білмеген

Тақпақ айту:

Ұшымен қазық

Тор көзді жазық.

Үстіне өттім,

Асыл сөз жазып.

Қайталайды, үйренеді

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балалар біз бүгін зерханалық бұрышта нені зерттеп, немен тәжрибе жасап көрдік?

Қағаздардың қасиеттерін білдік.

Қандай қасиетін үйрендіңдер?

Балалардың жауаптары айтылды.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Қағаздардың түрлерін айырмашылығын

Болу: Қағаздың қасиетің, шығу тарихын туралы түсінігі

Жасай алу: Оригами тәсілімен әртүрлі заттар

«Құммен зерттеу жұмыстары және тәжерибе жүргізу»

Оқу қызметінің мақсаты

1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.

2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, қолдардың ұсақ моторикаларын дамыту.

3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым - қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.

4. Қиялды, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік - логикалық ойлауды, көрнекі іс - әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс - әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу.

Құм терапиясына керекті құрал-жабдықтар:

Құм терапиясында стандартты өлшемде (50 х 70 х 8 см) ағаш тақтай, құм, су және ұсақ пішіндер жиынтығы қолданылады. Құмзардың түбі мен жиегі көгілдір түске боялады, ол аспан мен суды модулдеуге мүмкіндік береді. - адам кейіпкерлері; - жануарлар (үй, жабайы, тарихқа дейінгі, теңіз және т. б.); - көліктер (құрғақта жүретін, суда жүзетін, ғарыштық және т. б.); - өсімдіктер (ағаштар, гүлдер, көкөністер, жаңғақтар және т. б.); - табиғи заттар (ұлутастар, бұтақтар, әр түрлі пішіндегі тастар және т. б.); - лақтырым материялдар (пласмасс ыдыстар, тығындар және т. б.); - Пластикалық немесе ағаш әріптер мен сандар, геометриялық пішіндер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды мотивациялық қозғаушы шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қол алысып, кәне біз,

Достасайық бәріміз

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрыңдар шеңберге.

Қандай жақсы бір тұру,

Достарменен бір жүру!

Балалар бір біріне қолдарын беріп шаттық шеңберді айтады.

Бір сөзбен айтқанда, қоршаған әлемде кездесетін заттың бәрі «коллекцияда» лайықты орынға ие бола алады. Егерде ойын кезінде қандай да бір бейнелердің фигуралары жетіспесе, оларды ермексаздан, қамырдан илеп, қағаздан қиып жасауға болады. Бала құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын ішкі сезімдерін сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

- Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясын 3 жастағы балалармен бастауға болады. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ менің тәжірбиемде терапияның еркін әдіс екені көрсетіледі.

Әрекет үстіндегі құмды қолдану.

Тіл құзіреттілік дамыту сабақтарында мен келесі әдіс-тәсілдерді қолданамын:

1. Әңгімелесу «бөлмедегі құммен ойнау ережелері» бұл сабақта мен топттағы не істеуге болады және не істеуге болмайтының талқылаймыз (құмды шашуға, лақтыруға, басқа жерге тасуға т.б.)

2. Балаладың өз тәжірибесі туралы әңгімелесу «Құммен ойнағанда мен не сеземін». Балалар өз сезімдері, құммен ойнау барысындағы туындаған қиялдары туралы әңгімелейді.

3. Сусымалы құмды қарастыру (Құм сағаты) «Менің сезінулерім». Балалар сусымалар құмды, бірнеше рет аударып отырып бұл процесті өте ұзақ қарап отыра алады. Бұл көрініс оларды қатты қызықтырады. Содан кейін олар өз сезінулері туралы әңгімелейді.

Математика сабақтарында төмендегіндей жаттығуларды қолданамын:

1.«Өлше де сана». Балалар қасықпен құмды өлшейді және санын санайды.

2.«Түрлі өлшемдермен өлше». Бірдей мөлшердегі құмды балалар түрлі белгілері бар қасықтармен өлшеп салыстырылады және санын санайды.

Сурет сабақтарында келесі сабақ түрлерін қолданамын:

1. «Құммен сурет салуды үйренеміз». Осы сабақты балалармен бастапқы кезеңде әрқайсысымен жекелеп өткіземіз. Бір заттың бейнесін саламыз немесе көшірме қағаз арқылы бейнелейміз. Суреттің ортасына жіңішке қылқаламмен желім жағып үстіне құм себеміз, 1-2 минуттан соң артық құмды алып тастаймыз да, қайта өз ыдысына қалдық құмды саламыз.

2. «Суретті құммен саламыз». Сабаққа түрлі түсті гуашпен боялған және түрлі табиғи реңкі бар құмдарды қолданамыз. Түрлі түсті құмды біртіндеп желіммен әр түсті жеке алып отырып суретті шығарамыз.

3. «Бауырсақ және түрлі безендірілген қуыршақтар» дымқыл құмнан мүсіндеу.

Құм ойындары

Қыстың суық күндерін де сыртқа шығу мүмкін болмаған жағдайда балалармен құммен ойнайтын түрлі ойындар ұйымдастырылады.

Ойын түрлері:

1. «Ненің ізі».

2. «Келесіге бер»

3. «Сезімтал алақандар»

4. Еркін ойындар»

Бала тәрбиесінің басты ошағы отбасы десек,құм терапиясының маңыздылығы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың болуына үлкен үлес

қосады.Бала құммен ойынды тек балабақшада ғана ойнап қана қоймай, үйге барғанадада сол ойынды жалғастырады. Осы орайда балабақша мен ата-ананың байланысын нығайту барысында ата-аналарға үйге төмендегідей тапсырмалар беріп отырамын.

Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары:

1. «Коктейль трубочкалары»

2. «Моншақтар»

3. «Фасольды теру»

4. «Жіпті орау»

5. Сусымалы заттарды сапыру»

Қорытынды.

Қорыта айтқанда «Құм терапиясының» негізін қалаушы Карл Густав Юнг «Қиялдау - ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама-қарсы сыртқы және ішкі дүние бірге қосылады» деген. Демек бала қиялындағы сөзбен айтып жеткізе алмайтын дүниесін құмға түсіре алатындығына көзім жетті.

Бала қолымен және табиғатпен жасалған шынайы, тартымды және тартымсыз пішіндерді қолданады, ал қолдан жасалған заттар шындықты қабылдауға көмектеседі.

Құм терапиясы арқылы баланың мынадай құзіреттіліктерін дамыттым:

● Шығармашылық

● Танымдық

● Интеллектуалдық

● қарым–қатынас

Құмзар ойындарды, жаттығуларды пайдалану балалардың эмоциясын, шығармашылығын, зейіндерін, қабілеттерін дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан - жақты етіп қалыптастыру бірлікте шешімін табады. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай,

жалықтырмай, жан - жақты дамуына «Құм терапиясының» тигізер үлесі өте зор.

«Жаз мезгілінің ерекшеліктері»

Оқу қызметінің мақсаты

Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру; есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Сөйлемде "кемпірқосақ", "жаңбыр", "көбелек", "қанқыз", "ыстық", "қапырық" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Конверт, 4 жыл мезгілінің суреттері, жәндіктердің суреттері, гүлбағы макеті, фланелеграф, гүлдердің, көбелектердің суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай таяқшаға жіппен байланған түрлі-түсті көбелектер

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға,
Ертемен, ақ пейілмен,
«Қайырлы таң!» - деймін мен.
Күндіз де елді елеймін:
«Қайырлы күн!» - тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін:
«Кеш жарық!» - деп кіремін.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға әдемі конверт көрсетеді.
- Балалар, бізге хат келіпті. Жай хат емес, дауысты. Кәне, тыңдайық!
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен жыл атасымын. Маған көмек қажет. Ұл-қыздарым кезекпен қонаққа келетін. Сыйлықтарын әкелетін. Ашулы Сиқыршы оларды сиқырлап, бәрін шатастырып тастады. Көмектесіңдерші. Жыл мезгілдерінің суреттерін жіберіп отырмын.
Педагог тақтаға суреттерін іліп қояды, суреттердің реттері бұзылған.
- Балалар, жыл атаға көмектесеміз бе? Ол үшін дайындық жаттығуын жасайық:
Барлығымыз табиғатты сүйеміз,
Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.
Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,
Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!
- Балалар, дайынсыңдар ма? Олай болса, суреттерге назар аударайық.

2.2. "Жыл мезгілдері" суреттері бойынша әңгімелесу.
Педагог балаларға суреттерді көрсетеді.
- Балалар, егер жұмбақтардың жауабын дұрыс тапсаңдар, жыл мезгілдері ретімен тұра қалады:
Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Күзде.
Аяз қысып,өрнек сызып,
Терезені торлайды
Кейде ұлып,кейде ысқырып,
Ұйытқып боран соғады.
Қарға омбығып,бет домбығып,

Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Қыста
Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай – салаға толады.
Ағаш басы бүршік шашып,
Гүл, бәйшешек толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Көктемде.
- Балалар, суреттерді ретімен дұрыс қойдық. Ал мына суретке мұқият қараңдаршы. Қандай әдемі сурет.
- Бұл қай мезгіл екен? Жұмбағымды шешуге дайынсыңдар ма?

2.3. Педагог жаз туралы жұмбақ жасырады.
Өрік алма,
Жидек жүзім піседі.
Қауын қарбыз,
Қияр, сәбіз дүкендерге түседі.
Астық пісіп, орақ түсіп,
Қырман дәнге толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Жазда.
- Дұрыс, балалар, көктем мезгілінен кейін жаз да келеді.

Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
- Балалар, бір сәт өзімізді сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.
- Айнала қандай?
- Ауа қандай?
- Терезеге не түсіп тұр?
- Жаз қандай болады? Балалар өз ойларын айтады.
- Жаз мезгілі сендерге ұнайды ма?
- Неге? Балалар өз ойларын айтады.
- Көктем мезгілінен кейін жаз келеді. Жаз айлары - маусым, шілде, тамыз. Жаз – жылдың ең ыстық мезгілі. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жаз айында табиғат қысқы ұйқысынан оянып, бақтарда әр түрлі құстар ән салады. Жаз айының ауасы да ерекше. Жазда жазғы демалыс болады. Демалыста біз демаламыз. Жаз айында адамдар ерте тұрып, кеш жатады. Өйткені бұл кезде жұмыс көп болады.

2.4. Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады. Жәндіктердің суреттерін көрсетеді.
- Күн жылығанда шөптің арасында нелер пайда болады? Шыбын, құмырсқа, маса, ара, инелік, қанқызы, құрт, өрмекші, қоңыз, көбелек.
- Ал олардың бәрін бір сөзбен қалай айтамыз? Жәндіктер.
Жәндіктер жер шарында кеңінен тараған, олардың көптеген түрлері бар. Зиянды, жыртқыш және пайдалы жәндіктер болады. Ара бал жинайды, құмырсқа мен көбелек гүлдер мен ағаштардың көбеюіне көмектеседі. Маса,

шыбын, жұлдызқұрт - зиянды жәндіктер, өйткені гүлдердің, ағаштардың жапырақтарын жейді. Шегіртке, инелік, қанқызы - жыртқыш жәндіктер, өйткені басқа жәндіктерді жейді.

Педагог балаларға қағаздан жасалған әдемі көбелектерді көрсетеді.
- Балалар, қараңдаршы, көбелектер қандай әдемі? Енді, балалар, біз көбелекке сияқты ұша аламыз ба?
- Олай болса, қанатымызды жайып, аяқтың ұшымен ұшамыз.
Сөздік қимылды ойын. Балалар сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды.
Гүлдер, гүлдер көктесін,
Көбелектер көп келсін.
Ақ қанатты көбелек,
Бақшамыздан кетпесін.

2.5."Көбелектер ұшты" демалу гимнастикасы.
Балалар орындарына отырады.
- Көбелектер не істей алады? Ұшады, қонады, қалықтайды. Олармен ойнап көрейік, көбелектерге қарап бәріміз үрлейік.
Мұрнымызбен дем алайық,
Аузымызбен дем шығарайық.
Терең дем алып, жаймен үрлейміз.
- Әлемде көбелектің 160 мыңнан астам түрі бар . Бір қызығы қанатын қағып ұшқанда көздің жауын алатын көбелектер не бәрі бір апта ғана өмір сүреді екен.
- Көбелек бізді өзі тұратын, жәндіктер мекендейтін гүл бақшаға шақырады.

Педагог балаларды гүлдер гүлбағына баруды ұсынады.
Алдарына гүлбағы макетін қояды.
- Балалар, қараңдаршы, қандай керемет, көбелектің мекендейтін гүлбағы өте әдемі. Көбелектің мекендейтін гүлбағында әдемі гүлдер көп. Енді осы әдемі гүлдерді барлығымыз иіскейікші! Әдемі жұпар иіс шығады.
Гүлім, гүлім, өсе бер,
Әдемі боп, асыл боп.
Күндей жайнап кете бер,
Қызыл, сары, жасыл боп.
- Біз гүлді не үшін өсіреміз? Әдемілік үшін, әдемі көбелектер қонуы үшін.
- Гүлдер әдемі болып өсу үшін не қажет? Су, жарық, ауа қажет.
- Гүлдерді жұлуға бола ма? Гүлдерді жұлмаймыз. Гүлдерді аялап, баптап, күнде су құйып, күту керек.

Педагог балалардан гүлдердің түстерін сұрайды.

2.6. Педагог «Көбелектер гүлге қонды» ойынын ойнауды ұсынады.
Керекті құралдар: фланелеграф, гүлдердің, көбелектердің суреттері.
Мақсаты: фланелеграфтың төменгі бөлігіндегі гүлдерге көбелектің ұшып келіп қонғанын бейнелеу, гүлдердің және көбелектердің түстерін ажыратып, атай білуге үйрету, "төмен", "жоғары", "астында", "үстінде", "сол жаққа", "оң жаққа" ұғымын үйрету.
Барысы: Педагог фланелеграфта орналасқан гүлдерді көрсетіп, өлең оқиды:
Өзім еккен былтырғы
Ауламызда гүл тұрды.
Мен күн сайын суардым,
Ол күн сайын құлпырды.
Гүлдердің түстерін сұрайды. Көбелектерді "төмен", "жоғары", "астында", "үстінде", сол жаққа", "оң жаққа" орналастыруды ұсынады.
- Ұшып жүрген көбелектер де гүлдерге қызығып, қонғысы келеді.
Педагог көбелектердің ұшып жүргенін бейнелеп, біреуін фланелеграфтың жоғарғы жағына орналастырады. Қалған көбелектерді олардың қолдарына беріп, ұшып жүргенін бейнелетіп орналастырады.
Балалар көбелектерді алып, гүлдердің үстіне қонғанын бейнелейді.
Педагог көбелектердің, гүлдердің түстерін сұрайды. Балалардың іс-әрекетіне талдау жасайды.

2.7. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
- Кәне, балалар, шаршаған боларсыздар. Сергіту жаттығуын жасайық:
Жаңбыр бітті, алақай!
Далаға шық, балақай!
Кемпірқосаққа қара,
Әрбір түстерін сана!
Бірінші түсі оның – Қызыл қызғалдақтай.
Екінші түсі оның – Қызғылт - сары балдай.
Үшінші түсі оның – Сап - сары тарыдай.
Төртінші түсі оның – Көгілдір аспандай.
Бесінші түсі оның – Жасыл жапырақтай.
Алтыншы түсі оның – Көк көлдің суындай.
Жетінші түсі оның – Күлгін орамалдай.

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
- Жаңбырдан кейін балалар аспанда кемпірқосақ болады.
- Кемпірқосақ қалай пайда болады? Кемпірқосақ – аспан күмбезінде түрлі түсті доға түрінде көрінетін атмосферадағы оптикалық құбылыс. Ол аспанның бір жағында торлаған бұлттан жаңбыр жауып, қарсы жағында жарқырап күн шығып тұрған кезде көрінеді.
- Балалар, сендерге қызықты болды ма?

2.8. Көркем сөз.
Педагог Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» өлеңін айтады.
Жаз келіпті дегенше,
Алма пісті дегейсің.
Бағымызда ендеше,
Алма теру көбейсін.
Жаз келіпті дегенше,
Қарбыз пісті дегейсің,
Бақшамызда ендеше,
Қарбыз жинау көбейсін.
- Өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз бүгін не туралы әңгімелестік? Жаз мезгілі туралы.
- Сендерге ұнады ма? Не ұнады? Балалар өз ойларын айтады.
- Жаз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Жаз – жылдың ең ыстық мезгілі. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жаз айында табиғат қысқы ұйқысынан оянып, бақтарда әр түрлі құстар ән салады. Жаз айының ауасы да ерекше.
- Қандай жәндіктермен таныстық? Атап беріңдер.
- Кемпірқосақ көрдіңдер ме? Балалар өз жауаптарын айтады.
Көңіл-күйіміз қандай? Тамаша!
Жаз мезгілі қандай? Тамаша!.
Ауа райы қандай? Тамаша!
Жазғы демалыс қандай? Тамаша.!

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН»
№13 "Гүлдер" бөбекжай
балабақша меңгерушісі:

_____М.А. Бибосынова.

МАД «Гүлдер» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті

Тексерілді:

Әдіскер: Тунгатарова Ш.

2021-2022 оқу жылы

МАД «Гүлдер» тобының 2021-2022 ж

«Шебер қолдар »Вариативтік компоненті.

№	Тақырыптары.	Мақсат міндеттері.	Сағат саны.
		Қыркүйек айы	
1	**«Қағаздан не құрастырылады?»**	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.	**1**
2	**«Мысық пен тышқан»**	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
3	**«Саңырауқұлақ» оригами»**	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.	**1**
4	**«Тасбақа»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
5	**«Досыма арналған альбом»**	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту.Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	
		Қазан айы	
6	**«Гүлдер. Қағаздан біріктіру»**	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	**1**
7	**«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами**	Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	**1**
8	**«Жұлдызқұрт»**	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.	**1**
9	**«Кірпі»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
		Қараша	
10	**«Балық»**	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.	**1**
11	**«Шырпы қораптарынан машина жасау»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**

12	**«Сандықша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.	**1**
13	**«Жол белгілері»** Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	**1**
		Желтоқсан	
14	**«Шырша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету. Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
15	**«Аққала»**	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасату.	**1**
16	**«Жаңа жылдық безендіру»** (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	**1**
17	**«Қуыршақ театры»** (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
		Қаңтар	
18	**«Пингвин»**	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.	**1**
19	**«Өз бетінше жұмыс»**	Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.	**1**
20	**«Үй»**	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.	**1**
21	**«Көңілді шеберхана»**	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	**1**
		Ақпан	
22	**«Көгершін».** Оригами	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
23	**«Рамкалар жасау»**	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра білуге	**1**
24	**«Желкенді қайық»**	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.	**1**
25	**«Аналарға сыйлық»** (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.	**1**
		Наурыз	

26	**«Құстар ұясы»**	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.	**1**
27	**«Қамшы өру»**	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	**1**
28	**«Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»**	Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
29	**«Табиғи материалдармен жұмыс»**	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.	
		Сәуір	
30	**Ит** (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.	**1**
31	**«Үйрек»** (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту, Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.	**1**
32	**«Мимоза тармақшалары»**	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
33	**«Ұшақ»**	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	**1**
		Мамыр	
34	**«Кеме»** (Оригами)	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалластыру.Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.	**1**
35	**«Көбелек»** (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	**1**
36	**«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»**	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	**1**

№1

Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Қағаздан не құрастырылады?»
Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаздан қиылған жолақтар (ені 5см),ақ қағаз (А4), желім, қайшы, қолорамал, қылқаламдар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	**«Шаттық шенбері»** ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	«**Кім шапшаң?» ойыны** Тақтайшаның үстіне геометриялық пішіндерден бүтін бейне құрастыруды (түлкі,пирамида,кітап) ұсынады. «Сүйікті ойыншығым» тақырыбында балалармен әңгімелеседі. **Үлгі суретпен жұмыс** Жапсыру арқылы әртүрлі ойыншықтардың (арасында пирамида) үлгі суреттерін көрсетіп,балаларға сипаттатады. Пирамида ойыншығын жапсыруды ұсынады. **Жапсыру жолын** көрсетеді: ● қайшыны дұрыс ұстап ,қағаздан түрлі көлемдегі сопақшалар қию; ● үлкенінен бастап, реттілікті сақтай отырып, сопақшаларға желім жаққызып, қағаз бетінің ортасына жапсырту;	Ойынға қызыға қатысады. Сүйікті ойыншықтарын атап, сипаттайды. Үлгі суретті қызыға тамашалайды. Қағаздан түрлі көлемдегі сопақшаларды қияды. Сопақшаларға желім жағып, үлкенінен бастап, реттілікті сатай

	Сергіту сәті Қане, кімнің бойы ұзын? Паравозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. ● дайын бейнені сүлгімен басу.	отырып, қағаздың ортасына жапсырады. Пойыз болып,топты айналып,дыбыстап жүреді. Дайын бейнені сүлгімен басады.
Рефлексивті түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Қағаздың қасиетін.
Нені игереді? Түрлі көлемдегі сопақшалардан пирамида жапсыруды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№2
Білім беру саласы:«Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»
Мақсаты: Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, кепкен жапырақтар, кілей.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шеңбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**Жұмбақ** Ортасында қазығы, Бұтағында азығы. (Алма ағашы) **«Мен мықтымын!» ойыны** Бөлшектерден мысықты құрастыруды ұсынады. **Үлгі суретпен жұмыс** Алма, ақ қайың,терек,жүзім ағаштарының суретіне қарап әңімелеу. Күз айында жапырақтар сарғаятынын.жерге түсетіні жайлы мағлұмат беру. **Кепкен жапырақтардан «Мысық пен тышқанды» жасау.** **Жасалу реті:** ● бірінші кепкен жапырақтардан керегін таңдап алу.	Балалар жұмбақты шешеді. Ойынды қызыға ойнайды. Суретке қарап әңгілеседі.

	●жапырақтардан мысық пен тышқанның бейнесін жасау. ●бейнені таза ұқыпты етіп желімдеу. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. ●дайын бейнені сүлгімен басу.	Мұқият тыңдап, жұмыстың жасалу ретімен танысады. Мысық пен тышқанның бейнесін жасайды. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Ағаш түрлерін.
Нені игереді? Кепкен жапырақтардан мысық пен тышқан жасауды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№3
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» оригами
Мақсаты: Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.
Көрнекі құралдар:Қағаз түрлері,желім,қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 1. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 2. Атадан мал қалғанша,тал қалсын.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл

Ізденуші-ұйымдастырушы **Рефлексивті-түзетуші**	- Бұл мақалды не жайында айтылған. Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – саңырауқұлақпен танысамыз. Саңырауқұлақ орманда өседі.Саңырауқұлақтың көптеген түрлері бар.Саңырауқұлақтың адам жеуге болтын және болмайтын улы түрлері бар. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Саңырауқұлықты жасап үйренеміз. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеу арқылы саңырауқұлық жасау. Қиып дайындаған жұмысты жапсыру. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	 Қағаздан саңырауқұлақ жасайды. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже
Не білді: Гүл түрлерін білді.
Не меңгерді: Саңырауқұлақ туралы мәліметті меңгерді.
Не істей алады: Қағаздан саңырауқұлақ жасай алады.

№4
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Тасбақа»
Мақсаты:Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.
Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.
Көрнекілігі: жаңғақтан, ермексаздан жасалған тасбақа.
Билингвизм: тасбақа – черепаха.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.

Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға теледидардан тасбақа жайында деректі фильм көрсетемін. Балаларға тасбақа қосмекенділер тұқымына жататынын ,оның суда да, құрлықта да тіршілік ететінін әңгімелеп,түсіндіремін. Тасбақа – жұмыртқа арқылы көбейеді. Тасбақаның сауыты болтынын, қауіп туғанда сауытына жасырынады. Балаларға ермексаз жаңғақ қодану арқылы тасбақаны мүсіндейтінімізді айтамын. Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсетемін. Балалар жұмыс жасайды.	Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№5

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Досыма арналған альбом»

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Альбом түрлері. Үлгі.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**

Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға альбомның жасалу жолын түсіндіреді. - Балаларға парақ қағазды алып,біреуін дәл ортасынан бүктеп көрсетеді. - Балалар қайталайды,қалған бірнеше парақты алып,біріктіре ұстап,оларды ортасынан бүктейді. - Бүктелген қағаздарды бірінің үстіне бірін қойып,түптерін желімдейді. - Түрлі-түсті қағаздан альбом беттерінің төлшемімен бірдей мұқаба жасайды. - Альбомның мұқабасының шилене бір-біріне желімделген беттерді салады. - Лента байлайтын орынды тесу құралымен теседі. - Лентаны тесілген орыннан өткізіп,сәндеп байлайды. - Альбомның мұқабасын балалар қалауы бойынша немесе көрсетілген үлгі ге сәйкес безендіреді. - Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, бұл альбомдарға бос уақыттарында сурет салып, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

	Қорытындылау. Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

1. Балалар қағазды бір –біріне желімдей білуге үйренеді.
2. Балалар шыдамдылыққа, еңбексүйгіштікке үйренеді.

№6

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Гүлдер. Қағаздан біріктіру»

Мақсаты: Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету.

Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.
Көрнекілігі: Дайын үлгідегі күнбағыс,жіптер.
Көрнекі құралдар: Қағаз түрлері, жіптер.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 3. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 4. Атадан мал қалғанша,тал қалсын. - Бұл мақалды не жайында айтылған.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – күнбағыс гүлімен танысамыз. Күнбағыс күнді өте сүйеді және өскенде күн шығатын жаққа бетін бұрып тұрады.Ол өскенде бетіне шемішке өседі.Ол басқа гүлдерден ірі болады. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Өнер орталығы:Түрлі-түсті қағазды қиып,желімдеу арқылы үлгідегі суретке қарап күнбағыс жасау. Мақсаты:Шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұқыптылыққа үйрету. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру.	Қағаздан күнбағыс жасайды. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-түзетуші	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтау	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Гүл түрлерін білді.
Не меңгерді: Күнбағыс туралы мәліметті меңгерді.
Не істей алады: Қағаздан күнбағыс жасай алады.

№7
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами
Мақсаты:Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.
Көрнекілігі:Себет, слайд.
Көрнекі құралдар:ермексаз,тұзды қамыр,сазбалшық,себет.
Билингвизм:Себет-корзина.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жылы лебіз білдіреді.	
Ізденуші-ұйымдастырушы	**Әңгімелесу.** - Балалармен күз мезгілінің ерекшелігі ,күзгі еңбек жайында әңгімелесемін. - Піскен жемісті,көкөністі себетке жинап жатқан балаларды көрсетіп әңгімелеймін. - Балалар бүгінгі оқу іс-әркетімізде біз ермексазбен себет жасаймыз. - Балаларға себет жасау әдісін көрсетіп,түсіндіремін. - Балалар жұмыс жасайды. **Сергіту сәті** **Мақал-мәтел** 1.Еңбек түбі зейнет. 2.Еңбекпен тапқан нан тәтті. **Қорытындылау.**	Балалар мұқият тыңдайды. Жұмыс жасайды. Мақалды жаттау.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Күз мезгілінің ерекшеліктерін.
Не меңгерді: Күзгі өнімдерді.
Не істей алады: Қағаздан себет жасауды.

№8
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Жұлдызқұрт»
Мақсаты: Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: жер жаңғақ,ағаш жапырақтары, бояулар.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш **Ізденуші-ұйымдастырушы** **Рефлексивті-түзетуші**	**Жылулық шеңбері:** Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз. - Балалар менің қолымда ненің суреті бар - Дұрыс айтасыңдар. Балалар біз жұлдызқұрт жасап үйренеміз. ● Алдымен өзімізге қажетті ағаш жапырағын аламыз. ● жапырақ бетіне жер жаңғақты қойып құртты жасаймыз. ● бояумен көзін салу. **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Жұлдызқұртты жасауды.
Не меңгерді: Жер жаңғақты ағаш жапырақтарын пайдалану арқылы жұлдызқұрт жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяқтауды.

№9
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Кірпі»
Мақсаты: Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: шишкалар, ермексаз.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға кірпінің жасалу ретін көрсетіп, түсіндіреді. - Балаларға шишкалар мен ермексазды үлестіріп беру.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	Шишка мен ермексазды біріктіре отырып кірпі жасайды. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады. **Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Пайдалуға жарамсыз заттарды қолдануды.
Не меңгерді: Шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауды.
Не істей алады: Пайдалуға жарамсыз жаттардан кірпі жасай алады

№10
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Балық»
Мақсаты: Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар!	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	-Тәрбиеші балаларға су -тіршілік көзі, сусыз өмір жоқ екенін түсіндіре отырып, судың қасиеттерімен, оның пайдасымен таныстырады. -Суда өмір сүретін жануарлармен соның ішінде балықпен таныстырады. Балықтың түрлері өте көп екенін және олардың немен қоректенетінін түсіндіріп өтеді. **Суретпен жұмыс.**	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
	-Көлдің, теңіздің суреттері. Онда өмір сүретін балықтар, ерекше балықтардың суреттерін көрсетеді. - Қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішіндерді қиып алу арқылы балықты жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетілі, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Бүктеу тәсілін.
Не меңгерді: Бүктеу тәсілі арқылы балық жасау.
Не істей алады: Бастаған жұмыстарын тыянақты аяқтау.

№11
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Шырпы қораптарынан машина жасау»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: шырпы қораптары,желім,қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекет
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Машина түрлерімен танысу. Су көліктері, әуе көліктері, құрлық көліктерімен танысу. Шырпы қораптарынан машина жасауды үйрену. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап ,жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Көлік түрлерімен танысады. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Көлік түрлерін.
Не меңгерді:Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдылану.

№12
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Сандықша»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, қорапша, кілей, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шеңбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Білімділік: Ертегіні тыңдауға,ертегі кейіпкерлерінің сөздерін эмоциялық түрде баяндауға үйрету.
Дамытушылық: Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру
Тәрбиелік:Баланы өз ойын дұрыс, ідемі етіп жеткізуге үйрету
Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлері,суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер бойына жинау, шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	**Жұмбақ жасыру.** Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келген желісті ат, Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. Балалар бүгін мен сендерге **«Қасқыр мен қойшылар »** ертегісін оқып беремін. Мазмұнын түсіндіру.	-Қасқыр

	Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап: Қасқыр не істейді? Қойшылар қасқырды не істейді? Қасқыр не деп жауап берді? Қасқырдың іс-әрекеті дұрыс па? Қойшылар қасқырды не үшін ұрды? *4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету* *Шаршадыңдар ма балалар, ендеше сергіту жаттығуын жасайық.* ***Сергіту сәті:*** *Барлық аңдар біздерге,* *Жиналыпты бір жерге.* *Аю жетті қорбаңдап,* *Түлкі келді бұлаңдап,* *Қасқыр қуып қоянды,* *Тап беруге шақ қалды,* *Тісі ақсиып бақылдап,* *Отыр міне сақ құлақ* -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Балалар ертегіні түсіндіңдер ме? -Жарайсыңдар балалар, олай болса біз ертегіні рөлге бөліп сахналап көрейікші.	Сұрақтарға белсене жауап береді. Ертегі мазмұнын әңгімелейді. Қимылмен көрсетеді. Өздері ойнайтын кейіпкерледі таңдап, сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	**«Сөйлемді аяқта» ойыны** Балаларға жабайы аңдардың бейнесі бейнеленген картиналарды көрсетіп, сөздерді аяқтап, қайталауды ұсыну.	Аю үлкен,ал қоян(кішкентай) Қасқыр ашулы, ал қоян(мейірімді) т.с.с

Күтілетін нәтиже:
Не білді: Кейіпкерлерді ажырата алады
Не меңгерді: Рөлге еніп, кейіпкерлердің даусын салып үйренеді.
Не істей алады: Ойынға белсене араласады.

Технологиялық карта №4

Күні:24.09.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:Арыстан, қасқыр және түлкі
Мақсаты:
Білімділік:Балалардың көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыру, ертегіні сахналай отырып,тіл байлығын арттыру. Ертегі мазмұны бойынша бейнелеу. Әр түрлі мінез- құлықтарды ажырата білуге үйрету.
Дамытушылық:Әр түрлі ойындар арқылы оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру.
Тәрбиелік:Балалардыадамгершілікке, адалдыққа, татулыққа, ауызбіршілкке тәрбиелеу.
Көрнекілігі: ертегінің суреті, конус театры.
Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сахналау.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Бүгінгі сабағымыз жақы өтсін деген тілекпен, көңіл-күйіміз жақсы болу үшін «шаттық шеңберін» өткізейік. Міне менің қолым, Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату болайық, Бәріміз дос болайық!	Балалар «Шаттық шеңберіне» тұрады, қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар бізде бүгін ерекше сабақ болады, біз сиқырлы пойызға мініп барлығымыз ертегілер еліне саяхатқа барамыз.Қане, жолға шығайық. Алдымен көзімізді жұмайық. -Күннің шуағы мол. -Алдымыздан самал жел еседі. Құстардың сайраған дауыстары естіледі. -Сендер көк шөптің үстінде ойнап жүрсіңдер.Барлығың көңілдісіңдер.Міне, сендер ғажайып ертегі еліндесіңдер. Көздеріңді ашып менің ертегімді тыңдаңдар. **«Арыстан, қасқыр және түлкі»** ертегісін мәнерлеп оқып беру.	Балалар бір бірінің иығынан ұстап, А.Қалаубаеваның орындауындағы «Ертегілер» әнінің ырғағымен қозғалады. Көздерін жұмып елестетеді. Ертегіні барлығы ұйып, мұқият

	Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? - Қасқыр ше? - Арыстан әрекеті сендерге ұнады ма? ***Сергіту сәті:*** ***«Көңілді аңдар биі»*** Аю маң-маң басады, Түлкі бұлаң қағады. Қасқыр ылаң салады, Қоян қорқып қашады. Күн сәулесі төгілді, Орман іші көңілді. **«Кім зерек» ойыны** **Шарты:**Мына жерде аңдардың дене мүшелері бар, қай мүше қайсынікі екен, кане кім жылдам тауып береді? **Жабайы аңдардың балалары** **Аюдың баласы- қонжық** **Түлкінің баласы- мыршай** **Қасқырдың- бөлтірік** **Қоянның – көжек** **Тиіннің – тиін баласы** **Кірпінің – кірпі баласы** **Түлкінің баласы- мыршай** **Қасқырдың- бөлтірік** **Қоянның – көжек**	тыңдайды. Балалар ойынға белсене араласады Балалар түсінеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Енді балалар конус театры арқылы осы ертегіні сахналаймыз.	Балалар қойылымға белсене қатысады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:балалар ертегі мазмұнынигереді, кейіпкерлерін атай біледі.
Не меңгерді:ертегі желісін байланыстырып айта алады, сұрақтарға жауап береді.
Не істей алады:дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындарды белсене ойнайды.

Технологиялық карта №5

Күні:01.10.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:Кім күшті?
Мақсаты:
Білімділік: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, ертегіні мәнерлеп айтуға үйрету.
Дамытушылық:Еңбектің бәрінен күштіекенін ұғындыру. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге баулу.
Тәрбиелік: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
Көрнекілігі:суреттер, атрибуттар.
Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Күндей жадырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап, Судай таза көңілмен. Бүгінгі күнімізді бастайық. ***Психожаттығу : «Кубик»*** арқылы көңіл-күйлерін білдіру.	Балалар **«Шаттық шеңберіне»** тұрады, қимылдар жасайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Таңертең тұрғанда алдымен нені көреміз? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Жарайсыңдар балалар сендер күзтуралы біледі екенсіңдер.Ендеше бүгінгі оқу –іс әрекетімізді бастайық. Алдымен мен сендерге жұмбақ жасырайын, тездетіп шешуін табамыз. 1.Өзі көзі, Түсі жоқ, Көзі-өзі (Күн) 2.Отқа жанбайды, Суға батпайды.(Су) 3. «Айт!» десе жүгірмес, Су тисе сілкінбес.(Шөп) -Дұрыс балалар, барлық жұмбақтарды да дұрыс шештіңдер. Бүгін мен сендерге **«Кім күшті?»**	

	ертегісін оқып беремін. *1) Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетіп,* - «Осылардың ішінде ең күштісі қайсысы?- деген сұрақ қойып, балалар жауабын тыңдау. Сұрақ-жауап: - Қырғауыл қайда келіп қонды? - Оған не болды? - Ол мұзға не айтты? - Мұз не деп жауап берді? - Жаңбыр ше? - Қара жерден күшті не болды? - Көк шөптен күшті не? - Тоқтыдан күшті? т.с.с. - Құмырсқа неліктен бәрінен күшті болды деп ойлайсыңдар? ***Сахналау.*** «Кім күшті» ертегісін ***Еңбек туралы мақал-мәтелдер оқып беру.*** Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. Еңбектің наны тәтті,	Ертегіні зерсала отырып тыңдайды - Мұзға - Шаты айрылып қалады - Сен неден күшті болдың? - Бауырымды жаңбыр теспес еді. - Жерге сіңіп кетпес едім - көк шөпке бауырымды тестірмес едім - көк тоқтыға мойнымды жұлдырмас едім -Қасқыр -Ол төзімді, еңбекқор, тыным таппайды. Балалар рөлдерге бөлініп, ертегі мазмұны бойынша сахналайды

	Жалқаудың жаны тәтті.	Тыңдап, талдайды.
Рефлексивті-түзетушілік	**«Кім шапшаң»** дидактикалық ойыны.	Балалар ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді: балалар ертегі мазмұнынигереді, кейіпкерлерін атай біледі.
Не меңгерді: ертегі желісін байланыстырып айта алады, сұрақтарға жауап береді.
Не істей алады: дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындарды белсене ойнайды.

Технологиялық карта №6

Күні: 08.10.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:Қу түлкі
Мақсаты:
Білімділік: Ертегі кейіпкерлерін аттарымен айтуға үйрету
Дамытушылық:Балалардың тілдік қатынасын ертегі сахналау арқылы дамыту.
Тәрбиелік:Ертегіойындар арқылы көркем сөзді тыңдауға тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдымен балалар біз бірімізбен жылулық шеңберіне тұрып амандасып алайық Алдымен біз амандасып аламыз Орманға біз барамыз. Қонақ болып қайтамыз, Үлкен кіші бәріне, Сәлемдесіп аламыз.	Балалар бір бірлері-мен амандасады. Олар орманға баратындарына қуануда
Ұйымдастыру-Ізденістер	Ақырын әуен естіледі. -Балалар, орманға жету үшін психологиялық жаттығу жасаймыз. -Ал,балалар, дайындалыңдар, ұшамыз.	Балалар психология-лық жаттығуға дайын екендіктерін білдіреді. Балалар көздерін жұмып, ұшақты көздеріне елестетеді.

	Аспанда ұшып келеміз. -Балалар аспанда не көріп келеміз? -Дұрыс айтасыңдар. Ал енді төмен қараңдаршы, не көрдіңдер?	Балалар аспанда құстар, ұшақ, бұлт көргендерінайтады. -Төменде орманды көргендерін айтады.
	-Дұрыс айтасыңдар,ендеше төмен-ге ұшақ қалай қонса,бізде солай қонып көрейік. -Олай болса мен сендерге **«Қу түлкі»**ертегісін оқып беремін. **Ертегіні сахналау.** Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап. -Ертегі қалай басталады? -Түлкі қандай айла ойлап табады? -Жолбарыс түлкіге қалай алданып қалады? **Сергіту жаттығуы** Жайқалады ағаштар, Бетімізге жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен болып өседі. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Шелмен бірге жайқалған.	Балалар ертегіні назар қойып тыңдайды. Балалар сахналайды. Балалар ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	***Дидактикалық ойын*** ***«Суретте не жасырынған?»*** Балалар жасырынған суреттерде не бейнеленгенін табады. Оны сипаттайды, әңгімелейді.	Балалар ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:«Қу түлкі» ертегісін біледі
Не меңгерді:Рөлге еніп,кейіпкерлердің даусын салып үйренді
Не істей алады:Кейіпкерлерді ажырата алады.

Технологиялық карта №7

Күні:15.10.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Қотыр торғай
Мақсаты:
Білімділік: Балаларға ертегіні тыңдауға ертегі кейіпкерлерінің сөздерін эмоциялық түрде баяндауға үйрету.
Дамытушылық:Ақыл-ойын, бақылағыштығын дамыту
Тәрбиелік:Балаларды зейінділікке, тапқырлыққа, тез ойлау қабілеттерін арттыруға тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар
Әдіс-тәсілі: оқу, түсіндіру, ойын, ой сергіту,жұмбақ.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қолдарындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, тілектерін айтады.	Жылы сөздер айту арқылы амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің қандай ерекшелігі бар? -Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды? -Қыста қандай мерекелер болады? -Қыста қандай құстар қоныстанып қалады? -Өте дұрыс, балалар. Ендеше мен сендерге бүгін **«Қотыр торғай»** ертегісін оқып беремін. **Сөздікпен жұмыс:** *Шеңгел – тікенекті өсімдік.* *Сылдырмақ – шеңгелдің гүлі.* *Жабағы – жылқы, жасына байланысты атауы.* *Қоспа – тағам.* *Жүн сабау – жүнді сабаумен (таяқпен) соғып жұмсарту.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-	-Қыс -Қар жауады,күн суытады -Ойнаймыз -Жаңа жыл -Торғай,қарға. Балалар ертегіні тыңдайды.

	жауап: - Торғай шеңгелге не деді? - Ешкі не деп жауап берді? - Қасқыр ше? - Жылқышы не айтты? т.с.с. **Ертегіні сахналау** Кейіпкердің дауыс мәнерін келтіре айтуын қадағалау, бағыт беру. **Сергіту жаттығуы** Күнде аспанға қараймыз, Қайтқан құсты санаймыз. Үшбұрыш боп тырналар, Көк жүзінде сырғанар.	Сұрақтарға жауап береді. Атрибуттар киіп, ертегіні сахналайды. Қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	*Қорытынды* *Дидактикалық ойын* ***«Суретте не жасырынған?»***	Балалар жасырынған суреттерде не бейнеленгенін табады. Оны сипаттайды, әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегінің мазмұнын түсініп, суретке қарап мазмұнын айта білу.
Не меңгерді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын ойнап келтіреді.
Не істей алады:Ертегіге еніп, қиялдауды үйренеді.

Технологиялық карта №8

Күні:22.10.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Арыстан мен түлкі
Мақсаты:
Білімділік: Балаларды ертегі мазмұнымен толықтай таныстыру.
Дамытушылық:Ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдауға және дауыс ырғағын келтіруге үйрету.
Тәрбиелік:Өз ойын еркін жеткізуге үйрету.
Көрнекілігі: суреттер, саусақ театры.
Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, сюжеттік-рөлдік ойын,тақпақтар айту.

Іс-әрекет	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-**

кезеңдері		**әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Ертеңгілік шеңбер «Сәлемдесу» Келген қонақтармен амандасу	Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті, Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал қанекей бәріміз, «Сәлем» дейік үлкенге
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Қазір жылдың қай мезгілі? -Ауа-райында қандай өзгерістер бар? *1) Жұмбақ жасыру:* Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. Түлкі туралы білетіндерін ортаға салып, қандай ертегілер білетіндерін айтады. Ол ертегілерде түлкі қандай кейіпкер екенін естеріне түсіреді. -Сендер жабайы жануарлар туралы не білесіңдер? -Жабайы жануарлар қайда өмір сүреді? -Олар немен қоректенеді? Балалар бүгін мен сендерге «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, сосын сұрақтарға жауап бересіңдер. *1) Жабайы аңдардың суреттерін қарап, оларды ата* 	Сұрақтарға жауап береді. -түлкі Суреттерге қарай отырып,оларды атайды.

	 Олар туралы жұмбақтар шешу: Жол үстінде қу қазық, Жүргіншіге жол азық. Жазда қыдырады, Қыста тынығады. Ит сияқты пішіні, Жақтырмайды кісіні. Балалар бүгін мен сендерге «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, сосын сұрақтарға жауап бересіңдер. *«Арыстан мен түлкі» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Түлкі арыстанға не үшін келді? - Ол неге үңгірге кірмеді? - Арыстанға не деп жауап берді? - Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер? - Сендерге қайсысының қылығы ұнады? **Ертегіні сахналау**	қоян аю қасқыр Балалар ертегіні зер сала тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. *Балалар рөлдерге бөлініп, ертегіні сахналайды.*
Рефлексивті-түзетушілік	Ойын «Көңілді аңдар». Мадақтау.	Аңдардың қимылын, дауысын салады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Түлкі аңның ең қу екендігін, ол орманда мекендейтінін білді.
Не меңгерді:Жаңадан ертегіні ықыласпен тыңдап, оны меңгерді.
Не істей алады:Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бере алады

Технологиялық карта №9

Күні:29.10
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:Ақыл, ғылым және бақыт
Мақсаты:
Білімділік:Ертегінің мазмұнымен толық таныстыру
Дамытушылық:Балалардың әлеуметтік ортада жағымды мінез-құлқын қалыптастыру.
Тәрбиелік:Балалардың тіл байлығын байыту, сөздік қорын кеңейту.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	«Ғажайып жұлдызша» жылулық шеңбері Балаларға үлкен «Ғажайып жұлдызшаны»көрсетіп, бір- біріне беру арқылы бір біріне жақсы тілек айту ұсынылады.	Балалар қол ұстасып, шеңбер бойына тұрады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) Балалардан қандай ертегілер білетіндерін сұрау. Ол ертегілердегі өздеріне ұнайтын кейіпкерлері жайлы әңгімелету. *Д/ ойын: «Қай ертегі екенін тап».* *2) «Ақыл, ғылым, бақыт» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* *Сұрақ-жауап:* - Ақыл, ғылым, бақыт үшеуі не деп таласты? - Сарапшылар бақытқа не деді? - Ғылымға ше? - Сендер қалай ойлайсыңдар, ең бастысы не? - Адамға тағы не керек деп есептейсіңдер? Балалар жауабы тыңдалған соң, адамға бұлардан басқа денсаулық, еңбек, білім қажет екенін айту. Сол сияқты достық, мейірімділік, адалдық сияқты жақсы қасиеттер де адамның ақылына байланысты болатынын түсіндіру. *3) Оқу-білімге қатысты*	Балалар өздеріне таныс ертегілері туралы айтады. Белсене араласады. -Бір-бірінің артықшылығын айтып, таласқа түсті. -Талап, достық,мейірім т.б жақсы қасиеттер

	жұмбақтар шешу: Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. Аяғы біреу, қолы жоқ, Шиыр-шиыр жолы көп. Өзі сөйлей білмейді, Салған ізі сөйлейді. Аппақ дала, сепкен дән, Сепкен дәнін түсінуге жараған. *4) Мақал-мәтелдер:* Ақыл – азбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен. Ақыл көпке жеткізеді, Өнер көкке жеткізеді. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. **Сергіту жаттығуы:** Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық	-кітап -қарындаш -әріптер Мақалдың мағынасын түсінеді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Сұрақ-жауап. Ойын «Кім көп біледі?». Мадақтау	Бүгінгі өткен сабақ бойынша қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Балаларға адам бойындағы жақсы қасиеттердің маңызын түсіндіру.
Не меңгерді:Ақыл мен ғылым бар жерде бақыт болатынын.
Не істей алады:Ертегі мазмұнын еркін баяндай алады.

Технологиялық карта №10

Күні: 05.11.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:Торғай мен тышқан
Мақсаты:
Білімділік:Торғай мен тышқан туралы түсініктерін қалыптастыру.
Дамытушылық:Қимылды ойындар ойнату арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.
Тәрбиелік:Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігі:торғай мен тышқаның суреттері, атрибуттар, слайд шоу.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. **Қимылды ойын : *«Азық жинау»*** Себеттің ішінен ыдысқа салынған арпа мен тарыны алып шығып, оларды құстардың азығы екенін түсіндіру.	Балалар әуенмен жерге шашылған құстардың азығын жинау керек.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) *Торғай мен тышқанның суреттерін көрсетіп,* олар туралы қандай ертегібілетіндерін сұрау. Олардың сыртқы пішіндерін, түрлерін сипаттау. 2) *«Торғай мен тышқан» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Торғай мен тышқан бірігіп не істеді? - Олар не үшін төбелесті? - Би олардың дауын қалай шешіп берді? - Олар онымен келісті ме? 3) *Сурет бойынша ертегі мазмұнын әңгімелеу.* Сөйлемдерді толық айтуын, байланыстыра сөйлеуіне мән беріп, қадағалау, бағыт беру. Қиналған балаларға жетекші сұрақтар қою. ***Сергіту сәті:***	Торғай мен тышқан туралы білетіндерін ортаға салады. Ертегіні зер сала тыңдайды. -Егін екті -Бидай үшін -Тең қылып бөліп берді -Иа Балалар ертегі мазмұны бейнеленген суретке қарап, ертегіні айтып береді.

	Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. *4) Достық, татулық туралы мақал-мәтелдер:* Бірлік болмай, Тірлік болмас. Татулық – табылмас бақыт. Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады. Ұрыс ырысты қашырар, Ынтымақ халықты асырар.	Балалар Орындарынан тұрып,жаймен тербеліп тұрады. Отырады Құсқа ұқсап ұшады Қолдарын жоғары көтереді Мақал-мәтелдердіңмағынасын түсінеді
Рефлексивті-түзетушілік	***«Біз нені білдік?»*** Өткен оқу-іс әрекеті жайлы сауалдар қойып қорытындылау.	Сұрақтарға жауап беріп, сабақ қорытындыланады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Құстар жайлы білімдерін кеңейді
Не меңгерді:Сұраққа ертегі желісі бойынша толық жауап береді.
Не істей алады:Ертегі желісі бойынша жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата біледі.

Технологиялық карта №11

Күні:12.11
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Қасқыр мен қозы
Мақсаты:
Білімділік:Балалардың үй жануарлар мен жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту.
Дамытушылық:Балалардың ертегіні мазмұндау тілдерін, ойларын дамыту.
Тәрбиелік:Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,слайд шоу.

Іс-әрекет	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың

кезеңдері		іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	***Шаттық шеңбері*** Шуақ шаша, Алтын таң да. Мөлдір таза ауа да. Табиғаттың бәрі оянды, Оян сен де бар бала. Иә балалар,біз әрбір атқан таңға, келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз.	Бір бірімен сәлемдесу, күнге сәлем беру. «Алақай, алақай » деп алақандарын шапалақтайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	*1) Жұмбақ шешу:* Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды кісіні. Аласа ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. *2) Балалардан қасқыр мен қой туралы не білетіндерін сұрау.* *Қасқыр* – жабайы аң. Орманда өмір сүреді. *Қой* – үй жануары. Оның төлі – қозы деп аталады. *Ойын «Қайсысы қалай дыбыстайды?»* Сиыр мөңірейді. Түйе боздайды. Жылқы кісінейді. Ешкі маңырайды. *3) «Қасқыр мен қозы» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Қасқыр қозыға не деп айғайлады? - Қозы қалай ақталды? - Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы? *4) Ертегіні сахналау.*	-Қасқыр -Қой Тыңдайды. Жауап береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды

Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Аңдардың баласын ата» Аңдардың балаларының суреттерін көрсету.	Аңдардың баласын қалай аталатыны суреттерге қарап айтады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Үй жануарлары мен жабайы жануарларды танып, оларды ажырату және олардың адам өміріне тигізер пайдасы мен зияныжайлы толық біледі
Не меңгерді:Барлық үй жануарларына қамқорық жасау керектігін білді.
Не істей алады:Оқу іс –әрекетін бар ынтасымен тыңдап, ойынға белсене араласты.

Технологиялық карта №12

Күні:19.11.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Қасқыр мен адам
Мақсаты:
Білімділік:Балалардың көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыру, ертегіні сахналай отырып, тіл байлығын арттыру.
Дамытушылық:Әр түрлі сабақтың әдісі арқылыоқу іс-әрекетіне қызығушылығын дамыту.
Тәрбиелік:Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, татулыққа, ауызбірлікке тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар, ойындар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Ортаға орындық қойып, кез келген балаға отыруды ұсыну. Ойынға негізі ұялшақ, өзіне сенімсіз, жасқаншақ баланы шақырған жөн. Педагог «күлгін көзілдірікті» киіп (күн сәулесінен қорғайтын әйнегі күлгін түсті көзілдірік жарайды), ол арқылы адамның ең жақсы қасиеттерін көруге болатынын айтады да, ортада отырған баланың жақсы қасиеттерін айтады.	Балалар шеңберге жиналады. Балалар қалаулары бойынша көзілдірікті кезекпен киіп, ортадағы баланы мадақтайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	1) *Жұмбақ шешу:* Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды кісіні. *Қасқыр* – жабайы аң. Орманда өмір	 -Қасқыр

	сүреді. 2) *«Қасқыр мен адам» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: - Қасқыр егіншіге келіп не деді? - Егінші оны аңшылардан қалай құтқарып қалды? - Қаптан шыққан қасқыр егіншіге не айтты? - Егіншіге көмектескен не? - Бұл ертегіде де түлкі қандай кейіпкер боп көрінеді? - Ертегідегі жағымсыз кейіпкер қайсысы? - Жағымды кейіпкер қайсысы деп ойлайсыңдар? ***Сергіту сәті*** Таңертең күнге қарап тұрасың, Түсте тағы күнге қарап тұрасың. Сонда өзің айтшы кім боп шығасың? Таптым, таптым Күнді баққан, Үкі таққан, Күнбағыс боп шығасың. 3) *Ертегіні сахналау.*	Балалар сұрақтарға жауап береді Бастарын алға, жоғары, артқа бұрып қаратып, Күннің бағытына қарай қозғайды Алақанын жайып, қолдарын ақырын көтереді Сұраған кейіпте шапалақтау Бір бірінің қолдарынан мықтап ұстап, жоғары көтеріп, күнбағыстың бейнесін келтіреді. Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	**«Біз не білдік?»** Қасқыр-жабайы аң.Ол орманда өмір сүреді.	Балалар бүгінгісабақта алған білімдерін пысықтайды.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегідегі кейіпкерлерге мінездеме бере алады.
Не меңгерді:Ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.

Не істей алады:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтірді.

Технологиялық карта №13

Күні:26.11

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Ұр, тоқпақ

Мақсаты:

Білімділік:Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізуге баулу.

Дамытушылық:Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрметке баулу.

Тәрбиелік:Балаларды ертегі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар,қазан,тоқпақ, есектің суреті.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Мен қандаймын, қандаймын, Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанасың достарым, Арайлап атқан күнге.	Балалар қимылмен көрсетеді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнасыңдар ма? Қандай ертегілерді білесіңдер? Балалар, ертегі туралы ән білесіңдер ме? Өте жақсы, бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз.Бұл ертегі «Ұр тоқпақ»деп аталады. Ертегіні мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі қалай аталады. - Шал мен кемпір қалай күн көріпті. - Шал тұзағына не түсіреді. - Қазбайдың үш жақсы нәрсесін ата. - Шал мен кемпір қалай мұратына	Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.

	жетеді. -Ертегі кейіпкерлері кімдер? Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактор мен комбайн, Жүргізуге мен дайын. **Ертегіні сахналау.**	Қолдарын жоғары көтеріп, тербеліп тұрады. Бастарын ию Қолдарын алға созып, трактор, комбайн Жүргізген сияқты бейнелеу Балалар атрибуттар киіп рөлдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Балалар біз қандай ертегімен таныстық? Ертегі сендерге ұнады ма? Өте жақсы балалар, ертегіні жақсы түсініпсіңдер, сұрақтарға жауап бердіңдер, осымен бүгінгі оқу іс-әрекетіміз аяқтаймыз.	-Ұр,тоқпақ -иа

Күтілетін нәтиже:
Не білді:«Ұр, тоқпақ»ертегісін біледі.
Не меңгерді:Кейіпкерлерді ажырата алады.
Не істей алады:Рөлге еніп, кейіпкердің даусын салып үйренеді.

Технологиялық карта №14

Күні:03.12

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?

Мақсаты:

Білімділік:Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың бір-бірінен ерекшелігі, бәріне ортақ белгілері, қозғалыс, тіршілік, әрекеті туралы түсіндіру.

Дамытушылық:Жануарлар жайында сипаттап айтуға үйрету; олардың төлдерін қалай аталатынын айту.

Тәрбиелік:Үй жануарларын қамқорлауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Үй жануарлары бейнеленген суреттер, олардың төлдерінің суреттері, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,әңгімелесу, жеке жұмыс.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар, алдымен сәлемдесіп аламыз. Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Білер қазақ баласы, «Сәлем сөздің анасы.»	Қайталап айтады, бір-бірімен амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендерді аналарың қалай еркелетеді? -Міне,балалар, сендерді еркелет-кенде ата-әжелерің,әке-аналарың төрт түлік малдыңсүйкімді төлдерінің атын қолданады. Балалар сендерүй жануарларының қандай түрін білесіңдер? -Осылардың қайсысы сендерге қатты ұнайды? *Жұмбақ жасыру.* Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар Бетегелі белге бітем, Найза ұстаған ерге бітем Балаларға үй жануарлары туралы түсінікберу.Үй жануарларына қан-дай жануарлар жататынын атату.	-Құлыным, ботам, қошақаным. -Ешкі, қой, жылқы, сиыр -Балалар жауап береді. -түйе -жылқы

	  Мысалы: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық. Олардың адамға қандай пайдасы бар сол туралы балаларға сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. б) Бүгінгі сабақта «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?» ертегісімен танысатындарын хабарлау. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі тақырыбы қалай деп аталады? -Ертегі кейіпкерлері кімдер? -Ертегі сендерге ұнады ма? г) Ертегіні сахналау **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі	Мұқият тыңдайды. -Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды? -Түйе, жылқы -Иә Атрибуттар киіп, ертегі мазмұны бойынша сахналау.
Рефлексивті-түзетушілік	**«Дыбысын ажырат»** дидактикалық ойыны. **Мақсаты:** жануарлардың дыбысын ажырата білуге үйрету Сөздік жұмысы: Жылқы-лощадь Түйе-верблюдь	Ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Үй жануарларының төлдерін ажырата білуді, суретке қарап әңгіме құрауды үйренді.

Не меңгерді:Түйе мен жылқының толық тыныс-тіршілігімен танысты,білді.

Не істей алады:Атрибуттар кию арқылы ертегіні сахналайды.

Технологиялық карта №15

Күні:10.12.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Бөдененің құйрығы неге қысқа
Мақсаты:
Білімділік:Құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру
Дамытушылық: Құстардың тіршілігімен таныстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету.
Тәрбиелік: Құстар туралы түсініктерін бекіту, оларға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар, құстардың суреттері, мультимедиа.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын, көрсету, сергту сәттері.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**Жылулық шеңбері** Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жем су беріп қыс бойы, Балапынын бағамыз.	Балалар шеңбер бойына тұрып қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	***Жұмбақ жасыру.*** Меңгіл-меңгіл меңгілше, Меңгілде бар тарғылша. Желіп кетсе жеткізбес, Жерге түссе табылмас. Балаларға дала құсы бөдене туралы түсінік беру. Бөдененің адамға пайдасы бар ма, сол туралы балаларға сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. б) Бүгінгі сабақта «Бөдененің құйрығы неге қысқа ?» ертегісімен танысатындарын хабарлау. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Ертегі тақырыбы қалай деп аталады? -Ертегі кейіпкерлері кімдер?	-бөдене Балалар тыңдайды. Ертегіні тыңдап, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

	-Ертегі сендерге ұнады ма? г) **Сахналау** **Сергіту сәті:** Құстар қанат қағады, Құстар қанат жаяды Аспанда қалықтап, Құстар ұшып-қонады. Құстар біздің досымыз, Құстарды біз қорғаймыз.	Атрибуттар киіп, ертегі мазмұны бойынша сахналау. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	**«Құстар қалай ұшады?»**ойыны	Балалар құстардың дауысын келтіріп, қимыл қозғалыстар жасайды.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Құстар, құстардың тіршілігі туралы біледі
Не меңгерді:Құстарға әрдайым қамқорлық көрсету керектігін түсінеді.
Не істей алады:Ертегіні мазмұндап, сахналай алады.

Технологиялық карта №16

Күні:17.12.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Қарлығаш пен шөже
Мақсаты:
Білімділік:Дала құсы қарлығаш пен шөжемен таныстыру.
Дамытушылық:Ойындар арқылы балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту.**Тәрбиелік:**Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балапандай баламаыз, Әсем сурет саламыз. Біз құстарды құрметтеп, Қамқорлыққа аламыз	Балалар қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Өте жақсы балалар,енді орнымызға отырайық. Дидактикалық ойын: **«Анасын тап»**	Балалар анасын балапандарымен жұптастырады.

	Шарты:Балаларға үй құстары мен дала құстарының балапандары суреттері үлестіріліп беріледі ***Жұмбақ шешу:*** *Түгі қара мақпалдай,* *Төсі ақ сыр жаққандай,* *Ұшса оқтай зулайды,* *Көктен жұлдыз аққандай* 2) Балалардан қарлығаш пен шөже туралы не білетіндерін сұрау. Қарлығаш-адамның досы, жанашыры, қай кезде де қамқор боп жүретін адал құс. Шөже-төбесі сұрғылт, тамақ асты қара, қоңыр дақты кішкентай торғай. Дидактикалық ойын:**«Дыбысынан таны»** 3) **« Қарлығаш пен шөже»** ертегісін мәнерлеп оқып беру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: -Қарағай басына кімдер ұя салды? -Шөже торғай балапанын қалай өсірді? -Қарлығаштың балапаны қалай өсті? -Ертегідегі жағымды, еңбекқор кейіпкер қайсысы? **Ертегіні сахналау.** ***Сергіту сәті:*** Қане, қанат жазайық, Құс боп ұшып алайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызды табайық.	-Қарлығаш Сұрақтарға жауап береді. Балалар атрибуттар киіп ролдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды. Балалар қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	**«Құстар қалайдыбыстайды»**дидактикалық ойыны Құстардың дауысы жазылған үнтаспаны тыңдату.	Балалар құстардың қалай дыбыстайтынын айтады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтірді
Не меңгерді:Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамытты.
Не істей алады:Ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.

Технологиялық карта №17

Күні:24.12
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Сауысқан мен көкек
Мақсаты:
Білімділік:Дала құстары туралы білімдерін жетілдіру
Дамытушылық:Дала құстарының дыбысын ажырата білуге, есту арқылы қимыл жасауға үйрету
Тәрбиелік: Құстарды қорғай білуге тәрбиелеу
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**Жылулық шеңбері:** «Торғайлар мен автомобиль» ойыны Тәрбиеші «автомобиль», қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады.	Торғайлар алаңқайда гүлден гүлге секіріп, ұшып-қонып жүреді.Автомобилбдің дауысын естісімен торғайлар өз ұясына ұша жөнеледі. Ұсталған торғай автомобиль болады. Ойын осылай жалғаса береді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	**Жұмбақтар шешкізу** Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап, Басына бөрік киер, құндыз ұстап. Үстіне ақ камзолын киіп алып, Жүреді екі қолын артына ұстап. Қайталап атымды, Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға, Жұмыртқа табамын.	 -Сауысқан -Көкек

	2.Балалардан сауысқан мен көкек туралы не білетіндерін сұрау. **Сауысқан** – торғай тәрізділер қатарына қарғатұқымдасына жататын кіші денелі, түзу, ірі қысқа тұмсықты құс. **Көкек** – жыл құсы. Олар жылы жақтан біздің республикамызға сәуір айына ұшып келеді.Бұл айда қар кетіп, күн жылынып, көкек шақыра бастайды. ***Дидактикалық ойын:*** «Дыбысына қарай ажырат» 3.**«Сауысқан мен көкек»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап: -Сауысқан мен көкек қайда паналайды? -Көкек не деп зар қағады? -Сауысқан қандай іс атқарды? -Ертегі ұнады ма? -Несімен ұнады? 4.Ертегіні сахналау.	Балалар білетіндерін ортаға салады. Сұрақтарға жауап береді. Балалар атрибуттар киіп, ролдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды
Рефлексивті-түзетушілік	Сонымен балалар, бүгін біз жаңадан не білдік?	Балалар сабақтан түсінгендерін айтып, сабақ қорытындыланады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Дала құстарының тағы бір түрімен танысты
Не меңгерді:Ертегіні түсініп, сұрақтарына жауап берді
Не істей алады:Ертегіні нақышына келтіре отырып сахналады.

Технологиялық карта №18

Күні:31.12

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Бақыт іздеушілер

Мақсаты:

Білімділік:Балаларға адам бойындағы жақсы қасиеттерді үйрету, әдеп әліппесінің кілтін және әдептілік қасиеттерді бойына сіңіру.

Дамытушылық: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін жетілдіру. Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Тәрбиелік:Балаларды кішіпейілділікке, адамдармен қарым-қатынас жасай білуге, үлкенді сыйлауға үйрету.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Кім үлкенді сыйласа, Кім үлкенді тыңдаса. Үлкен болған кезінде, Сыйлы болмақ өзі де	Балалар бір бірімен амандасып, өленді қайталап айтады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалардың назарын отбасы мүшелері салынған суретке аудару. -Мынау менің отбасым -Отбасы мүшелерін атайықшы -Олар немен айналысуда? Балалар бүгінмен сендерге **«Бақыт іздеушілер»** ертегісін оқып беремін. **«Бақыт іздеушілер»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* 1.Ертегі неге бақыт іздеушілер деп аталған? 2.Бай балалары не үшін қызмет жасамақшы болды? 3. Кіші баласы не іздеуге шығады? 4. Кішкентай жігіт қалай сыналды? 5. Бақыт іздеушіге алғаш кім кездесті?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Ертегіні мұқия тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді

	6. Патшаның тілегі не еді? 7. Ағаш түбінде отырған атайдың тілегі қандай? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Сендер не істер едіңдер? *4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* *Сергіту сәті:* *«Бір, екі, үш...»*	
Рефлексивті-түзетушілік	**«Өз үйіңді тап»** дидактикалық ойын. Тәрбиеші алдын ала үлкен дөңгелек, шаршы үшбұрыш пішіндерді дайындап алады. Ал балаларға осы пішіндердің кіші көлемдерін үлестіріп береді. Ойынды қайталатуға болады.	Балалар музыка ырғағымен билеп жүреді, музыка тоқтағанда тәрбиешінің нұсқауымен «Өз үйіңді тап» дегенде, балалар қолдарыдағы пішіндерімен өз үйлерін тауып жүгіреді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегінің мазмұнын терең түсінеді.
Не меңгерді:Ертегінің тәрбиелік жақтарын айта алады.
Не істей алады: Ертегіні еркін сахналай алады.

Технологиялық карта №19

Күні:07.01.2022-ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Білгір адам

Мақсаты:

Білімділік:Осыған дейін өткен іс-әрекеттерін қайталау,пысықтау арқылы білімдерін түйіндеп,сапасына көз жеткізу

Дамытушылық:Өтілген ертегілерді қайталап, жаңа сабақты жұмбақ, мақал-мәтелдер арқылы түсіндіру.

Тәрбиелік:Балаларды адам бойындағы барлық жақсы қасиеттерге баулу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сергіту сәті, дидактикалық ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Дос болайық бәріміз, Жарасыптұр әніміз Тыныштықты сақтаймыз,	Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне жылы

	Атсын күліп таңымыз.	лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Бұл мезгілдің басқа жыл мезгілдерінен қандай ерекшеліктері бар? Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін тауып, әр жыл мезгілінің ерекшілігін тағы бір қайталап айтамыз. **Жұмбақтар:** 1. Жиын теріп болатын, Қамбаға астық толатын Қызыл орман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? 2. Шанамен зырлап жежетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? 3. Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен,селдеткен, Шалшық кешіп ойнайтын, Бұл қай кез деп ойлайсың? 4. Қойның толы жеміске, Көк майсалы егісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл депойлайсың? Өте дұрыс балаларкішкене сергіп алсақ, ендімен сендерге бүгін өткелі отырғанертегімен таныстырайын. **«Білгір адам»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* 1.Ертегі неге білгір адам деп аталған? 2.Білгір адам баласына қандай ақыл айтады? 3. Баласы әкесінің ақылын не үшін сынамақшы болды? 4. Ол байдан не үшін қарызға ақша алмақшы болды? 5. Әйеліне қандай шындықты айтты? 6. Әйелі не үшін шындықты айтып	Балалар сұрақтарға белсене жауап береді. -Күз -Қыс -Көктем -Жаз Балалар сұрақтарға жауап береді.

	қойды? 7. Оны хан не үшін жазамалақшы болды? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Ханның баласы қалай аман қалды? *4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* ***Сергіту сәті:*** *Жаздай болып жанамыз,* *Күздей болып өнеміз.* *Құстар болып ұшамыз,* *Көбелектей қонамыз.*	Ертегінің мазмұнын айтады. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгісабаққа жақсы араласқан балаларды мадақтау. **Қоштасу шеңбері:** Біздің топта ұл-қыздар, Әлемдегі бар адамға Тек жақсылық ойлаймыз.	Жылулық шеңберіне тұрып, бірге айтды.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегі мазмұнын терең түсініп, баяндай білді.
Не меңгерді: Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бере біледі
Не істей алады:Ертегіні сахналай білді.

Технологиялық карта №20

Күні:14.01.2022
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Айлакер бала.
Мақсаты:
Білімділік:Балаларды өзара достарымен жағымды қарым-қатынаста болуға үйрету
Дамытушылық:Ізгі жасау, ақылды болу іскерліктерін дамыту.
Тәрбиелік:Татулыққа, достыққа,ұжымшылдыққа тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын,сұрақ-жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Жүректің макетін бір-біріне ұсынып, жақсы тілек, жақсы сөз айту.	-Дамир сен мейірімдісің. -Айсулу сен ақылдысың -Асылжан сен өте бауырмалсың т.с.с.

Ұйымдастыру-Ізденістер	1. **«Айлакер бала »** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* 1. Ертегі неге « айлакер бала» деп аталған? 2. Баласы анасына қандай сұрақ қояды? 3. Анасы баласына «Бақыт» дегенді қалай түсіндірді? 4. Бала қандай шешім қабылдайды? 5. Бала не үшін жолға аттанды? 6. Бала алғаш нені кездестірді? 7. Бала өзін Дию-перілердің алдында қалай көрсетті? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Бала мұратына қалай жетті? Міне, балалар ақылды болсаң айлаңмен бәрінен де құтылуға болады.Сондықтан ақылды, қайырымды, мейірімді сонымен қатар айлакер болу керек.Кез келген қиындықтан ақылмен айла іздеп құтылуға болады. 2.Сурет бойынша әңгіме құрату. 3.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету. 4.**Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі, **5.** Дидактикалық ойын**: «Өз үйім»** Тәрбиеші алдын ала ақ қағазғаүйдің суретін салып, түрлі түсті қарындаштарды үйлестіріп береді.	Ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Әңгімеге араласады. Сурет бойынша әңгіме құрайды. Қимылмен көрсетеді. Ойынға белсене араласады.Үйдің суреін боядды.

Рефлексивті-түзетушілік	**«Біз не білдік?»** бүгінгі өткен тапсырмаларды қайталау	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Адам бойындағы асыл қасиеттер туралы ойлары толысты.
Не меңгерді:Ертегінің мазмұнын түсінді.
Не істей алады:Ертегі кейіпкерлерін сомдайды.

Технологиялық карта №21

Күні:21.01.2022
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Лақтар мен қасқыр
Мақсаты:
Білімділік:Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуға, оларды дұрыс атай білуге үйрету.
Дамытушылық:Ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту
Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.
Тәрбиелік:Үй жануарларына қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.	Шеңбер бойына тұрып, жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табасыңдар: **Жұмбақтар:** 1.Белестен шыққан бесті ат, Бүкір келгенжелісті ат. Бейғам елді іздейді, Малдан күдер үзбейді. 2.Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. 3.Киелі бір жануар, Үстінде екі тауы бар. 4.Жол үстінде қу қазық Жүргіншіге жол азық Дұрыс шештіңдер балалар.Енді осыларды қайсысы үй жануарлары,	-Қасқыр -Қой Түйе Қоян Қой мен түйе-үй жануарлары.

	қайсысы жабайы аңдар ажырата аламыз ба? Өте дұрыс. Олай бола бүгін мен сендерге **«Лақтар мен қасқыр»** ертегісін оқып беремін. **«Лақтар мен қасқыр»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* 1.Ертегі қалай аталады? 2. Ешкінің неше лағы болыпты? 3. Ешкі тоғайға не үшін кетеді? 4. Аналары тамаққа кеткенде лақтарға кім келеді? 5. Лақтары не үшін есікті ашпады? 6. Қасқыр қандай айла пайдаланды? 7. Аналары лақтарына не үшін риза болды? 8. Ертегі қалай аяқталды? 9. Ешкінің әнін кім жатқа айтады? *Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* ***Сергіту сәті:*** *Біз орманға барайық,* *Жан жағымызға қарайық.* *Аю шықты қорбаңдап* *Қасқыр шықты ырылдап,* *Түлкі шықты майысып,* *Қоян шықты секіріп,* *Қорықпаңдар балалар,* *Қызықтаңдар отырып.*	Қасқыр мен қоян-жабайы аңдар. Балалар сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді. Аюдың қимылын көрсетеді. Қасқырдың қимылын Қоянның қимылын
Рефлексивті-түзетушілік	-Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық? -Ертегі кейіпкерлері кімдер? -Ертегі сендерге ұнады ма? **«Төлдерін ата »**дидактикалық ойыны	Бүгінгі сабақты пысықтау мақсатында сұрақтарға жауап береді. Ойынға белсене араласады

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Суретке қарап мазмұнын айта білу, ертегіге еніп, қиялдауды үйренді.
Не меңгерді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын ойнап келтіреді
Не істей алады: Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамытты

Технологиялық карта №22

Күні:28.01.2022-ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Құстар не дейді?

Мақсаты:

Білімділік:Құстар туралы түсініктерін бекіту.Құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық:Құстардың тіршілігімен таныстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету

Тәрбиелік:Құстарға деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.

Көрнекілігі:құстардың суреттері, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балапандай баламаыз, Әсем сурет саламыз. Біз құстарды құрметтеп, Қамқорлыққа аламыз	Балалар шеңбер бойын тұрып, әндетіп қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балаларға өтілген ертегілерді сұрақ-жауап арқылы сұрай отырып қайталату. Бүгінгі сабақта жұмбақтардың шешуін тапқыза отырып, қандай ертегімен танысатындықтарын хабарлау. **Жұмбақтар шешу.** Садақша мойнын иілтіп, Көрген жанды сүйсінтіп, Жүзгенде көлдің сәні өзі, Жердегі құстың еркесі. Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. 3. **«Құстар не дейді? »** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* 1. Ертегі неге «Құстар не дейді?» деп аталған? 2. Қу кісі не деп мақтанады?	-аққу -қарлығаш Сұрақтарға жауап береді.

	3. Тыңдаушылар қуға қандай сұрақ қояды? 4. Қу дұрыс жауап бере алды ма? 5. Ол не деді? *4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* **Сергіту сәті:** Қане қанат қағайық, Мойнымызды созайық. Бір,екі,үш Құс аспанға ұш Бір,екі,үш Құс аспаннан түс Құстар жем жейді, Құстар су ішеді Бір,екі,үш Құс аспанға ұш Құстарға жасау туралы сурет бойынша әңгімелету, өлеңдер оқып беру	Ертегіні әңгімелейді Барлығы қимылмен көрсетеді. Сурет бойынша балалар өз ойларын білдіріп, әңгіме өрбітеді.
Рефлексивті-түзетушілік	Жарайсыңдар балалар, енді сабағымызды қорытындылау үшінмен сендерге **«Үй құстары мен дала құстары»**деген ойын ойнатқым кеп отыр.Ойнаймыз ба? **Ойын шарты:** Балалар үсел үстіндегі суреттерді бір-бірден алып атауын атап, тақтаға іледі. **Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	-Ойнайықшы Ойынға барлық бала қамтылды.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Құстар туралы, олардың өмірі жайлы,олардың атауларын білді
Не меңгерді:Құстарға әрдайым көмек керек екендігін
Не істей алады: Құстар туралы өлеідер жатқа айтады, жұмбақтардың шешуін таба алады.

Технологиялық карта №23

Күні:04.02.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Шалқан
Мақсаты:
Білімділік:Ертегі еліне саяхат жасай отырып ертегінің мазмұнын ашу, үй жануарлары туралы мағлұмат беру, түсініктерін кеңейту.
Дамытушылық:Байланыстырып сөйлеуге үйрету,мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге дағдыландыру.
Тәрбиелік:Балалардың бойына мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.
Көрнекілігі:Шалқан ертегісінің суреті, конус театры.
Әдіс-тәсілі: Баяндау, сұрақ-жауап, сахналау.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	***Шаттық шеңбері*** Ертеңгілік шеңбер ***«Сәлемдесу»*** Күлімде, күн күлімде, жер жасарып көгерсін. Кешегіндей бүгінде, Қанат қақсын көгершін.	Балалар шеңбер бойына тұрып, қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз жылдың қай мезгілі екенін еске түсірейік. -Күз айларын маған кім айтып береді? -Ал, балалар күз мезгілі туралы кім тақпақ біледі. Күз айларының ерекшеліктерін кім айта алады? Балалар бізге қонаққа әже келді. Ортаға әже келеді. -Амансындар ма балалар.Мен сендерге ертегі айтып бергелі келдім. Алдымен жұмбақты қалай шешетіндеріңді білгім келеді. 1.Шықпайды үйден, Тоны жібектен. Күндіз ұйықтайды, Түнде дамыл таппайды. Аңға барады. Сол аңды үйден табады.	-Күз -Қыркүйек, қазан, қараша -күн суытады, жапырақтар сарғаяды -Мысық

	2.Өзі егін екпейді, Егістен ұзапкетпейді. Диханның тұқымын Шашпай тек кетпейді. Қарны тоқ, Қайғысы жоқ, Мысық қуса жетпейді. Бүгін, балалар мен сендерге ***«Шалқан»***ертегісін баяндаймын.Ертегі тыңдауға дайынбыз ба? ***«Шалқан» ертегісін оқып беру.*** ***Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:*** -Балалар ертегі қызық па екен? -Ертегі қалай басталды? -Ертегіде кімдер ойнайды екен? -Ал, енді балалар осы ертегіні рөлге бөліп сахналайықшы. ***Сергіту сәті:*** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкене балалар, Үп-үлкенболып өседі.	-Тышқан -Иа -Шал шалқан егеді -Кемпір, қыз, мысық, ит,тышқан Балалар атрибуттар киі ертегіні сахналайды. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	**Сабақты қорытындылау:** -Жарайсыңдар, балалар! Сендер нағыз әртіс боласыңдар.Ертегіні де тамаша ойнадыңдар.Әжей жәй келмепті ертегіні ойнаған балаларға тәттілері бар екен.Сол тәттілерді сендерге таратам дейді.Қане, дәм татайық.	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді: Ертегіні зейін қойып тыңдайды
Не меңгерді: Сұраққа ертегінің желісі бойынша толық жауап береді
Не істей алады: Ертегі желісіндегі кейіпкерлерге мінездеме беруі.

Технологиялық карта №24

Күні:11.02

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Бес ешкі

Мақсаты:

Білімділік:Суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету

Дамытушылық:Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік:Достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар, кастюмдер,магнитті тақта.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын, сахналау, сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Күн шығыпты алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң!Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе? Бәріміз күндей жарқырап, Бәріміз тату болайық!	Балалар өлең жолдарын қайталап, қонақтармен амандасады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балаларға өтілген ертегілерді сұрақ-жауап арқылы сұрай отырып қайталату. Бүгінгі сабақта жұмбақтардың шешуін тапқыза отырып, қандай ертегімен танысатындықтарын хабарлау. Балаларға жұмбақтар жасыру. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Екі айнасы бар, Екі найзасы бар Төрт жылтырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар. Апан апан Ескі шапан. Иір қобыз, Жарық жұлдыз **«Бес ешкі »** ертегісін оқып беріп,	-Қой -Сиыр Түйе

	мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ – жауап:* Ертегі қалай аталады? Кедейдің қандай малдары болыпты? Бай кедейге қандай озбырлық көрсетті? Кедейдің қандай малдары бар? Кедей малдары қасқырдан қалай құтылды? Кедей малдарын қалай шақырды? *4.Ертегіні мазмұнын сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* ***Сергіту сәті:*** Қорбаңдаған аюдың Құлпынай көп екен. Теріп теріп алайық Қалтамызға салайық	 Сұрақтарға жауап берді Ертегіні әңгімелейді Қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Балалар біз қандай ертегімен таныстық? Ертегі сендерге ұнады ма? -Өте жақсы, балалар, ертегіні жақсы түсініпсіңдер, сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер, осымен бүгінгі оқу-ісі әрекетіміз аяқталды.	-Бес ешкі -Иә

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Үйжануарлары туралы, олардың пайдасы туралы тереңінен түсіні алады.
Не меңгерді:Ертегіні түсініп, рөлге еніп ойнай алады.
Не істей алады: Суретке қарап әңгіме құрастыра алады.

Технологиялық карта №25

Күні:18.02
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы: Түлкі мен маймыл
Мақсаты:
Білімділік: Балалардытүлкі мен маймыл тіршілігімен таныстыру.
Дамытушылық:Балалардың тілін дамытып, сөздік қорларын дамыту.
Тәрбиелік: Жануарлар әлеміне деген қызығушылығын арттырып, адамгершілікке тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Қуан, шаттан алақай, Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң, Қайырлы күн. Күліп шықты күн бүгін. Қайырлы таң сіздерге де қонақтар	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар,ертегілереліне барамыз ба? -Ертегі дегеніміз не? -Біз қандай ертегілерді білеміз? -Бүгінгі күні біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз, ертегі әлеміндегі қызықтарды тамашалаймыз. Олай болса менің шарттарымды орындаңдар, сол шарттан сендердің дайындықтарыңды байқаймын. **Жұмбақ жасыру:** 1.Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. 2.Далада жүр шапқылап, Керемет бір сақ құлақ 3.Тәтті көрсе бас салар, Айнымайды баладан. -Өте дұрыс, шартты орындадыңдар, орманда қандай аңдар кездесетінін білдіңдер. Бұлар жабайы аңдар деп аталады.Енді көзімізді жұмып, саяхатқа аттанайық. Тәрбиеші аңдармен таныстырады. **Ойын: «Бұл қай аң?»** Ойынның шарты: Тәрбиеші бір баланың құлағына аңның атын сыбырлайды. *Ендеше балалар мен сендерді кезекті ертегімен таныстырамын.* ***«Түлкі мен маймыл»*** *ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-	Сұрақтарға жауап береді -түлкі -Қоян -Аю Балалар қолдарынан ұстап орманға саяхат жасайды. Бала сол аңның жүріс-тұрысын, қимылын,дыбысын салу керек.Ал қалған балалар қандай аң екенінтабу керек. Балалар зер сала тыңдайды. Сұрақтарға

	жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? Маймыл ше? «Оларды неге жабайы аңдар деп атаймыз? Олар немен қоректенеді? Өздерің тұратын жерде қандай жабайы аңдар бар? ***Сергіту сәті:*** *Түлкі деген қу ғой,* *Жүрген жері шу ғой* *Жатып алып жағада,* *Іздегені шу ғой*	белсене жауап береді. Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	**Қорытынды.** Сонымен бүгін қандай ертегі кейіпкерлерімен таныстық? Жетекші сұрақтар қою арқылы қорытындылаймыз.	-Түлкі және маймыл

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын толықтай түсіне алады.

Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көре отырып, оларға мінездеме бере алады.

Не істей алады:Ойынға белсене араласады, ертегіні сахналайды.

Технологиялық карта №26

Күні:25.02.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түлкі мен бөдене

Мақсаты:

Білімділік: Ертегі мазмұнын түсіндіріп, кейіпкерлерге мінездеме бере білу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық:Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Табиғаттың сұлулығын көре білуге, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды. Мен қандаймын, қандаймын. Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін, Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым. Арайлап атқан күнге.	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Өлеңді бірге айтады.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қандай ертегілерді білесіңдер? Балалар, ертегі туралы ән білесіңдер ме? Олай болса әнді орындап берейік. Өте жақсы, бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз. Бұл ертегі **«Түлкі мен бөдене»** деп аталады. **Жұмбақ жасыру:** Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. *Түлкі туралы не білеміз.* Ия балалар, түлкі қу, айлакер. Ол бар аңнан өзінің асырып жүреді.Түлкінің терісі әдемі, оның терісінен ішік, яғни тон тігеді.Әдемі құйрығынан жаға жасайды. *«Түлкі мен бөдене» ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді?	-Иә -Өтілген ертегілерді айтады -Бәрі бірге орындайды. -түлкі Түлкінің түсі қызғылт сары, сәбіз түстес. Құлағы үшбұрыш,құйрығы бұлаңдаған,үлпілдек. Түлкі қу, айлакер. Ол бәрін алдап кетеді. Сұрақтарға жауап береді

	Бөдене ше? *Сергіту сәті:* *Кі-кі-кі...*	
Рефлексивті-түзетушілік	**Қорытынды.** Балаларға ***«Көңілді аңдар»*** ойынын ойнату. Мадақтау.	Балаларға ойын ойнату.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Ертегі мазмұнын толықтай түсіне алады.

Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көре отырып, оларға мінездеме бере алады.

Не істей алады: Ойынға белсене араласады

Технологиялық карта №27

Күні:04.03.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы: Түлкі мен жолбарыс

Мақсаты:

Білімділік:Балаларға ертегіні мәнерлеп оқып беру, мазмұнын айтуға үйрету.

Дамытушылық:Есте сақтау, танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбиелік:Байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын

Іс-әрекет бөлімдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық -қозғаушылық	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін

	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Біз ерекше баламыз. Қайырлы таң апайлар, Қайырлы таң, балалар.	білдіреді. Өлеңді бірге қайталайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар қазір жылдың қай мегілі? -Бұл мезгіл басқа жыл мезгілдерінен қалай ерекшеленеді? -Ауа райында қандай ерекшеліктер бар? -Міне, құстардыңда даусы естіліп жатыр. Қане бәріміз көзімізді жұмып,көктем құстарының әсем даусын тыңдайық. Осы кезде қарлығаш ұшып келеді.Онын тұмсығында хат бар екен. -Ойбалалар, қарлығаш бізге не әкеліп тастады? -Бұл ғажайып хат кімнен болады екен, ашып көрейік. (конверт ашылады) Хат бізге ертегідегі түлкіден келіпті. Хат ішінде бізге тапсырмалар бар екен. Тапсырма орындайық. **Жұмбақ жасыру:** 1.Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да, шу. 2.Барекен бір айуан көпке таныс, Мекені жүрер оның тау мен қамыс. Бұл өзі айласы көп, шапшаң епті, Жүректі бір айуанға қойса бетті. Қайтпайды, жара алмаса не өледі, Жүрмесе тынбайды ол, алмай кекті 3.Жылқы тұмсық, Ешкі құйрық. Есек құлақ. Қорқақ өзі,	Балалар сұрақтарға жауап береді. Балалар көздерін жұмып құстардың дауысын естіп, тыңдайды. Хат әкеледі. Тапсырма орындалады. -түлкі -Жолбарыс

	Қыли көзі Оларды неге жабайы аңдар деп атаймыз? Олар немен қоректенеді? Өздерің тұратын жерде қандай жабайы аңдар бар? ***«Түлкі мен жолбарыс»*** *ертегісін мәнерлеп оқып беру.* Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап: Бұл ертегіде түлкі қандай кейіпкер болып көрінеді? Жолбарыс ше? **Сергіту сәті:** *Түлкі деген қу ғой,* *Жүрген жері шу ғой* *Жатып алып жағада,* *Іздегені шу ғой*	-Қоян -Жабайы аңдар -Қасқыр, қоян Қимылмен көрсетеді
Рефлексивті-түзетушілік	**Қорытынды.** Балаларға ***«Көңілді аңдар»*** ойынын ойнату. Мадақтау.	Балаларға ойын ойнату.

Күтілетін нәтиже:

Не білді: Түлкі аңының өте қу екендігін, ол орманда мекендейтінін біледі.

Не меңгерді: Жаңадан ертегіні ықыласпен тыңдап,оны меңгереді.

Не істей алады: Суреттер бойынша сұрақтарға жауапбере алады, дамытушы орталықтармен жұмыс жасай алады.

Технологиялық карта №33

Күні:06.05

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Қоянның зары

Мақсаты:

Білімділік:Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізуге үйрету.

Дамытушылық:Баланаың сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік:Баланы еңбекке, татулыққа тәрбиелу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың

кезеңдері		іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Мен қандаймын, қандаймын, Шұғылалы таңдаймын. Күлімдеген күндеймін, Ренжісуді білмеймін. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	***1) Жұмбақ жасыру:*** 1.Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес ,бірақ малды орады. 2. Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. 3.Орғыған қорқақ, көзі қыли, Қыс пен жазда екі түрлі тон киеді. Балалар қоянның суретін қарап, ол туралы не білетіндерін ортаға салады. Оның сыртқы түрін сипаттайды. Қоян туралы қандай ертегі білетіндерін сұрау. Қоянның қандай кейіпкер екенін анықтау. 2**. Ертегі «Қоянның зары»** а) «Қоянның зары» ертегісін мәнерлеп оқып беру. ә) Сұрақ-жауап арқылы мазмұнын түсіндіру. **Сергіту сәті:** Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. -Балалар ертегі сендерге ұнады ма?	-Қасқыр -Аю -Қоян Ертегіні тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Қимылмен орындайды.

	-Ертегі не туралы? -Ертегідегі кейіпкер кімдер? Ертегіден қандай тәрбие алдық?	Балалар сұрақтарға жауап береді.
Рефлексивті-түзетушілік	**Дидактикалық ойын: «Қайсысы кімге тиесілі»** Суреттер беріледі, соларды сәйкестендіру.	Балалар ойынға белсене араласа отырып, суреттерді сәйкестендіреді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Қояннның жабайы аңдардың қатарынан екендігін.
Не меңгерді:Ертегінің мазмұнын терең түсініп, рөлге еніп ойнай алады.
Не істей алады: Ойынға белсене араласады.

Технологиялық карта №34

Күні:13.05.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік
Тақырыбы:: Арыстан мен адам
Мақсаты:
Білімділік:Балаларға жабайы аңдар туралы мағлұмат беру, аңдармен таныстыру, олардың мекені туралы әңгімелеу.
Дамытушылық:Балалардың ой-өрісін дамыту, әрбір баланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жеке-дара жұмыс жүргізу.
Тәрбиелік:Бүлдіршіндерді ұғымталдыққа,бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.
Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**Шаттық шебері:** Балалар мына өлеңді тыңдайықшы: Табиғатты қолдай біл, Аң құсыңды қорғай біл. Білуіміз керек біз оны Біз де табиғаттың ұлымыз. Табиғат бөлек демеңіз, Сол үшін жауап береміз.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	-Балалар, бұл өлең не туралы? Дұрыс, ал табиғат дегеніміз не? Ол бізді қоршаған орта, табиғатсыз тіршілік жоқ. Ол барлық тіршілік тіршілік иелерінің бірі жабайы	-Табиғат туралы

	аңдармен танысамыз.Сол жабайы аңдар туралы кезекті ертегіні баяндап беремін. ***Жұмбақ жасыру:*** *1.*Көлеңкесінен қорқып безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. 2.Аузы бейне шалғы орақ, Шөп емес бірақ малды орады. 3.Бір аң бар қайраты көп, болған күшті Басынан өткізеді әрбір істі. Балалар біздің бүгінгі ертегіміз осы аң патшасы арыстан туралы болмақ. Аң патшасы – арыстан туралы қандай ертегі немесе мультфильмдер білетіндерін сұрап, әңгімелету. а) «Арыстан мен адам» ертегісін оқып беру. ә) Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап. б) Ертегі мазмұнын сахналау. ***Сергіту сәті:*** Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Допты алып қолыма, Қойдым оның жолына. Оң қолына қарады, Сол қолына қарады. Тау екен деп ойлады,	-Қоян -Қасқыр -Арыстан Балалар тәрбиешінің берген мағлұматын мұқият тыңдайды. Ертегіні зер сала тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді Атрибуттар киіп, ертегі сахналайды. Балалар қимылмен орындайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: **«Аңдардың қорегін тап»** Суреттердегі аңдарды олардың қорегімен сәйкестендіру.	Ойынға белсене араласады.

Күтілетін нәтиже:

Не білді:Жабайы аңдардың және балаларының аттарын атап үйренеді
Не меңгерді:Оларға қамқорлықпен қарау керектігін түсінеді.
Не істей алады: Ертегіні мазмұндап, сахналай алады.

Технологиялық карта №35

Күні:21.05

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс

Мақсаты:

Білімділік:Өз ойларын еркін жеткізуге үйрету

Дамытушылық:Баланың сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: Көркем әдебиетке қызығушылығын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Жылулық шеңбері: ***«Достық»***ойыны Дос болып біз жүрейік, Ойнайықта күлейік. Достықдеген тамаша, Міне, тұрмыз жараса.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	Жарайсыңдар, балалар, жақсы айттыңдар. -Балалар мен сендерге бірнеше сұрақтар қойсам жауап бересіңдер ме? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап өтейікші -Қазір қай ай? Балалар, бүгін біздің ұйымдастрылған оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы: ***« Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс»*** -Балалар, мұндай ертегіні бұрын естіген жоқпыз, солай ма? -Ендеше бұл ертегі сендерді қызықтырып отыр деп ойлаймын.Сондықтан мен ертегіні айтып беремін.Ал сендер мұқият	 -Көктем -Зай -Иа,естімедік. -Иа

	тыңдаңдар. ***« Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс»*** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап: - Әкесі балаларына қандай өсиет айтады? - Бірінші және екінші ұлы не себептен бай есігіне барады? - Бай келген адамдарға қандай жұмыс тапсырады? - Кіші ұлын ел қалай атайды? - Бай не себептен «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыстан» қашпақшы болды? - Ертегі қалай аяқталады? **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдыңнан жел еседі. Кіп кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі. **Ертегіні сахналау.**	Балалар ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Қимылмен көрсетеді. Балалар атрибуттар киіп, ролдерге бөлініп ертегінің мазмұны бойынша сахналайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Дидактикалық ойын: **«Қарап ал да ,есіңе сақта»** -Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық? -Ертегі не туралы? -Ертегі сендерге несімен ұнады?	Балалар ойынға белсене араласады. Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Суретке қарап мазмұнын айта білуі.
Не меңгерді:Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
Не істей алады:Сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттері артады.

Технологиялық карта №36

Күні:28.05.2022

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Ертегі тыңдай білейік

Тақырыбы:: Ақ тиін мен қасқыр

Мақсаты:

Білімділік:Балалардың әлеуметтік ортада жағымды мінез-құлқын қалыптастырады.

Дамытушылық:Балалардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын кеңейту.

Тәрбиелік:Өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Көрнекілігі: суреттер, атрибуттар.

Әдісі: оқу, түсіндіру, ойын.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	Жүректің макетін бір-біріне ұсынып, жақсы тілек, жақсы сөз айту. -Айсулу, сен өте сұлусың. -Дамир ,сен мейрімдісің. -Жанерке, сен ақылдысың.	Балалар шеңбер бойына жиналып, бір-біріне жақсы тілектерін арнайды.
Ұйымдастыру-Ізденістер	***«Кімге не тиісті?»*** дидактикалық ойыны.  3 **«Ақ тиін мен қасқыр»** ертегісін оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. *Ертегі мазмұны бойынша сұрақ - жауап:* -Ақ тиін қандай жағдайға ұшырайды? -Қасқыр оған не дейді? -Оған қандай сауал қояды?	Ойынға белсене араласады. Балалар ертегі мазмұнын түсінеді, кері баяндап береді. Сұрақтарға жауап

	-Тиін не деп жауап береді? -Ақ тиіннің жауабына қандай баға бересіңдер? *4.Ертегіні мазмұны бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелету.* ***Сергіту сәті:*** *Қане, қане тұрайық,* *Үлкен шеңбер құрайық.* *Тұрсақ енді шеңберге,* *Алақанды ұрайық.* *Оң жақтағы балаға,* *Сол жақтағы балаға* *Шапалақта шапалақ,* *Бишілерше бұралып,* *Дөңгелене биленңдер.* *Домбыраны қолға алып,* *Күйшілерше шертейік,* *Әсем әуен сазымен,* *Біз өнерді жалғайық*	береді. Қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-түзетушілік	***Бәрі бірге:*** Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау-саламат болайық	Бәрі бірге айтады.

Күтілетін нәтиже:
Не білді:Ертегінің мазмұнын терең түсініп, сұрақтарға еркін жауап береді
Не меңгерді:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме берді.
Не істей алады: Ертегіні сахналайды, ойынға белсене араласады.

БЕКІТЕМІН»

№13 "Гүлдер" бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
_____М А Бибосынова

«Ақ көгершін» ортаңғы тобының 2021-2022 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті.

Тексерілді:

Әдіскер: Тунгатарова Ш

2021-2022 оқу жылы

Ортаңғы «Ақ-көгершін» тобынның 2021-2022 оқу жылына арналған вариативтік компоненті.

Шығармашылық: "Сиқырлы суретші"

№	Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары:	Сағат саны
1	**«Алтын күз»**	Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.	1
2	**«Түрлі түсті таспалар»**	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
3	**«Түлі түсті орамал»**	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
4	**« Бұлт күнді жапты»**	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету..	1
5	**« Кілемше»**	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету.	1
6	**«Кесені әшекелейміз»**	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
7	**«Сүлгіні әшекейлеу»**	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету.	1
8	**«Тікенекті кірпі»**	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру.	1
9	**«Тәрелкені әшекейлеу»**	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету.	1
10	**«Сүйікті ойыншықтар**	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту.	1

	(мұнара, көлік)		
11	**«Құстар»**	Құстар туралы түсініктерін кеңейту.	**1**
12	**«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»**	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету.	**1**
13	**«Қыстағы шуақты күн.»**	Қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушіледі.	1
14	**«Түзу жолда, мен жүремін тура»**	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттырды.	**1**
15	**«Мерекелік отшашу»**	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін біледі	**1**
16	**«Ұзын құлақ сұр қоян»**	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтырды.	**1**
17	**«Аққала»**	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейтті.	**1**
18	**«Қысқы шыршалар»**	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру.	1
19	**«Сиқырлы таяқшалар»**	Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру.	**1**
20	**«Қар кесегі»**	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.	**1**
21	**«Атама арналған тымақ»**	Балаларға киім туралы түсінік берді.	**1**
22	**«Әдемі көйлек»**	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету	**1**
23	**«Саты»**	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру.	**1**
24	**«Қуыршақтың мойынорағышы»**	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.	**1**
25	**«Анама арналған моншақтар »**	Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңлелек моншақтардың суретін салуды үйрету.	**1**
26	**«Кесені әшекелейміз»**	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастырады.	**1**
27	**Алжапқышты әшекейлейміз**	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою –	**1**

		өрнектермен әшекейлеуді үйрету	
28	**«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашық хаты.»**	Анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету,	**1**
29	**«Күн жарқырап, шөп өсті»**	Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекіту Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	**1**
30	**«Бақбақ»**	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	**1**
31	**« Балапандар көк шалғында»**	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру,	**1**
32	**«Машина»**	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру., ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.	**1**
33	**« Кілемше»**	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету.	**1**
34	**Атама арналған тымақ.**	Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстты.	**1**
35	**«Сылдырмақ»**	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту.	**1**
36	**«Ұзын құлақ сұр қоян»**	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре білуге үйрету.Балаларды аңдарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	**1**

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 02.09.2021ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Күз, күз, кел, кел, Қорықпаймын ешқашан. Суық, суық, жел, жел, Далада, далада, Өте әдемі. Алтын күз, алтын күз, Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай? Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз. Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар. Сергіту сәті: Балалар күн шықты! Балалар күнді бұлт жапты! Балалар жел соқты!

Қорытынды Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындығын. Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.
Күні:09.09.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түрлі түсті таспалар»

Мақсаты:Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояудыжағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, құқыптылыққа тәрбиелеу.

Балалар ортаға шығып шаттық

Шеңбер құрамыз. Қолдарымыздан ұстаймыз да жылы сөздер айтамыз. Біз ақылдымыз! Біз доспыз! Біз бақытты баламыз! Балалар менде әдемі сандық бар. Сандықтың ішінде не бар екен.

Балалар сандықтан шыққан мынау не екенін кім біледі?

Мынау не балалар?

Иә, дұрыс айтасыңдар балалар, таспалардың түстері әртүрлі екен. Кәне бірге айтайықшы: қызыл, сары, көк, жасыл таспалар бар екен.

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!

Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,
Алдымыздан жел есіп. Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.

Қортынды:

Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды.

Қылқаламның ұшын баса отырып бірдей бояуды дұрыс пайдалануды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 16.09.2021ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түлі түсті орамал»

Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Балалар менің иығымда жауылып тұрған не? Мен нені

Жамылып тұрмын?

Бұл орамал. Оны орамалды жамылып, оранып жүгендіктен орамал деп атаймыз. Орамал әдемі ме?
Орамалдың түсі қызыл шаршы пішінде. Ормалдың шашақтары бар.

Кәне, балалар шашақ, орамал деген сөздерді бірнеше рет қайталайық.

Балалар сендер осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңдерші. Өйткені орамалды біздің аналарымыз, әжелеріміз жақсы көреді. Олар оны сәнді және жылы болуы үшін бастарына салады. Өз аналарыңа не әжелеріңе арнап орамалды безендіреміз.
Кәне, балалар алдыларыңдағы орамылдың Суреті салынған, сол орамалдың ортасында дөңгелекті қызыл түспен, ал бұрыштарын сары түспен бояңдар. Артынан шашақтарын жасаңдар.

Сергіту сәті:

Доп –доп добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Бір, екі деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тарелкені сындырдың,

Тұрмын сені жазалап.

Қортынды: орамалдың не үшін қажет екенін. шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді. бояуды біркелкі тегіс жағуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 23.09.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Бұлт күнді жапты»

Мақсаты: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сүр бұлт, түсі суық, Қаптайды аспан. Күз келіп дымқыл тұман, Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сүр бұлт, ақ бұлт,күз. Мына суретке қараңдаршы. Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен. Кәне, балалар осы суретке қарап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз. Күздігүні аспан түсті болмайды. Сүр бұлтты , көк түсті болады. Алдымыздағы қылқаламды сүр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз. Сергіту сәті: «Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді. күн де бұлт та аспанда болатындығын. тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 30.09.2021ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:« Кілемше»

Мақсаты: Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге қонаққа әже келіпті.

Әже бізге өзінің кілемін ала келіпті. Оны неге әкелді? Қандай кілем?

Әжей: Дұрыс айтасыңдар балалалр кілем үлкен, кіші болады. Төрт бұрыш, әдемі өрнектері болады. Қәзіргі кілемшелер суреттерімен де болады. Әр пішінде өрнектермен ілемдер болады. Түстері әр – түрлі болады.

Балалар мына кілемшеде қандай түстерді көріп тқрсыңдар?

- Балалар әжейдің кілемшесі аз екен, әжейге кілемше жасап береміз бе? Ол үшін біз кілемшенің суретін салуымыз керек. Әжейде жолақшалары бар кілемше жоқ екен. Кәне, бәріміз қосылып төрт бұрыш саламыз, ал енді түзу жолақша сызық арақашықтарын бірдей, әдемі етіп саламыз.

Сергіту сәті:

Кілемшеге отырып,

Аралаймыз бәрін біз.

Оңға – солға шайқалып,

Күлімдейміз шаттанып.

Керемет . Жарайсыңдар балалар!

Қортынды

қонақты қалай құрметтеп қарсы алуды.

кілемдер әртүрлі екенін, соның ішінде жолақша кілем болатынын.

арақашықтарын бірдей сақтап, түзу сызықтарды сыза білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары

Күні:07.10.2021**ж.**

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз**»**

Мақсаты:Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрып, «жүрек жылуы» ұшырады.

Балалар мына қоржынды шопан атай жайлаудан беріп жіберіпті.

Кәне, балалар қоржынды бірге ашайықшы.

Балалар ішіндегі хат бар екен. Сендерге оқып берейін.

«Балалар қалдарың қалай? !

Жайлауда қозы – лақтар секіріп ойнақтап жүр. Барлығы жақсы. Бірақ бір мәселе болып тұр. Мереке болса жақындап қалды, соған көп қонақтар келеді, ал менің наурыз көже құйып беретін кеселерім аз. Сендер тура осындай кесені маған жасап бересіңдер ме?»
Балалар мына суретке қараңдарщы. Бұл кеселердің сыртындағы үлгілері әр – түрлі. Балалар көбінесе кеселердің сыртында гүлдердің суреті болады, және ою – өрнектердің суреттері әшекейленген. Кеселер әр – түрлі болады: үлкен және кіші мына тақтада «қой ізі» мен «тұмарша» оюының суреті ілініп тұр.«Тұмарша» деген ою үш бұрышты тұмарға ұқсағандықтан «тұмарша» деп атайды.Ал, «қой ізі» деген ою, қойдың ізіне ұқсағандықтан «қой ізі» деп атайды.Кесе сыртын «қой ізі» оюымен қөрнектейміз.

Қоңыр түсті гуашьпен көрсетілген сұлбаны бастырамыз, бұл ізге ұқсастықтан арақашықтарын сақтаңдар.

Саусақ жаттығуы.

Саусақ жаттығуларын жасайды.

Екі қолмен қайшылайды.

Медуза қимылын жасайды.

Жұм – аш жасайды.

Қортынды: Керемет жарайсыңдар! шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жалауда тұратынын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжоспары
Күні: 14.10.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу»

Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру. Балалар бүгін бізге қонаққа Алма келіпті. Алма жақында әжесінің туған күні болатынын айтады. Алма әжесіне сүлгі сыйлағысы келеді екен. Ол сендерден көмек сұрап келіпті.

Алмаға көмек береміз бе?

Алмаға сүлгіні әшекейлеуге көмектесеміз.

Балалар сүлгі бізге не үшін керек?

Сүгіні төртбұрыш, үшбұрыш өрнектермен өрнектеуге болады.

Ал енді ортасына үшбұрышты өрнегін саламыз. Артынан шеттеріне шашақтарын жасаймыз.
Сергіту сәті:

Ақ матадай түгі бар,

Қызыл – жасыл гүлі бар.

Жұмсақтығы мамықтай,

Сүртінесің жалықпай.

Тазалықтың досы-

Сүлгі деген осы.

Қортынды:

Сүлгігің әртүрлерін, тазалық үшін маңызын

Маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін.

Қылқаламды, мөртаңбаны пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні:21.10.2021**ж**
Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»
Тақырыбы: «Тікенекті кірпі»
Мақсаты: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Балалар бүгін бізге тиын қонаққа келіпті. Ол өзінің досы туралы жұмбақ жасырғысы келетінін айтады:
Бір мақұлық бар екен төрт аяқты,

Таңыпты арқасына мың тікенді.

Ашуланса аяқ-қолын көрсетпей ді,

Көресің көзің салсаң ғажайыпты.

Балалар мына суретке қараңдаршы кірпінің тікенектері көп болады. Ол бірдеңеден қорықса домаланып жиырылып қалады.Кірпі орманда көп жүреді. Ол алманы, саңырауқұлақты және басқалармен қоректенеді.

Сөздік жұмыс: тікенекті кірпі. Балалар тиын сендерге өзінің кірпі досының суретін салып беруді сұрайды. Тиынға салып береміз бе? Балалар алдыларыңда үзік сызықпен көрсетілген кірпінің суреті берілген, сол суретті бастырып шығасыңдар. Ал, енді ішін бояңдар. Балалар кірпінің несі жетіспей тұр. Дұрыс айтасыңдар тікенектері жетіспей тұр.Олай, болса тікенектерін салыңдар.Тікенектерді тік сызықтармен арақашықтарына қарап сызасыңдар. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары – төмен қарайық, Орнымызды табайық.

Қортынды:

Тікенекті кірпі туралы түсінікті.
Достардың әрқашан бір – біріне көмектесуі қажет екендігін.

Үзік сызықтарды қосып, қысқа, түзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні: 28.10.2021ж
Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»
Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлеу»
Мақсаты: Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жқмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Балалар бізге бүгін қылқалам қонаққа келіпті. Қылқалам: Балалар сендер қандай ою түрлерін білесіңдер?Балалар мен өзіммен бірге дайын табақтар ала келдім, ол табақтардың шетінде, ортасында ою – өрнектермен өрнектелген.Балалар табақты не үшін пайдаланады?Балалар табаққа көңіл бөліп қараңдаршы. Балалар мына суретке қараңдаршы мына суретте дөңгелек, үшбұрыш пішіндермен өрнектелген.Балалар табақ шетінде сызықпен жүргізілген.
Балалар алдыларыңда табақтың суреті берілген, сол табақтың сыртында, ортасында сызықпен өрнек көрсетілген. Табақты өрнекпен әшекейлеңдер.Балалар өрнектерді бастырып шығыңдар, артынан жасыл, көгілдір түсті гуашьпен, табақтың шетіне солдан оңға қарай мөртаңба арқылы орындалатын үшбұрышты өрнекті салыңдар.

Балалар өрнекті мақта оралған таяқшамен салуға болады. Балалар бұл өрнекті «тұмарша» деп атайды. Балалар табақтың ортасына үлкен дөңгелекті, артынан кіші дөңгелекті салыңдар. Ал, енді табақтың шетіне «тұмарша» өрнегін салып шығыңдар.

Сергіту сәті:

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды,

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

Қортынды:

Ою – өрнек элементтерінің атауын.

Тәрелкенің не үшін қажеттігін.

Мөртаңба, қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні:04.11.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)

Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Аю, қасқыр жолбарыс,

Арыстанмен піл барыс.

Ойыншықтар тұрыңдар,

Ойын – сауық құрыңдар.

Кәне, балалар ойыншық бұрышынан өздеріңе ұнайтын ойыншықтарды алып, сипаттап беріңдерші.

Сөздік жұмысы: жаңа ойыншықтардың атауылары. Балалар мына суретке қараңдаршы. Осы суреттегі ойыншық атауларын атаңдар.

Ал, балалар енді осы ойыншықтардың түріне, түсіне, пішініне талдау жасайықшы.

Балалар алдыларында мұнара мен көліктің суреті берілген. Ол сурет үзік сызықтармен берілген.

Балалар енді осы екі суретің біреуін таңдап, қарындашпен бояңдар, артынан сыртына шығармай бояумен бояңдар. Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз тынығып алайық.

Қортынды:

Ойыншықтар не үшін қажет екендігін.

Ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді.

Сүйікті ойыншықтарының суретін салуды, түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні:11.11.2021**ж**
Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»**.**
Тақырыбы: «Құстар»
Мақсаты:Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейненлеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
Торғай, торғай торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Жем берейін тойып ал,

Сонда аязға тоңбайсың.

Балалар бері жақын келіп терезенің алдына келіңдерші. Даладағы құсатардың сайраған дауысына көңіл бөліп тыңдайық.

Балалар бұл көктем мезгілінің келгенін білдіреді. Көктемде күн жылынып, құстар жылы жақтан ұшып келеді.Құстардың сайраған дауыстары жақсы естіледі.Балалар құстар қанаттарын қағып ұшады.Құстар қалай сайрайтынын бәріміз қосылып дыбыстайықшы.

Балалар құстарға қамқор болу керек. Оларға жем беру керек. Ұя жасап ағашқа іліп қою керек.Балалар мына суретке

қараңдаршы. Бұл құстардың суреттері. Қандай құстарды көріп отырсыңдар атайықшы: торғай, қарлығаш, көкек, шымшық, қарға, тоқылдақ.

Ал балалар осы суретке қарап құстардың бейнесін салыңдар.

Кәне, балалар суретке қарап құстың денелері қандай пішінде болатынын айтайықшы.

Денесі сопақша, басы дмалақ, тұмсығы, қанаттары үшбұрыш, аяқтары жіңішке таяқша сияқты болады екен.Ал, енді балалар торғайдың бейнесін ауа да салып көрейікші.Балалар алдыларыңда торғайдың суреті берілген, сол суретті біркелкі, сыртына шағармай бояңдар.

Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық, Ұшып – ұшып алайық. Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық.

Қортынды:

Құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін. Құстардың көктемдегі тіршілігі жайындағы түсініктерді. Құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 18.11.2021ж

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Жапалақтап алғашқы қар жауды тұр»
Мақсаты:Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Балалар терезенің алдына келіңдерші. Далада не жауып тұр?

Дұрыс айтасыңдар қар жауып тұр. Даланың бәрі аппақ болып, әдемі болып тұр.
Балалар қәзір қай мезгіл?

Қыс мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Қардың түсі қандай?

Дұрыс айтасыңдар айнала аппақ, қар жауып тұр.Ауа – райы суық, аяз.

Балалар мына суретке қараңдаршы. Бұл орманның суреті . Орманда айнала аппақ, тып – тыныш

Балалар ал енді көз алдыларыңа қарды елестетіп, тыныс алу жаттығуын жасаңдар.Балалар енді бәрің бірге сурет дәптерге жауып тұрған қардың суретін саласыңдар. Қарды сүйкеп жағу арқылы жағасыңдар.Бұлттардан жауып келе жатқан қарды қылқаламмен, жердегі жатқан қарды тіс пастасымен саласыңдар. Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

Қортынды:

Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын.

Таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 25.11.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: Қыстағы шуақты күн.

Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Қысым-ақ, қысым-ақ,

Жібердің қысып-ақ.

Қалмаспыз біз деген,

Боранға ұшырап.

Аппақ қар жауа бер,

Риза гой саган ел!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінің қандай ерекше белгілері бар?

- Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?

-Қыс мезгілі.

-Суық, аяз, қар жауады, боран болады. Судың бетіне мұз қатады т.б.

Сергіту сәті:

Қолды белге қояйық, Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық.

-Бүгін қыстың бір жайдарлы, жылы, шуақты күнін салып көрейік. Алдарыңдағы үлгі ретіндегі үлкен суретке назар аударыңдар. Жылы, аспан ашық, қыстағы шуақты күн.

—Енді өзіміз осы қыстағы шуақты күннің суретін салып үйренейік. Суретті салу жолдары, орындалу реті түсіндіріледі.

Қортынды:

қыс мезгілінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін біледі.Қыс бейнесінде күнді салу арқылы көңілді, шуақты қыс бейнесін көрсете білу іскерлігін.

Әр жыл мезгілінің ерекшелігін ескеруді, қоршаған орта, табиғатқа деген қамқорлың жасаудың қажеттігін меңгереді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмысжос пары

Күні:02.12.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Түзу жолда, мен жүремін тура»

Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Мойныны моншақ іліп - ап,

Мысық жатыр пырылдап.

Шырылдайды шегіртке,Мысықтың мазасын алып. -Балалар бізге бүгін қонаққа мысық әдемі болып келіпті. Көңіл бөліп қараңдаршы. Қолында бояуы бар екен.

Мысық: Мен сендерге арнап үнтаспаға қоятын әуен ала келдім. Оған қоса әдемі бояу ала келдім. Бүгін бояумен сурет салуды үйренейік.

Кәне, балалар бояулардың

Атауын атайық:сары, ақ, қызыл, көк, дасыл, күлгін, қара.Кәне, балалар үнтаспадағы әуенді тыңдаймыз.Ой! балалар жақсы әуен екен.Кәне, балалар осы әуенді тыңдап, неше түрлі жүрістермен жүрейік.Жарайсыңдар балалар! Ал, енді мысықтың жүргісі келіп тұр.Алдымен боялған сулы қағаздың үстімен жүреді де, содан соң таза қағазды басып жүріп, ізін көрсетеді. Көрдіңдер ме мысықтар, адамдар жүрген кезде артынан із қалады.Әсіресе қыста қарды басқанда артынан із қалады. Балалар кәне бәріміз бірге «бояу, із» деген сөздерді айтайықшы:

Ал, балалар қоңыр бояудың көмегімен іздің суретін салыңдар.

Ақ қағаз бетіне қылқаламды бояуға батырып алып, ізді саламыз.

Жарайсыңдар балалар!Ал енді қолдарыңды сүртіңдер. Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымыздан жел есіп.

Кіп – кішкентай ағаштар, Үлкен болып өседі.
Қортынды:Боядың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні:09.12.2021
Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»
Тақырыбы: « Мерекелік отшашу**»**
Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтардыүйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Балалар мына бейне таспаға қараңдаршы. Бұл бейне таспада қандай мерекені көрдіңдер.

Мереке сендерге ұнайды ма?

Мереке де адамдар көңілді жүр.

Мереке де тағы не көрдіңдер?

Мереке де отшашу жаққанда айнала жап – жарық болып, әдемі түстерге боялады.Отшашу мерекенің нағыз сыйы. Адамдар көтеріңкі көңіл күймен жүреді. Балалар Сендерге отшашау ұнаса суретін салайық. Суретті бастамас бұрын сергіту сәтін жасайық.

Кәне, кәне, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ енді шеңберге,

Алақанды ұрайық.

Оң жақтағы балаға,

Сол жақтағы балаға.

Шапалақта, шапалақ

Шапалақта, шапалақ.

Алдарыңдағы сурет дәптерде өзіміз тұратын қаланың суреті берілген, жақында еліміздің туған күні болып өтті. Сонда өте әдемі, жарқыраған оттары көп отшашулар атылды, Бояудың өздеріңе ұнаған түстерін пайдаланып, қылқаламмен сызық арқылы сол отшашу бейнесін салып көрейік.Балалар отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалануға болады.

Қортынды:

Мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын.

Отшашуды тек аспанғаату керектігін.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары.

Күні: 16.12.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян**»**

Мақсаты:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу

Балалар бір – бірімен қолдарын ұстасып амандасады да, жақсы көңіл күй сыйлайды.

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.

Ұзын құлақ, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?

Балалар мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте нені көріп тұрсыңдар?

Балалар қоян қайда тіршілік етеді?

Балалар қоянның құлағы неге ұзын?

Қоян қалай жүреді?

Дұрыс айтасыңдар балалар қоян өте сезімтал, жылдам секіріп жүреді, Қояндар қорқақ болады. Балалар қоянның түсі қандай?

Олай болса ұзын құлақ сұрқоянның суретін салайық

Қояннның дене мүшелерін: басын дөңгелек, денесін үлкен сопақша, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектер болады.

Балалар осы көсетілген үлгілер бойынша қояннның суретін саламыз.

Балалар сурет әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болады.

Сергіту сәті. Қояным, қояным, Орныңнан тұршы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Бетіңді жуушы, Қолыңды жуушы, Орныңда секірші!

Қортынды:

Қояннның дене мүшелерінің атауларын. Қояннның дене мүшелерін, жейтін азық түрлерін. Суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 23.21.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Аққала»

Мақсаты:Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?Қыс мезгілінде ауа- райы қандай болады?Балалар қыста қар жауады. Балалар қармен ойнайды. Сырғанақ ойнайды.

Аққала туралы жұмбақ:

Мені ешкім өсірген жоқ,

Мені қардан жасаған.

Мұрным – сәбіз, ернім – ағаш,

Аппақ қармын, мәссаған!

Үп – үлкенмін, сұп – суықпын,

Ал, атымды айтады кім?

Балалар бөлмеде Аққала бар, соны тауып беріңдерші. Балалар алдыларында үзік сызықпен көрсетілген Аққаланың

Суреті берілген, сол суретті бастырып, бояймыз. Балалар сызықтың сыртына шығармай бояңдар.

Сергіту сәтіі:

Ауыл алды аққала,

Ақша қарда балалар .

Соғып жатыр Аққала,

Жалқауы жоқ жұмысқа.

Керемет, Жарайсыңдар балалар!

Қортынды:

Қыста болатын өзгерістер жайлы .

Акққаланы үлкен – кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 30.12.2021

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы: «Қысқы шыршалар»

Мақсаты: Балалрдың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Аппақ, аппақ жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қараңдаршы.Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған.Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да

аппақ қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады
Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайдыма?

Ормандағы шыршаны аппақ қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз. Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояңдар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.
Қортынды:

Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 14.01.2022

Вариативтік компонент:«Сиқырлы суретші»

Тақырыбы:«Сиқырлы таяқшалар»

Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таяқшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.

Кел, балалар күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі көңіл ашады,

Күліп – күліп жүрейік. -Балалар бізге бүгін Айсана қонаққа келіпті.
- Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Балалар мен жолда келе жатып, сиқырлы қорапша тауып алдым, ол қорап біздерді сурет салуға үйретеді. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?

Қорап ішінде неше түрлі таяқшалар бар. Бар сиқыр осы қарындаштың қшында екен. Бұл сиқырлы таяқшалар.Балалар қарындашты алып қатты баспай әдемілеп сызықтар сызамыз. Қызыл, сары, жасыл, көк түстерімен сызамыз.Ол үшін бізге қатты қағаз керек. Қарындашты оң қоға, үш саусақпен ұстап, қатты баспай сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызамыз. Балалар Айсананың досы күлдіргіштің қолындағы шарларының жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетуі мүмкін. Өздерің қалаған түспен шарды бояимыз да, жіп тағып сызып қоямыз. Сергіту сәті: Оң саусағым шаршады, Сол саусағым шаршады. Саусақтарым бірігіп, Билеп, билеп алады. Жарайсыңдар балалар!
Қортынды: Қарындашпен дұрыс сурет салуды, қарындашты үш саусақпен ұстауды. Әртүрлі суреттер салуға болатындығын. Сызықтар, дөңгелектер салуды.

